Егер үшінші тұлға субъекті болып табылса, гоноративті және бейтарап формалар арасын да таңдау болғанда, сөйлеушінің аталған субъектіге қарым- қатынасы ғана емес, сонымен қатар, соңғы мен сұхбаттасушы арасындағы қарым- қатынастар да ықпал етеді. Гоноративті формалар «тең өзіміз» ретінде қарастырылатын тұлғалар туралы сөйлеуде пайдаланылмайды (осылайша, аталған фор маларды өзі туралы («тең өзіміз») сөйлеуде қолдану мүмкін емес). Гоноратив катего риясы «жоғары өзіміз» ретінде қарастырылатын тұлғалар туралы сөйлеуде де, тіпті сұхбаттасушы іс-әрекет субъектісі болып табылғанда да үнемі көріне бермейді. «Бөтен» субъектінің іс-әрекеттерін сипаттау кезінде гоноративті формалар «жоғары» және «тең» белгілерге, бейтарап – «төмен» белгіге сәйкес келеді.

Жоғарыда атап өтілгендей, жапон тілінде сыпайы сөз формаларын пайдалана отырып әңгімелесу үшін, басты қиындық аталған жағдаят үшін сыпайылық деңгейін таңдау болы п табылады. Сөйлеуші жапон қоғамындағы этикеттік қарым-

қатынастардың ерекшеліктері туралы білуі тиіс. Көптеген зерттеушілер [1],[2] сыпайылық формаларын таңдау кезінде міндетті түрде ескерілетін факторлардың түпкілікті жинағын көрсетуге тырысады. Алайда, жалпы ережелермен қатар, жеке субъективті фактор үлкен рөл атқарады және сыпайы сөз формаларын өзекті таңдау мәселелері бойынша, әдетте, ақпарат берушілер арасында бірыңғай пікір жоқ. Жұмыс беруші мен қызметші, сатушы мен сатып алушы, мұғалім мен студент, бастық пен қызметкер және т.б арасындағы қарымқатынастарда, әдетте, кімнің дәрежесі жоғары, сол өзі сөйлеген кезде бейтарап не сыпайы форманы пайдаланады; сұхбаттасушы тек қана сыпайы орамдарды пайдалануы тиіс. Сатушы мен сатып алушы арасындағы әңгімелесу жапондықтармен ішкі түйсігінде әлеуметтік драмалық іс-әрекет ретінде түсініледі, онда біріншісі мырзаның, екіншісі қызметшінің рөлін атқарады, бұл сатып алушы сатушы тарапынан сыпайылыққа толы қарата айтылған сөзге мүлде назар аудармаған жағдаятта вербалды мәнге ие болады.

Қорытынды

Жапон тілінің сыпайылық жүесі мен оның сан алуан формалары басқа тілдермен қатынасқа түсенде не болмаса басқа тілдерге аударылу барсында көптеген қиындықтар туғызуда. Олардың сыпайылық жүйесі басқа тілдерден өте ерекшелінеді оның себебі жапондықтардың ата кезден келе жатқан ғасырлық мәдениетінде жатыр. Алайда бұл Жапон елінде өте маңызды рөл атқарғандықтан аудармашылар бұл тілдің сыпайылық жүйесін түрлі тәсілер қолдану арқылы барынша айқындап, нақты жеткізу процессінде. Бұл өз қатарынан мемлекеттік, халықаралық қатынастарда Жапон ұлты мен басқа ұлттардың бір-бірімен тығыз әрі достық қарым-қатынаста болуына мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Brown Levinson. Politeness: Some universals in language usage. Cambridge: Cambridge University Press, 1987. 345 p.
2. Ide S. Vakimaeno goyo: ron. Курошио, 2006. 248 p. (In Japanese).
3. Kikuti Ya. Keigo [Honorofics]. Kakugawa syoten, 2006. 484 p. (In Japanese).
4. Koizumi T. Nyumon goyo:ron kenkyu: riron too:yo. Kenkyusya, 2006. 250 p. (In Japanese).
5. Pisskoni B. Taygu hyogen kara mita syokyu kyu:kyo:kasyogo syuruino bunseki to hihan. Курошио, 2009. 204 p
6. Алпатов, 1973 — Алпатов В. М. Категории вежливости в современном японском языке. М., 1973.
7. Алпатов, 1980 — Алпатов В. М. Система личных местоимений 1-го и 2-го лица в современном японском языке // Теория и типология местоимений. М., 1980.
8. Алпатов, 1983 — Алпатов В. М. Предисловие // Языкознание в Японии. М., 1983.
9. Алпатов, 1987 — Алпатов В. М. О деятельности Объединенного института культуры радио- и телепередач при компании NHK // Вестник МГУ. Серия журналистики. 1987, № 1.
10. Алпатов, Басс, Фомин, 1981 — Алпатов В. М., Басс И. К, Фомин А. И. Японское языкознание VIII—XIX вв. // История лингвистических учений. Средневековый Восток. Л., 1981.

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

МРНТИ: 14.35.09

Зайсанбаев Т.К.¹, Макишева М.К.², Карипбаева Г.А.³, Канленова Б.Н.⁴

*¹С.Д.Асфендияров атындағы Ұлттық Медициналық Университеті Акционерлік қоғамы,
Тілдік пәндер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алматы,
Қазақстан.*

*²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Дипломатиялық аударма кафедрасының доценті,
Алматы, Қазақстан.*

*³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Дипломатиялық аударма кафедрасының аға
оқытушысы, Алматы, Қазақстан.*

*⁴Ғ. Дәукеев атындағы Алматы Энергетика және Байланыс
Университеті,
Тіл білімдері кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.*

ЖАЗУДАҒЫ ҮНЕМДІЛІК ТІЛ ТАБИҒАТЫН БҰЗБАУЫ КЕРЕК

Аңдатпа

Мақалада қазақ орфографиясындағы кейбір кемшіліктердің пайда болу себептері және олардың қазақ сөзінің айтылу (орфоэпиялық) нормасына тигізіп жатқан кері әсерлері туралы сөз болады. Бұл мәселенің шығу себебін анықтау барысында авторлар өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы жазу ережелерін қалыптастыру кезеңдеріне шолу жасайды. Жазуды үнемдеу мақсатында қысаң дауыстыларды түсіріп жазудың қазақ тілінің айтылу нормасына қаншалықты зиян келтіргені мақалада жан-жақты ашып көрсетілген. Бұрынғы орфографиялық нормамызда кеткен қателіктерді латын әліпбиіне көшу барысында жөндеу қажет екендігі сөз болады.

Кілт сөздер: кемшіліктер, орфоэпиялық, ережелер, қалыптастыру, зиян, қателікте, латын әліпбиіне, жөндеу.

Зайсанбаев Т.К.¹, Макишева М.К.², Карипбаева Г.А.³, Канленова Б.Н.⁴

*¹ Национальный Медицинский университет им. Асфендиярова, доцент кафедры языков,
кандидат филологических наук, Алматы, Казахстан.*

*² Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби,
Факультет международных отношений, доцент кафедры дипломатического перевода,
Алматы, Казахстан.*

*³Казахский Национальный университет им.Аль-Фараби,
Факультет международных отношений, старший преподаватель кафедры
дипломатического перевода, Алматы, Казахстан.*

*⁴ Алматинский университет энергетики и связи им. Даукеева,
Старший преподаватель кафедры лингвистики, кандидат экономических наук*

ЭКОНОМИЧНОСТЬ В НАПИСАНИИ НЕ ДОЛЖНА НАРУШАТЬ ПРИРОДУ ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые причины ошибок в орфографии казахского языка и их отрицательное влияние на орфоэпическую норму языка.

В ходе выявления этих причин авторы статьи сделали всесторонний обзор периода становления орфографии казахского языка в 20-30 гг. прошлого столетия. В результате исследования авторы пришли к выводу, что опущение на письме гласных верхнего подъёма, с целью сжатия письма привело к нарушению орфоэпических норм. Также было подчёркнуто то, что при переходе на латиницу надо учитывать и исправлять ошибки, допущенные в старой орфографической норме.

Ключевые слова: недостатки, орфоэпический, правила, привести в порядок, вред, ошибочный, латинский алфавит, исправлять.

Zaysanbaev T.K.¹, Makisheva M.K.², Karipbaeva G.A.³, Kanlenova B.N.⁴

¹ National Medical University. Asfendiyarova, Associate Professor, Department of Languages, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan.

*² Kazakh National University. Al Farabi
Faculty of International Relations, Associate Professor, Department of Diplomatic Translation,
Almaty, Kazakhstan.*

*³ Kazakh National University named after Al-Farabi,
Faculty of International Relations, Senior Lecturer, Department of Diplomatic Translation, Almaty, Kazakhstan.*

*⁴ Almaty University of Energy and Communications named after Daukeeva,
Senior Lecturer, Department of Linguistics, Ph.D.*

ECONOMY IN THE WRITING SHOULD NOT DAMAGE THE NATURE OF THE LANGUAGE

Abstract

The article considers various causes of mistakes in orthography of the Kazakh language and their negative impact on orthoepic norms of the Kazakh language.

In the process of identification the causes the authors have made a comprehensive overview of the period the Kazakh language orthography formation in 20-30-s of the previous century. After having made researches the authors have come to conclusion that omission of the upper vowels in writing has led to breaking orthoepic norms. As well it has been stressed that while transferring to the Latin Alphabet it's necessary to take into account and correct mistakes made in the old orthographic norm.

Key words: limitations, orthographic rules, put in order, harm. Mistaken, the Latin Alphabet, correct.

Қазақ емлесін қалыптастыру – шешімі қиын күрделі мәселе болып тұр. Бұрын мұны Кеңес Өкіметінің өктем саясатынан көруші едік. Ал қазір егеменді ел болсақ та, тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса да емле мәселесі шешіле қоятын түрі жоқ. Мұның себебі Кеңес Өіметі кезінде қазақ тілінің зерттелуі дұрыс бағытта болмауынан деп білеміз.

Қазақ тілін зерттеуде орыс тілінің зерттелу үлгісін басшылыққа алдық, Соның әсерінен тілімізде болып жататын дыбыстық өзгерістерді екпінмен байланыстырып түсіндіру дәстүрге айналды. Онымен қоймай орыс тіліне ғана тән дыбыстарды әліпбиімізге енгізіп, бұл дыбыстар тіліміздің икемділігін арттырды, тіліміз жаңа дыбыстармен толықты деп даулықтық. Үндестік заңына негізделген тілде екпін болмайтыны [1], бір тілден екінші тілге еш уақытта дыбыс енбейтіні [2, 8] дәлелденсе де сол баяғы сүрлеуден шыға алатын түріміз жоқ. Тілдегі дыбыстар туралы дұрыс түсінік болмаса, жақсы емле қалай жасалады.

Түркі тілдері – (соның ішінде қазақ тілі де) үндестік заңына негізделген тіл. Соны біле тұра *қазір, кітап, қауіп, мұғалім* сияқты сөздерді біркелкі жіңішке (*кәзір, кітап*) немесе біркелкі жуан қылып жазуға (*қауып, мұғалым*) бола тұра үндестік заңына қайшы келетін нұсқасын әдеби тіл нормасы етіп қабылдадық. *Тәкаппар, ләззат, рәсуа, Жәмила, Сәбира, Кәмила* сияқты сөздердің жазылуына бір ереже, *сірә, куә, күнә, іңкәр, зәмзәм, Күләндә, Күләш, Күләй, Мүтән* [3, 23] сияқты сөздерге бір ереже шығарудың қаншалықты қажеті болды. Осы сөздердің барлығының екінші, үшінші буындарына ә әрпін жазуға болады деп есептейміз. Мұндай сөздер жіңішке дауыстығы аяқталып тұрса да қосымшаларды жуан жалғай беруге болады ғой (*тәкаппар+лық, ләззат+қа, рәсуә+ның, Жәмилә+да, Сәбирә+ға, Кәмилә+ның, куә+ға, күнә+ға, іңкәр+лық, зәмзәм+ның, Күләндә+да т.б.*). Қазіргі жастардың *Мади, Мадина, Куляш* деп сөйлеуі – осы, «екінші буында ә әрпі жазылмайды» деген ереженің «жемісі». Мұны тілбұзар ереже десек те болады.

Екінші үлкен мәселе әліпбиімізде тілімізге тән емес дыбыстарды бейнелейтін әріптердің болуы. Тілге тән емес дыбыстар бар жерде, тілдің заңдылығына сай келмейтін дыбыстар тіркесімі пайда болады. **В, Ф, Ц, Ч** сияқты орыс тілінен күштеп ендірілген дыбыстарды қоспағанда араб, парсы тілдері арқылы енді деп жүрген **Х, Һ** дыбыстары да емле ережелерін жасауда қиындықтар келтіруде. Айналасы он шақты сөзде ғана жазылатын **Һ** әрпі латыннегізді әліпби жобасында **Х** әрпімен қосарланып жүр. Қазақ тілінде көмейден дыбыс жасалмайды, сондықтан тілімізде мүлде жоқ бұл дыбысты (**һ**) қоя тұрып, **х** дыбысына тоқталайық. 1924-жылы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» біраз айтыс-тартыстан кейін **Х, Һ** дыбыстары әліпбиден шығарылып тасталған. Бірақ бұған келіспейтіндерің бірі – Ж.Аймауытов 1928-жылы «Емлені оңайлату жобасы» деген мақаласында: «Әліппемізден шығарылған «һ», «х» дыбыстары қайта қосылуы керек: бұлар жоқ дегенмен, бар дыбыстар, қазақ ішіне қожа-молда араб-парсы тілдері тарағаннан бері бұл дыбыстар ел құлағына сіңген. Бұл дыбыстар өзге жаурыпа жұртында бар» [4, 147],– дей отырып, түптің түбінде орыс тіліндегі **в** дыбысын да сіңіріп алатын шығарымыз, бұл «тілдің, құлақтың ұстара бастауы» [4, 147],– деген пікір айтады. Профессор Ә.Құрышжанов **х** дыбысы сөйлеу тілімен жымдаспай жат естілгендіктен, 1917-жылға дейін құрамында осы дыбысы бар араб-парсы тілінен кірген сөздерді әркім өз қалауынша жазып жүрді дей келіп: «Ендігі жерде бұл дыбыс жаңа сапалы тың мағынаға ие болған дербес дыбыс есептеледі. Күнделікті іс жүзінде қайта-қата айтыла жүріп, **х** фонемасы қысқа мерзім ішінде-ақ қазақ халқының үйреншікті қолтума дыбысына айнала бастады» [5, 98],– деп, бұл дыбысты тілдің дамуы барысында пайда болған жаңа фонемаға жатқызады. Профессор Ә.Жүнісбек керісінше: «**Х** дауыссызы қазақтың төл дыбысы емес, яғни қазақ тілінде (қазақтың төл сөздерінің құрамында) сингема мәртебесінде кездеспейді» [7, 79],– дейді. Ал оны кез келген қазақ тілді адам дыбыстай алу себебін былай түсіндіреді: «**Х** дыбысын айту қазақ тілді адамға қиын емес, себебі қазақ тілінің құрылымында ол дыбысқа бос орын бар, сондықтан *қат* десек те *хат* десек те сөз мағынасына нұқсан келмейді, бірақ соңғысының қазақ тілінің нормасына жат екені байқалып тұрады [6, 79].»

Кез келген қазақ дыбыстай алатын **х** дыбысының бір қарағанда пәлендей зияны жоқ сияқты. Дегенмен, осы **х** дыбысымен айтылатын сөздің жазылуына келсек, мәселенің

әлдеқайда күрделі екенін байқамыз. Мысалы, парсының *әһвал* [7, 221] сөзі қазақ тіліне әуелден *қал* болып енген. Бірақ ғалымдарымыз жабылып жүріп, әліпбиімізге *х* дыбысын енгізген соң, бұл сөзді *хал* деп жазатын болдық. Енді бұл сөзге тәуелдік жалғауын жалғауда қиындық туды. Бұл қиындықтан шығудың «жолын» профессор Н.Уәлиев былай көрсетеді: «Мысалы, *хал, халге [халге], хали [хали]* *х* [қ] фонемасымен іргелес айтылғанда <ә> тіл арты реңкіне [а]-ға көшеді. Алайда мұндай сөзге қосылатын қосымшалар сол сөздегі дауыстының [ә] фонемасы екендігін «хабарлап» тұрады» [8, 25-26]. Көріп отырғанымыздай әуелі тілімізде жоқ дыбысты кіргізіп алатын «теория» ойлап табамыз, сол дыбыстан туатын қиындықты шешу үшін тағы бір «теория» шығарамыз. Ал бұл сөз *қал* болып жазылса, *қалым, қалың, қалыңыз, қалы* болып жазылып, айтылатын еді де бұл «дауыстының [ә] фонемасы екендігін «хабарлап» тұрады» деп «ертегі» ойлап табудың қажеті болмас еді.

Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің жазылуы туралы ережелер сын көтермейтіні белгілі. Оларды қойып қазақтың өзінің төл сөздерін де дұрыс жаза алмай жүрміз. Бұл, әсіресе, *и, у* әріптері арқылы жазылатын сөздерде дау туғызып келеді. Бұл дау өткен ғасырдың 20-жылдары басталған. Мұның ең басты себебі бұл екі дауыссыздың табиғатын дұрыс түсінбеуден болған деуге болады. Бұған профессор О.Жұбайдың А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров және Қ.Кемеңгерұлының қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы көзқарастарын көрсеткен мына кесте арқыл көз жеткізуге болады:

А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1915	А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1925	Е.Омаров Қазақ тілінің дыбыстары	Қ.Кемеңгерұлы Грамматика Казахского языка
Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е
Жарты дауысты: у, и	Жарты дауысты: у, и, р, л	Жарты дауысты: ымыралы: у, и, р, л ымырасыз: м, н, ң	Жарты дауысты: у, и, р, л

[9, б].

Өткен ғасырдың басындаға қазақ білімпаздары қазіргі дыбыстық жүйеміздегі үнді дауыссызға жатқызылып жүрген дыбыстардың біразын жартылай дауысты деп есептеген.

1924-жылы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» жазу тәртібі туралы баяндама жасаған Е.Омарұлы *су, ти* сияқты сөздерді *сұу, тий* деп жазу керек деген ұсыныс айтады. Ол *и* мен *у* дыбысын орыс тіліндегі *и* мен *у*-ға ұқсатып екі дыбысты бір әріппен таңбалайық деушілер бар екенін сөз ете келе, «Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесінше қыйсынсыз екенімен таласбайды, тек: солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қисынды бола қоймайды» [10, 26],– дейді. Ол әрі қарай бұл әріптер арқылы екі дыбысты таңбалау қазақ сөзінің буын жігін ажыратуда қиындық келтіретініне нақты мысалдар келтіреді [10, 26-27]. Бірақ осы съезде жарыссөзге шыққан Мырза ұлы Мұқтар *у* мен *и* дауысты дыбыстардан кейін келсе, жарты дауысты болады (*қой, тау*), дауыссыз дыбыстардан кейін дауысты дыбыс болады дейді де, *су, би киім, киік* деп жазу керек деген ұсыныс айтады [10, 35-27]. А.Байтұрсынұлы «Баяншы» атты әдістемелік оқулығында сөз басында, ортасында қысқа әрі көмескі естілетін *ы* дыбысын (әрпін) жазбаймыз (*қыр, қын, қырын* емес, *қр, қн, қрн*) дейді де, оның себебін былай түсіндірген: «Бұл сөздерді *ы-ны* жазғанда да, жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ» [11, 273]. Бірақ ол *ы* әрпі сөз аяғында жазылуы керек деп есептейді (*жаны, малы*) [11, 273-274]. Сөз басында, сөз ортасында қысаң *ы (і), ұ (ү)* дыбыстарын жазбай-ақ қойса болады деген пікірді айтушылар А.Байтұрсынұлының ұстанымын басшылыққа алса керек.

Жазудағы үнемділік дегенді сылтау етіп *мый, кій, қый, тій, түү, түү* (одағай) деп айтылатын сөздерді *ми, ки, қи, ти, ту* деп жазатын болдық. Тек қана *сый* (сыйлық дегендегі) сөзі ғана **ы** әрпі арқылы жазылады деген ереже қабылданды. **И** әрпінің негізгі дыбыстық бейнесі – **ій**. Егер *си* деп жазсақ, оның оқылуы мүлде басқа сөз болып кететінін «ғалымдарымыз» анық аңғарған сияқты. Осындай бір буынды сөздерде **ы, і** дыбыстарын жазбау буын жігін ажыратуда қиындық туғызумен қатар, сөйлеу тілінің дыбыстық заңдылығын бұзуда. Мысалы, *қиын, киім, суық* сияқты сөздерді буынға бөлсек, *қи-ын, ки-ім су-ық* болып бөлінеді. Бұл қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді және қазақ тілінде екінші буын дауысты дыбыстан басталмайды деген ережеге қайшы келеді. *Қиыын, кійім, сұуық* дем жазсақ, *қы-йын, кі-йім, сұ-уық* болып бәрі орнына келер еді. Қазіргі кезде *ми* сөзінде **м** әрпінен кейін **ы** жазылмайтындықтан, оны *ми* деп оқу, оған тәуелдік жалғауын жіңішке (*миім, миің, миі*) жиі кездеседі. Бұл әсіресе орыс тілді аудиторияға қазақ тілін оқытуда қиындық келтіреді. Сондай-ақ, оқы етістігіне көсемшенің **и** жұрнағы жалғанғанда оқимын, оқисың болып жіктеледі. Тіпті тіл мамандары да осы жердегі **и** әрпін дауысты **и** дыбысы деп шатыстыратын болды. Сонымен қатар жастар **қ** дыбысынан кейінгі **и**-ді жіңішке қылып оқиды. Дәл осындай жағдайды **у** әрпіне қатысты айтуға да болады.

Қысаң **ы, ұ** дыбыстарын жазбай-ақ қою арқылы жазуда үнемділікке қол жеткізу А.Байтұрсынұлы кезінде басталғанын көреміз. Мұны А.Байтұрсынұлы кезіндегі жазу реформасындағы кемшілік десек те болады. Әрине, бұл үшін А.Байтұрсынұлын кінәлаудың қажеті жоқ. Бір адам тілі білімінің барлық мәселесін шешіп бере алмайды. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды жіктеуде кемшіліктері болғанымен А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы пікірлері әлі күнге өзектілігін жойған жоқ және оның сингармонизм заңына негізделген жазу үлгісі ең үздік жазу үлгісі болатын. А.Байтұрсынұлы төрт жуан дауыстыға (**а, о, ұ, ы** және жіңішке **е**) ғана арнайы әріптер арнайды да олардың жіңішке сыңарларын жазу үшін, арнайы белгі дәйекшіні ұсынады. «Сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың қаріптерін жіңішке оқимыз, дауысты дыбыстар жіңішке оқылса, олармен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады» [12, 240],– деп қазақ тілінде дауыссыздардың толықтай дауыстылардың ықпалында болатынын дұрыс көрсеткен. Осы заңдылықпен жазғанымызда орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген сөздер қазір қазақ тілінің өзінің төл сөзіндей болып кетер еді. Латын әліпбиі туралы арнайы зерттеу жұмысын жазған Н.Әміржанованың еңбегіне қарасақ, 1929-жылы қабылданған латын әліпбиі А.Байтұрсынұлының араб жазуына негізделген емле ережелерін басшылыққа алғанына, 1938-жылы толықтырылып қабылданған ережеде орыс тілінен **х, ф, в** дыбыстары енгізілгеніне көзіміз жетеді [13, 193-195; 197]. «Бұл қазақ тілінің табиғатын бұзуға жасалған алғашқы шабуыл еді» [14, 54]. 1940-жылы кирилл әліпбиіне көшкеннен бастап, қазақ жазуына қайта-қайта реформа жасалып, орыс тіліндегі барлық әріптер қазақ тіліне енгізілді. Сөйтіп әріптер саны 42-ге жетіп, ешбір елде жоқ әліпби жасалды. Тілімізге тән емес дыбыстарды бейнелейтін әріптерден тұратын, қазақ тілді адам жүгіртіп оқи алмайтын шұбалаңқы неше түрлі сөздерге тиіспей, төл сөздерімізге келгенде жазудағы үнемділікті басшылыққа алып қаламыз. Соның нәтижесінде қазақтың өзінің төл сөздерінің де, төл сөздеріміздей болып кеткен кірме сөздердің де жазылуы тіл табиғатына қайшы келетін болды. *Рас, рахат, риза, лақ, лай, ит, ине* сияқты сөздердің айтылуы *ырас, ырақат, ырийза, ылақ, ылай, йит, йине* десек, қазіргі жастар сенбейді.

Қазақ тілінде **р, и, л, у** дыбыстарынан сөз басталмайды. Қазақ тілді адам бұл дыбыстарды айтқанда алдына дауысты **ы, і, ұ** дыбыстарын қосып, яғни *ыр, йй, ыл, ұу* деп дыбыстайды. Солай болса да, осы дыбыстардан басталатын сөздерді латын әліпбиіне көшу барысында әзірше бұрынғы орфографиялық нормамыз бойынша жаза тұрған жөн

деп есептейміз. Себебі, бұрыннан көздері үйреніп қалған сөздердің барлығын бірден өзгертіп жіберу – мұндай жазуға қарсы тұрушылар санын көбейтіп жібереді. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, алдымен сөз аяғындағы дыбыстар тіркесімін жөндеп алуымыз керек. Академик І.Кеңесбаев бастаған кеңестік ғалымдар салып кеткен «еуропа-өзімшіл» (европацентризм) [15, 7] жолдың ықпалынан шыға алмай жүргендер әлі де аз емес, сондықтан қазақ жазуында болатын өзгерістерді кезең-кезеңімен жүзеге асырған дұрыс деп ойлаймыз. Ал қысаң **ы, і, ұ** дыбыстары арқылы келетін төл сөздерімізді тілдің табиғатына лайықтап жазуды бірден қолға қолға алуға тиіспіз. Жазылым мен айтылым арасындағы айырмашылықты барынша азайтатын орфографиялық норма қалыптастыратын уақыт жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодий и сингармонизм казахского слова. – Алма-Ата: АДД, 1988.
2. Мырзабектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001 ж., – 320 б.
3. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы), Астана: Елорда, 2000, - 535 б..
4. Жүсіпбек. «Емлені оңайлату жобасы» // «Жаңа мектеп». 1928. №4, 5. 34-38 бб. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013 ж. – 640 б
5. Құрышжанов Ә. Тіл тарихы жайында ойлар (ғылыми мақалалар жинағы). –Алматы, 2008 ж. – 200б
6. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009 ж. – 312 б.
7. Жеменей И. Парсыша-қазақша және Қазақша-парсыша сөздік. –Алматы, «Санат», 1994 ж. – 308 б.
8. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. –Алматы,
9. Жұбай О. «Қазақ тілінің фонетикасы бойынша Қ.Кемеңгерұлының танымы». «Ізденіс», №3, 2000 ж.
«Ғылым», 1988 ж. – 113 б.
10. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі.– Алматы: «Атамұра», 2005.– 144 б.
11. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.
12. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
13. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2012 ж. – 300 б.
14. Исхан Б.Ж., Зайсанбаев Т.Қ., Аюбай К.Қ. Өзгетілдік қоғамдық-саяси сөздерді латынша жазу жобасы. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2013 ж. – 142 б.
15. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009 ж., – 312 б.

МРНТИ: 14.35.09

Алиярова Л. М.¹ Махажанова Л. М.² Айсултанова К. А.³ Утегенова К. Ч.⁴

¹² старшие преподаватели

³⁴к.ф.н.

преподаватели

КазНУ им. Аль-Фараби

ПОНЯТИЕ КАТЕГОРИИ О НЕОПРЕДЕЛЕННОЙ МНОЖЕСТВЕННОСТИ В ЯЗЫКЕ

Аннотация

Настоящая работа посвящается исследованию категории множественности в разных языковых системах. Автор показывает что, проблема значений категории множественности –это структурная особенность категории и играет большую роль в раскрытии функционального значения и языковой природы. Решение данной проблемы основано на форме и грамматическом значении слов. Категория неопределенной множественности является одной из категории, интересующих лингвистов с целью раскрытия соотношении языка и познаний, грамматики и логики

В статье приведен анализ взглядов исследователей по рассматриваемой проблеме, в том числе рассмотрены отзывы отечественных ученых о категориях множественности и приходит к выводу что, понятие множественности в математике невозможно использовать в лингвистике, потому что предметы в языке не передаются постоянно в одном значении.

Рассмотренные работы позволили определить основные направления, и понятия в исследовании данного концепта, определить перспективы дальнейшего исследования.

Ключевые слова: понятие количественности, значение множественности, формообразования, словообразование, семантика.

Алиярова Л. М.¹ Махажанова Л. М.² Айсултанова К. А.³ Утегенова К. Ч.⁴

¹² аға оқытушылар

³⁴к.ф.н. оқытушылар

ҚазҰУ Әл-фараби

ТІЛДЕГІ БЕЛГІСІЗ КӨПТІК КАТЕГОРИЯСЫ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Андатпа

Мақала әртүрлі тілдік жүйелердегі көптік категориясын зерттеуге арналған. Автор көптік категориясы мәселесін – категорияның құрылымдық ерекшелігі екендігін және функционалдық мағынасы мен тілдік табиғатын ашуда үлкен рөл атқаратындығын көрсетеді. Бұл мәселенің шешімі сөздердің формасы мен грамматикалық мағынасына негізделген. Белгісіз көптік категориясы – тіл мен білімнің, грамматика мен логиканың арақатынасын айқындау мақсатымен лингвистерді қызықтыратын категориялардың бірі.

Мақалада қаралып отырған мәселе бойынша, зерттеушілердің көзқарастарына талдау, оның ішінде отандық ғалымдардың көптік категориялары туралы пікірлері келтірілген және математикадағы көптік ұғымын тіл білімінде қолдануға болмайды, өйткені тілдегі объектілер үнемі бірдей мағынада берілмейді деген тұжырым жасалған.

Қарастырылған жұмыстар осы тұжырымдаманы зерттеуде негізгі бағыттар мен ұғымдарды анықтауға, әрі қарай зерттеу перспективаларын анықтауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: сандық ұғым, көптік мағынасы, сөзжасам, семантика

Aliyarova L.M.¹ Makhazhanova L.M.² Aisultanova K.A. ³ Utegenova K.Ch. ⁴

¹² senior teachers

³⁴ associated professors

KazNU named after Al-farabi

CATEGORIES CONCEPT ON UNCERTAIN PLURALITY IN LANGUAGE

Abstract:

The present work is devoted to the study of plurality categories in different language systems. The author shows that the problem of the values of plurality category is a structural feature of the category and plays an important part in revealing functional value and linguistic nature. The solution to this problem based on the form and the grammatical value of the words. Uncertain plurality category is one of the categories of interested linguists with a view to revealing correlation of language and cognition, grammar and logic.

The article provides an analysis of researchers' views on the problem under consideration, including feedback from domestic scientists on plurality categories and concludes that the plurality concept in mathematics cannot be used in linguistics, because the objects in language are not always transmitted in the same meaning. The considered works made it possible to determine the main directions and notions in the study of the concept, the prospects for further research.

Keywords: the concept of quantitateness, value of plurality, forming, word formation, semantics.

С данной точки зрения, категория множественности является одним из основных проблем исследования в области лингвистики. Н.И.Кондаков в своем «Логическом словаре» дал следующее определение понятий множественности: «Множество – это самое широкое по объему понятие математики и математической логики, т.е. категория, а для категории нельзя найти более широкое, т.е. родовое понятие, в которое «множество» входило бы в качестве вида» [1,с.58]. Однако, понятие количественности в математике или философии неодинакова с понятием количественности в языке, так как «количественные понятия в языке являются чистой грамматической категорией, основанной на языковой структуре, которая выражается путем определения грамматической формы [2,с.400].

В целом, понятие множественности в математике невозможно использовать в лингвистике, потому что предметы в языке не передаются постоянно в одном значении, если в одних случаях являются конкретными, в некоторых случаях неконкретными, то есть слова способны менять свои значения. Таким образом, различие лингвистической категории множественности от математической категории множественности связано с восприятием человека окружающей среды, явлений, объективной действительности в соответствии своим сознанием, пониманием, опытом и взглядом. Это значит, что понятие множественности напрямую связана с мышлением человека, с восприятием окружающей среды, то есть с процессом познания. Этому объяснение дает следующее определение: «Категория числа выражает количественные отношения, существующие в реальной действительности, отраженные в сознании носителей данного языка, имеющие

свое морфологическое выражение в соответствующих формах каждого конкретного языка, с одной стороны, это обще грамматическое понятие, существующее в данном языке и отражающее наиболее характерные обобщенные признаки или характеристики данного языка как особой системы. С другой – это отдельный класс слов или даже слово, обладающее данными грамматическими признаками»[3,с.5].

До традиционного языкознания в языковых исследованиях, в основном, понятие множественности рассматривалось вместе с именем существительным. О категории множественности имени числительного В.В.Виноградов писал «Категория числа имен существительных представляет сложный предметно – смысловой узел, в котором сплетаются разнообразные грамматические предметно-смысловые узлы, в котором сплетаются разнообразные грамматические и лексико-семантические особенности существительных».

Под категорией множественности понимается понятийная категория, которая передается через различные лексические и грамматические средства. Понятие категории множественности обладает большим значением в сравнении с понятием множественного окончания. В языке множественные окончания характеризуются только через грамматические средства. Но все же, с точностью можно сказать, что множественные окончания не могут полностью обеспечить значение категории множественности. Тем не менее множественные окончания могут обобщать основные грамматические закономерности категории множественности. В этом плане известный грамматик казахского языка А.Ыскаков дает следующее определение: «...в языке существуют категория множественности, и категория множественного окончания. Они не являются одинаковыми категориями. Понятие категории множественности – это понятие имени нарицательного, понятие категории множественного окончания- понятие категории собственного» [4,с.39]. Категория множественности выражает неизвестную величину предмета. Неопределенность – основная особенность, которая показывает категорию отдельно от категории множественности. Тем не менее в плане семантики эта категория охватывается полностью.

Исследование категории множественности в объективном виде, опираясь на исторические факторы, дает возможность исследовать взаимоотношение лексики и грамматики. А.А.Худяков дает следующее определение: «...количественная величина – это объективное явление вне языка, характеризующая объекты реальной действительности, связи и отношения в плане их количества, величины, объема и т.д., и относит категорию множественности к понятийным категориям. А.А.Худяков показывает, что количественная категория в языке является основой формализации [5,с.11]..

В словообразовании внедрение лексемы в строевое изменение в виде грамматической формы, является изменением формообразования суффикса или словоизменения в грамматический форматив. Следовательно, они теряют семантическое соотношение с грамматической формой, противопоставленные им в рамках прежней парадигмы.

А.С.Исаев, указывая, что множественное окончание – это грамматический показатель понятий множественности, вводит термин «количество-категория величины» [6]. Мы используем термин «категория количественности».

В.Г.Гузев и Д.М.Насилов считают, что форма *-lar* является индефферентным (то есть, не касается количества) касательно количества предметов, передающихся через имена существительные[7,с.57]. Но В.З.Панфилов был иного мнения: во-первых, о наличии грамматической категории, не выполняющей функцию пересечения в синтетическом-флективном языке (например, категория «вид » и времени в русском языке), во-вторых, утверждает, что нет основания для рассмотрения формы имени

существительного в нулевой форме как парадигмы категории грамматической величины-количества [8]. Мы, тоже поддерживая эту точку зрения, считаем категорию числа, величины, как категорию исправления оппозиционного отношения друг с другом, единичный вид выражается путем морфологической, нулевой формы, множественный вид – путем функционального окончания – *лар*. В связи с отсутствием свойств связи слов некоторые ученые относят множественные окончания к формообразовательным суффиксам. Например, Ы.Маманов отмечает, что в связи с отсутствием словосвязывающих свойств множественное окончание ближе к формообразующему суффиксу, чем окончанию. Например: *Гүлбилеңжайқалып, бұлбұлдарсайраған (Шәкәрім)*. Окончание *-лар* в слове *бұлбұлдар* не связывает одно слово, а только означает, что их множество. Содержание предложения не меняется, если убрать данный суффикс [9, 31]. По словам С.Исаева аффиксы *-лар* (*-лер, -дар, -дер, -тар, -тер*) не имеют отношения к связям слов, аффикс можно отнести к словообразующим суффиксам [6, с.301].

А.Айгабылулы аффикс-лар (*-лер, -дар, -дер, -тар, -тер*) относит к функциональным окончанием для обозначения множественности [10, с.11].

Ы.Маманов в своей статье «Множественная форма в казахском языке» показывает, что народные имена, имена животных, наименование парных частей тела и другие слова не могут дать значение собирательности: что понятие множественности, означающие слова *көп, мол қыруар, бірталай* неоднократно исходит с их внутренней семантики, значит они не могут быть грамматической множественной формой, и понятие множественности сочетание имени числительного и имени существительных, означающие *көп, талай, бірнеше* и т.д. не составляют аналитическую форму.

Автор, утверждая, что они могут быть целым словом и относятся к различным группам слов, доказал, что множественная форма не образуется путем лексических (семантический) и синтаксических средств. Ученый показал, что множественная форма образуется путем суффиксам – *лар, -дар, -дер, -тар, -тер* – *лар, дар, тар, тер* [11, с.29]. А функционально- семантическое поле, которое мы называем «неопределенная множественность» охватывает морфологические показатели, означающие грамматическую неопределенную категорию множественности, лексических единиц неопределенно значимой множественности и синтаксические средства, обозначающие это значение.

Множественное окончание в казахском языке, переплетаясь с личным окончанием второго лица [6], участвует в соединении слов: *сен-дер бала-сың-дар (келдің-дер, барған-сың-дар)*. Значит, функция словосвязывания множественного окончания наблюдается в словах, попавших в предикативное отношение первого и второго лица. Тем не менее, четко заметно присоединение аффикса – *лар* (*-лер, -дар, -дер, -тар, -тер*) глаголу 3-лица в других тюркских языках. А.Данияров отметил: «по значению – *лар* - словосоединяющий аффикс» [11, с.45].

Значение множественности считается одним из внутренних значимых пунктов этой категории. Следовательно, в составе категории числа в языке существуют и другие значения, кроме значения множественности, которые могут стать ему оппозицией. У этого значения в языке должен быть формальный показатель. Известен только аффикс – *лар* (*-лер, -дар, -тар, -тер*), выражающий значения множественности. На вопрос о том, какой показатель единичного значения (оппозиция) А.Калыбаева и Н.Оралбаева утверждая, что множественные значения и его форма не могут быть в своем роде категорией, ответили: «Главная причина признания отдельной категории множественности в некоторых тюркских языках – это «результаты неконкретности теории категории, переоценивания формы», поэтому один из этих трех внутренних значений категории количественности выражается путем специальной морфемы, он –

множественное значение, второе—выражается путем нулевой морфемы, это – единичность [12].

Также существуют передачи множественного значения через нулевую форму. Это первоначальная нулевая форма однородных членов, используемых параллельно. Например, *Ойпат, ылдиларшетінекөзжетпесдариякөлдерегайналды. Ақсәлделі, қолынатәсіпұстағанқожа, молдалар.*(И. Есенберлин). В данном случае слова *ойпат, дария, қожа* используются во множественном значении, но множественный аффикс не присоединен к словам, стоит в сокращенной форме, то есть в нулевой форме. В заключение можем сказать, что грамматическая категория множественности богата своими особенностями. Различные формы передачи множественного значения находят свое отражение в контекстном соответствии во внутреннем семантическом, функционально - семантическом поле, чем во внешней структурной форме.

Список литературы

1. Кондаков Н.И. Логический словарь справочник. М., 1975. –520б.
2. Реформатский А.А. Число и грамматика. Вопросы грамматики. – Сб. Статей к75-летию ак. И.И.Мещанинова. Изд. АН СССР. Л., 1960. –471с.
3. Аракин В.Д. Грамматическая категория как компонент типологической характеристики языка // Сопоставительные исследования грамматических категорий. Свердловск 1985. –129 с.
4. Ыскаков А. Қазіргі қазақ тілі А., 1974.–408б.
5. Худяков А.А. Понятийная категория количественности и ее реализация имени существительном и номинативном словосочетании. Автореф. Насоискание к.ф.н. –Л., 1990. –16б.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., «Ана тілі», 1992.–144б.
7. Гузеев В.Г., Насилов Д.М. К интерпритации категории числа имен существительных в тюркских языках // Вопросы языкознания М.:Наука, 1975.
8. Панфилов В.З. Философские проблемы языкознания. –М.: Наука, 1977.
9. Маманов Ы. Вспомогательные глаголы в казахском языке. –Алматы, 1949.–75с.
10. Айгабылулы А. Қазақ тілінде грамматикалық сан- мөлшер категориясы бар ма // Қаз МҰ Хабаршысы.– 2000, №3-11-17
11. Данияров А.Д. Категория множественности и ее изучения в тюркских языках. Автореферат на соискание учен. степени к.ф.н. А., 1969.
12. Қалыбаева А., Оралбаева Н., Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1986. –192б.

Источники

1. Мечковская Н.В. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. – Москва: Флинта, Наука, 2003. –312с.
2. Гегель Г.Ф. Сочинения, т 1. Энциклопедия философских наук. Часть 1. Перевод с нем. – М.: Л.: Госиздат, 1929. –366с.
3. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.–784б.
4. Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. Ред. В.Н.Ярцева, –М.: Сов. Энциклопедия, 1990. –685с.
5. Тіл білімі сөздігі. А., 1998.–540б.

REFERENCES

1. Kondakov N.I. Logicheskiy slovar` spravochnik. [The logical Dictionary reference book] M., 1975. –520b.

2. Reformatskiy A.A. Chisloigrammatika. Voprosygrammatiki [Number and grammar. Issues of grammar]. - Coll. Articles on the 75th anniversary of a. I.I.Meschaninova. Ed. USSR Academy of Sciences. L., 1960. –471s.
 3. Arakin V.D. Grammaticheskayakategoriyakakkomponenttipologicheskoy kharakteristikiyazyka // Sopostavitel`nyeissledovaniyagrammaticheskikh kategoriya [Grammatical category as a component of the typological Language characteristics // Comparative study of grammar categories]. Sverdlovsk, 1985. –129
 4. Yskakov A. Kazirgikazaktili A.,[Kazakh language]. A., 1974. –408b.
 5. Hudyakov A.A. Ponyatiynayakategoriya kolichestvennostiieerealizatsiyaimenisushchestvitel`nominominativnoms lovosochetanii [Conceptual category of the quantitatenessand its implementationof nouns and a nominative word combination].Avtoref. Na soiskaniek.f.n. -L., 1990. –16b.
 6. Isaev S. kazirgikazaktilindeginigizgigrammatikalyykugymdar [Modern Kazakh language, basic grammatical concepts].A., "Ana tili", 1992.–144b.
 7. Guzeev V.G.,Nasilov D.M. K interpretatsiikategoriichislaimensushchestvitel`nykh v tyurkskikhazykakh\\ Voprosyazykoznaninya [On the interpretation of numarative categories of the nouns in Turkic languages\\ Issues of linguistics]M.:Nauka, 1975.
 8. Panfilov V.Z. Filosofskieproblemyazykoznaninya [Philosophical problems of linguistics]. - M.: Nauka,1977.
 9. Mamanov Y. Vspomogatel`nyeglagoly v kazakhskomyazyke [Auxiliary verbs in the Kazakh language]. -Almaty, 1949,–75s.
 10. AygabylyulyA. Kazaktilindegrammatikalyyk san - molsherkategoriya sy bar ma[If there are grammar number-measure category in the Kazakh language] \\Kaz MU Habarshysy.- 2000, №3-11-17
 11. Daniyarov A.D. Kategoriya mnozhestvennostiieizucheniya v tyurkskikhazykakh [Category plurality and its study in the Turkic languages]. Avtoreferatnasoiskanieuchen. stepenik.f.n. A., 1969.
 12. Kalybaeva A., Oralbaeva N.,Kazirgikazaktilinimorfemalarzhuyesi [The morpheme system of Kazakh language]. -Almaty: Gylym, 1986. –192b.
- SOURCES
- Mechkovskaya N.V. Obshcheeyazykoznanie. Strukturnayaisotsial`nayatipologiyazykov.[General Linguistics. Structural and social typology of languages]. Moskva: Flinta, Nauka, 2003. –312s.
- Gegel` G.F.Sochineniya, t 1. Entsiklopediyafilosofskikh nauk. Chast`1. Perevod s nem. -M.: L.;; Gosizdat,1929.–366 s.
- Kazakgrammatikasy [The Kazakh grammar]. Astana, 2002.–784b.
- Lingvisticheskiyentsiklopedicheskiyslovar` [Linguistic Encyclopedic Dictionary] / Gl. Red. V.N.Yartseva, -M.: Sov. Entsiklopediya, 1990. –685s.
- Tilbilimisozdigi[Dictionary of Linguistics]. A., 1998.–540 b.

МРНТИ: 14.35.09

Оспанғали Ж.Е. ¹

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, оқытушы, магистр
zhansaya.ospangali@gmail.com

РЕМИНИСЦЕНЦИЯНЫҢ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ ЭЛЕМЕНТ РЕТІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (У.ГОЛДИНГ «ШЫБЫНДАР ӘМІРШІСІ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Бұл мақала бір жағынан модернизм кезеңінің көркем сана анализіне, модернизм бағыты мен интертекстуалдылықтың байланысын, оның негізгі құраушыларын айқындауға, екінші тұсынан негізгі нысанға алынып отырған романның тілінде реминисценцияның қолданыстарын айқындауға арналған. Интертекстуалдылық жазушылардың көркем шығармаларының құрамдас бір бөлшегі болып табылады. У.Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романындағы интертекстуалдылық көрінісі ретінде аллюзия мен реминисценцияға аса назар аударылып, ара-жігін айқындай отырып талдау жасалады. Қандай да бір автордың дискурсын қарастыру барысында, автордың интертекстуалды желісін белгілі бір уақыт сәтінде зерттеуге мүмкіндік беретін әуелгі мәтіндер тізбектеледі. Мақалада нысанға алынып отырған романға реминисценттік анализ жасалады.

Кілт сөздер: модернизм, интертекстуалдылық, реминисценция, функция, түпнұсқа мәтін, екіншілік мәтін

Оспанғали Ж.Е.¹

¹ КазУМОиМЯ имени Абылай хана, преподаватель, магистр,
zhansaya.ospangali@gmail.com

ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РЕМИНИСЦЕНЦИИ КАК ЭЛЕМЕНТА ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ (НА ПРИМЕРЕ РОМАНА У.ГОЛДИНГА «ПОВЕЛИТЕЛЬ МУХ»)

Аннотация

Статья посвящена анализу художественного сознания периода модернизации, определению взаимосвязи направления модернизации и интертекстуальности, анализу применения реминисценций, как форма проявления интертекстуальности, в языке романа, взятого за основу. Интертекстуальность является составной частью художественных произведений писателей. В романе У.Голдинга «Повелитель мух», проводится анализ реминисценции как проявление интертекстуальности с особым вниманием и определением соотношения. При рассмотрении дискурса какого-либо автора перечисляются прецедентные тексты, позволяющие исследовать интертекстуальную сеть автора в определенный момент времени.

Ключевые слова: модернизм, интертекстуальность, реминисценция, функция, прецедентный текст, вторичный текст

Zh.E.Ospangali¹

¹master, lecturer at Kazakh Ablai khan University,
zhansaya.ospangali@gmail.com

FUNCTIONAL FEATURES OF REMINISCENCE AS AN ELEMENT OF INTERTEXTUALITY (ON THE EXAMPLE OF THE NOVEL BY W.GOLDING “LORD OF THE FLIES”)

Abstract

The article deals with the analysis of the artistic consciousness in modernism, the determination of the interconnection between the direction of modernism and intertextuality, the analysis of the use of reminiscences as a form of intertextuality on the basis of the novel. Intertextuality is an integral part of literary works of writers. In the novel of W.Golding “Lord of the Flies”, an analysis of reminiscence is carried out as a form of intertextuality with special attention and determination of the interconnection. When considering the discourse of an author, precedent texts are listed that allow you to explore the author’s intertextual network at a certain point in time.

Keywords: modernism, intertextuality, reminiscence, function, prototext, metatext

«Модернизм» ұғымы қазіргі заманғы гуманитарлық зерттеулерге жатады да, әлеуметтану, жаратылыстану, экономика, саясаттану, психология, мәдениеттану, өнертану және филология сияқты білім салаларына қатысты кең ауқымды мәселелермен айналысады. Олардың шеңберінде модернизмнің анықтамалары тұрақты қайшылықты көрсетеді. Әдебиет саласында модернизмді зерттеу мәселесі заманауи әдебиеттанудың өзекті мәселелер қатарына кіреді, себебі көркем сананың дамуының заңдылықтары мен қызметі, көркем әдебиеттегі өзгерістер мен ерекшеліктері сияқты маңызды мәселелерді қозғайды.

Ағылшын жазушысы Уильям Голдингтің шығармашылық мұрасын шеберлік, көркемдік, әлеуметтік-философиялық, тіпті рухани жоғары құндылық деңгейінен зерттеп, шығармадағы модернистік әлем бейнесін танып, ондағы жазушы қолданған интертекстуалдылықтың қызметі мен ерекшеліктерін талдап зерттеу жұмыстың өзектілігін танытып, арттыра түседі.

Қазіргі заманғы әдебиеттануда интертекстуалдылық мәселесін Ю.Кристева, Р.Барт, М.Бахтин, У.Эко, Н.А.Фатеева, отандық ғалым А.Адилова қарастырған. Алайда, интертекстуалдылықтың жалпыға ортақ анықтамасы мен классификациясы жоқ. Бұл бағыт әлем әдебиеті үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. У.Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романын интертекстуалдылықтың элементі ретінде реминисценцияға салыстырмалы - тарихи, логикалық сараптау, ғылыми-теориялық, жүйелі талдау қағидалары ұсталып, зерттеу жасалынды.

Теориялық негіздері, әдеби интертекстуалдылықтың, оның негізгі маркерлері аллюзия мен реминисценция туралы теориялық негіздері отандық және жақын және алыс шетелдік зерттеушілердің, атап айтқанда, Ю.Кристева, М.Бахтин, Р.Барт, Н.А.Фатеева, И.В. Арнольд, У.Эко, Р.Ф.Томас, Е.В.Михайлова А.Адилова, интертекстуалдылыққа тығыз байланысы бар прецеденттік теориясы жайлы Ю.В.Самойлованың, модернизмді постмодернизммен салыстыра зерттеу Б.Нұржановтың, Голдингтің шығармасына экзистенциалистік философияның әсері туралы Б.Минцтің, В.А.Луков, Н.П.Михальская, Г.В.Аникиннің және т.б. еңбектеріне сүйене отырып қарастырылған.

Модернизм қозғалысының формальдық сипаттамаларына тілге назар аудару, себептер мен сюжеттерден бас тарту, кейіпкерлерді тұрақсыздандыру, сызықты, үзік-үзік әңгімелерді қолдану жатады. Еуропалық Вирджиния Вулф, Д.Х.Лоуренс, Марсел Пруст және Джеймс Джойс секілді модернисттермен салыстырғанда Хемингуэй, Фицджеральд, Фолкнер секілді америкалық модернисттер өздерінің оқырмандарға тәуелді екендіктерін

білді, сондықтан да жоғары модернизм әдебиетімен байланысты қиыншылықтар мен көмескіліктерден қашады.

Модернизм бағытын ерекшелейтін анық белгілі бір белгілері бар. Мысалы, әдеби формамен тәжірибе, яғни жаңа ұрпақ авторлары романның әдетке айналып кеткен формасынан алшақ кетуге тырысады. Сюжеттің сызықтың құрылымының орнына үзік, фрагментарлы сюжет келеді. Романда көбінесе қарсы көзқарастағы бірнеше кейіпкерлердің атынан әңгімелеуді байқай аламыз. Екінші бір айқын көрінісі сана ағымында, бұл, әрине, жазушыларға модернизмнің берген орасан зор амалы. Сана ағымы әдебиет пен ақпаратты беру тәсілдері жайлы барлық ұғымды төңкеріп салады. Ол ой қозғалысын сезуге, күні бүгінге дейін түсініксіз болып келген ішкі жағдайдың қиын нюанстарын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл жерден модернизмнің және бір мақсатын көреміз, ол – кейіпкердің ішкі жағдайын максималды түрде ашу. Модернизмнің тағы бір белгісі соғыс пен жоғалған ұрпақ тақырыбы. Жаңа ғасыр әдебиетінің тақырыптары жаһандық сипатқа ие болып келеді және оқырманға қойылатын талаптардың айтарлықтай өсуі байқалады. Реализм әдебиеті оқырмандардың ешқандай да алдын ала дайындық керектігін тұспалдамай, әрбір адамға түсінікті күнделікті тақырыптарды қозғаған болса, онда модернизм барған сайын интертекстуалдылыққа бейім. Бұл тұжырымдаманың тууы тіпті модернизм дәуірінде жүрген, бірақ оның нақты өркендеуі бүгінгі күнге ғана саяды. Әдебиет көзқарасы тұрғысынан, қазір басқадан алып пайдалану жаман нәрсе емес, бірақ ол білімділіктің, жоғары мәдени деңгей көрсеткіші. Мәтіндер басқа мәтіндер мен айтылған пікір-сөздер, лингвистикалық және мәдени жүйелер көмегімен құралады.

Интертекстуалдылықтың түп-тегі модерндік әдеби және мәдени теория секілді ХХ ғасырдың лингвистикасына барады. Интертекстуалдылық теориясына әсер еткендер қатарына швед лингвисті Фердинанд де Соссюр (1857-1913), орыс әдеби теорияшысы және философы Михаил Бахтин (1895-1975) болды. Диалогизм деп танылған әдеби критика мектебінің негізін қалаушы Бахтин автор мен шығарманың, шығарма мен оның оқырмандарының арасындағы байланыс пен осы үшеудің қоршаған әлеуметтік-тарихи күштерге деген қатынасын айрықша баса айтқан (Hernadi 2004). Соссюр мен Бахтиннің теорияларын қосып, Кристева интертекстуалдылық теориясы жайлы алғашқы тұжырымды ой жариялаған [1, 15-б]. Ол кез келген мәтін басқа мәтіннің трансформациясы деп бекітіп, дербес әрекет ететін оқшауланған субъект ретінде мәтіннің түсінілу концепциясына қарсы шыққан. Біз әдеби мәтіндерді интертекстуалдылық деп айтамыз, себебі мәтіндер табиғатына байланысты идеясы мен мазмұны тәуелсіз жеке бола алмайды. Мәтінді интертекстуалдылық жағынан зерттеу барысында жұмысты талдаудың екі жолы болады: әрбір жұмыс интертекстуалды өзара әрекеттестікке арналған арена ретінде қарастырылады, бірақ басқа жағынан қарасақ ол өзі келесі жұмыстарда интертекстуалдылықты туындатады.

Интертекстуалдылықтың көрініс формалары соңғы бірнеше онжылдықтар бойы зерттеліп келе жатыр. Алайда, бұл мәселенің терминологиялық аясында ретсіздік бар екендігін айта кеткен жөн. Интертекстуалдылықтың біршама формалары (цитата, аллюзия, реминисценция, пародия) бар болса да олардың ара-жігі дұрыс ажыратылмай көп жағдайларда алмасып қолданылып жүр. Мәтінде «қосулар» мен «сілтемелердің» яғни интертекстуалдылықтың ең танымал түрлері – аллюзия мен реминисценция. Реминисценция – бір әдеби шығармада басқа шығармалардағы белгілі бір айтылымдарды немесе фрагменттерді қолдану, және ол айтылымдарды кіргізу біршама өзгертіледі.


Трофимова Т.Б. реминисценцияның мынадай функцияларын анықтайды:

- 1) Дәуірдің тарихи ахуалын жаңғырту
- 2) Автор реминисценцияның көмегімен білетін, көп оқыған оқырманға сенім арта отырып, поэтикалық мәтіннің шегін кеңейтеді, бір адамның белгілі бір жағдаятына адамзат болмысы көрініс табатын жалпы әмбебап мағына үстейді.

- 3) Бейнелі-мағыналы реминисценциялар жүйекұраушылық функциясын атқарады, көркем шығарманың негізгі ойын жеткізуге көмектеседі, мәтіннің композициялық құрылымына қатысады
- 4) Автор сол дәуірдің ахуалын ғана жеткізіп қоймай, бас кейіпкерлердің рухани өмірін көрсетуге көмектеседі. Әдеби реминисценцияның басты функциясы әсіресе өлең цитаталарында мәтіннің сыршылдығын күшейту
- 5) Реминисценцияны зерттеу жазушының болып жатқан әдеби процеске, өткен және қазіргі уақыттағы әдеби өмір жағдайларына, мәдениеттегі жаңа бағыттардың дамуына реакциясын анықтауға, жазушының шығармасын өз дүниетанымымен, өмірге деген көзқарасы ұқсайтын басқа автордың мәтінімен ара-қатынасын талдауға көмектеседі. [2]

Уильям Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романы аллюзия мен реминисценция арқасында мәтін астарынан шығатын бірнеше сюжеттік сарынмен көрінеді. Осы үшін де жазушының прозасының өзгешелігін анықтау үшін Н.С. Гребенникова «мифологиялық аллюзия» терминін ұсынған [3]. Голдингтің астарлы әңгімелеріндегі мифологиялық аллюзиялардан басқа әдеби реминисценция да кезігеді. Жазушы еңбекті сюжеттік үлгі негізін құрайтын басқа әдеби шығармалармен салыстыруға мәжбүр етеді.

Зерттеушілер интертекстуалдылықты прецеденттілік теориясын зерттеумен тығыз байланысты екенін жасырмайды. Бұл теория Ю.В.Самойлова ұсынған прецедентті жағдаят, прецедентті есім, прецедентті айтылым және прецедентті мәтінді прецедентті феномендер ретінде қарастырады (Сурет 1). Реконструктивті интертекстуалдылықтың негізінде цитация, яғни претекст компоненттерінің нақты не кішігірім өзгертулермен және предикациямен қайта айту жатыр. Ал конструктивті интертекстуалдылықта аллюзия (претексттің элементтері алынып, сол бойынша ол жаңа мәтінде танылып, сол жерде олардың предикация жүреді) үстемдік етеді. Цитацияға прецедентті айтылымдар негізделеді, ал аллюзия прецедентті жағдаяттарда да, прецедентті есімдер мен прецедентті мәтіндерде де табылады. Және реминисценция риторикалық амал ретінде түсіндіріледі. Ол өзге (прецедентті) мәтіннің жақсы танылатын фрагментін айтылымға (мәтінге) айтылып отырған ойдың экспрессивтілігін күшейту үшін ешбір оның атауы мен авторын айтпай қосылуында болады. Осы мағынада реминисценция қандай да бір түпнұсқа мәтінге сілтеу ретінде прецедентті мәтін мен прецедентті айтылыммен жақындасады (Сурет 1).



Сурет 1. Уильям Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романындағы интертекстуалдылықтың экстралингвистикалық қызметі

«Шыбындар әміршісі» романының 1-ші бөліміндегі мына бір жолда “*He (Ralph) undid the snake-clasp of his belt, lugged off his shorts and pants, and stood there naked, looking at the dazzling beach and the water.*” [4, 44-б] (Ол белдігінің жылан тәрізді айылбасын сырып, шолақ шалбары мен дамбалын шешіп, көзді шағылыстыратын су мен жағажайға қарап, жалаңаш тұрды) жылан бейнесі реминисценция болып қолданылып тұр. Ральфтың белдігінің айылбасы жылан бастарының бейнесінде жасалған, сол жыланмен оралып жүргенін Ральфтың өзі де білмеген секілді көрінеді. Нәтижесінде роман бойы жылан немесе жыртқыш табиғатпен басқарылмайтын, аралдың тіршілік етушілеріне байыпсыз үрей сезімін туғызатын ежелгі хаостың қайталана беретін белгісіне айналады. Ол шырмалғыш лианалар, от легі және де Саймонды арбайтын шошқа басты эззіл кейпінде пайда болады [5].

«*Ralph, sensing his sunblindness, answered him*» [6] «Ральф күннен көзі көрмей қалғанын сезіп, сұрады. – бұл контексттегі «sunblindness» нақты соқырлықты суреттеп тұр. Ол жанама қолданған реминисценция болып тұр.

«*It's fancy thinking the Beast was something you could hunt and kill*» [6, 220-221-б] (Жыртқыш оны ұстап алып өлтіруге болатын бірнәрсе деп ойлау аңғалдық.) – бұл жауапта «the Beast» аралдың рухының жинақталған бейнесі ретінде өзін көрсетеді де эззілге реминисценция болып түсіндірілуі мүмкін.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің бірі ретінде «Шыбындар әміршісі» романындағы аллюзиялар мен реминисценциялардың функционалды жағын шығарамыз. Автордың әсіресе Библияға жасаған сілтемелері күллі өркениеттің фундаменталды даму суретін оны арал мен сол аралға тағдырының жолдауымен тап болған бір топ балаларды аллегориялы түрде жобалап жасауға тырысуына себеп болған. Голдинг мәтіннің өрнегіне түрлі саптағы реминисценцияны қыстыра білген, жай оқырманға байқалатындай және әдебиетші маманы көре алатын дәрежеде де көрініс табады.

«Шыбындар әміршісі» романы уақыты жағынан бұрын жазылған көркем шығармаларға сілтеме жасалып, аллюзия және реминисценция мысалдарын көре алсақ, енді бұл романнан уақыты жағынан кейін жазылған әлем әдебиетінде интертекстуалдылықты кездестіруіміз ғажап емес.

Мартиннің кітаптар сериясындағы "A Game of Thrones" атты алғашқы кітабына көз жүгіртер болсақ, Голдингтің және Мартиннің романдары арасындағы үстіртін байланыстарды көре аламыз. Лэннистердің отбасылық орны, "Casterley Rock," Голдингтің "Castle Rock" деген тау қорғанынан алуы мүмкін: екі жерде де қатаң әрі әділетсіз түрде ұсталған билік ассоциациясы бар (Сурет 2). Голдинг романындағы таңқаларлық бас алу мен таяққа шаншылған бас тақырыбы "A Game of Thrones" шығармасы бойында алғашқы тарауында Лорд Эддард Старк басын алған қашқыннан бастап кейінірек Старкты ату мен оның басын мұнараның сыртқы бекініс қабырғасында бейнелеуге дейін жүретін негізгі тақырып [7].



Сурет 2. «Шыбындар әміршісі» романына жасалған интертекстуалдылық

Голдингтің шошқаларды аулау туралы тақырыбы аң аулау барысында патша Роберт Баратеон өзі өлтіруге ниеттенген жабайы қабаннан жарақат алған кезінде кекесінді кері көрініске ие болады. Алайда, салыстырудың басты нүктесі Сэмвелл Тарли болып келеді. Сэмвелл Тарли Голдингтің кейіпкері Қорсылдақпен (Piggy) сәйкестендіріледі. Самвелл Тарлидің Голдингтің Қорсылдағына сәйкес тұйық, бірақ интеллектке қабілетті архетиптік «семіз адам» ретінде ортақ қасиеттері бар. Бұл жерде интеллектуалды сілтеме өте қатаң жәбірлеумен айқын жасалған: «Сер Пигги», «Леди Пигги», «my Lord of Ham» [8, 242-244-б] және басқа да осы сияқты қорлау «Бекініс» ("the Wall") алғашқы бірнеше көріністерінде кездеседі. Алайда, Самвеллдің бастапқыда өзінің қоғамында басқалар жаратпаған бөтен адам жағдайы Голдингтің кейіпкеріне едәуір ұқсастығы бар, оның мүмкін болған тағдыры кейіпкер Қорсылдақтың тағдырына қарама-қарсы. Голдингтің «семізіне» қарағанда Мартин Сэмуелл кейіпкерінен бас тартылған жоқ, және ол өлтірілген жоқ, керісінше, тұзаққа түсіп, оның дауысы естіліп, қоғамның сенімді әрі құрметті мүшесіне айналады.

Архетипикалық «семіздің» Голдингтің сұмпаы және есі шыққан жәбірленушісінен Мартиннің қоғамның тұрақты және құрметті мүшесіне айналуы осы жақын оқудың тақырыбы болып табылады. Семіз кейіпкерлерді, олардың тікелей одақтастарын және олардың орналасқан жерлерін сараптау арқылы, Мартин «Пиггидің» аман қалуына қажетті практикалық та, этикалық та жағдайлардың көрсетілімін ұсынады.

Сондай-ақ, «Шыбындар әміршісі» кітабын Стивен Кинг өзінің сүйікті кітаптарының бірі деп санайды. 2011 жылы қайта басылымның алғысөзінде Кинг былай деп жазды: «Мен оқығандардың бәрінің ішінде, бұл кітап іс жүзінде ең күштісі болды - ол мені алғашқы беттерден ұстап алып, жүрегіме дейін жетті. Ол маған: «Бұл тек көңіл көтеру ғана емес, бұл өмір мен өлім мәселесі», - деп үн қатқандай. Кинг тіпті романдарының бірінде жазушыға құрметін көрсетеді. «Шыбындар әміршісін» Стивен Кингтің «Low Men in Yellow Coats» романының басты кейіпкері Бобби Гарфилл оқиды. Бұл 254 беттік және қысқа әңгіме ретінде басылып шыққан новелла. Сондай-ақ, Кинг Мен штатында Касл Рок қаласын – оның көптеген романдарында кездесетін ойдан шығарылған жер – «Шыбындар әміршісіндегі» геологиялық атыраптың құрметіне ойлап табады. Кинг осылай өзінің көркем шығармасында Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романына тікелей аллюзия жасайды: *«И Бобби узнал, и ему не понадобилось двадцати страниц, чтобы узнать, что «Повелитель мух» — клеваая книга, может, самая лучшая из всех, которые он читал. На десятой странице он был заморожен, к двадцатой был полностью покорен. Он жил на острове с Ральфом, Джеком, Хрюшей и малышкой. Он до дрожи боялся Зверя, который оказался разлагающимся трупом летчика, запутавшегося в своем парашюте; он следил сначала с огорчением, а потом с ужасом, как безобидные школьники превращались в*

свирых дикарей и под конец устроили охоту на того из них, кто сумел сохранить остатки человечности». Осылайша Кинг осы кітап жайлы өзінің алған әсерін өз романының басты кейіпкері арқылы жеткізгісі келген секілді көрінеді [9, 8-б].

Бұл кітапты, «Шыбындар әміршісін», Стивен Кинг неліктен жоғары бағалағаны енді түсінікті десек те болады, себебі өз шығармашылығында адам жанының «ішкі» құбыжықтарын дамытатын нақты сол, Стивен Кинг.

Сондай-ақ, Джейми Кларктың 2016 жазған “Garden Lakes” көркем шығармасы Уильям Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романына құрмет білдіру ретінде жазған. «17 жасқа дейінгі баланы берсеңіз, сіздерге ересек ақ түсті қылмыскерді беремін» - бұл Кларктың «Шыбындар әміршісі» формуласына маңызды сілтемесін, интерпретациясын тудырады, онда Аризона дайындық жасөспірімдерінің таңдалған жиынтығы жазғы стипендия бағдарламасы бойынша сынға түсіп, үлкендердің шектеулерінен босатылады. Негізгі оқиғалар 1980-ші жылдардың соңында орын алады, бірақ Кларк мезгіл-мезгіл драма үшін қазіргі уақытқа секіріп отырады, ондағы әңгімелеуші енді шындығы жоқ жемқорлықпен айналысатын журналистке (осы қақтығыстың ардагері) айналады.

Қорытындылай келе, Голдингтің шығармасына көп деңгейлі рецепция (қабылдау) идеясын қолдана отырып, зерттеуші оқырманның таным ауқымының қаншалықты кеңейетінін көреді. Талдау жасалған материал келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді: Уильям Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романы модернистік әлем бейнесін бірнеше жолдармен жеткізіп, интертекстуалдылыққа бай болып келеді. Жасалған зерттеу жұмысы ХХ ғасырдың бірінші жартысында жазылған көркем шығармалар алдындағылардан жазу стилі, қолданылған элементтері бойынша өзгешелеу келетіндігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Талданған бұл роман тақырыбынан бастап кейіпкерлерінің есімдеріне дейін интертекстуалды реминисценцияға бай екендігі айқындалды. Интертекстуалдылық мәселесін зерттеу нәтижесінде «Шыбындар әміршісі» романында 17 интертекстуалдылық, оның ішінде 4 реминисценция талданды.

Талдау жасалған материал келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді: Уильям Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романы модернистік әлем бейнесін бірнеше жолдармен жеткізіп, интертекстуалдылыққа бай болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Voicu Mihnea Simandan The matrix and the Alice books. – Lulu books, – 2010, 14-18 p.
2. Трофимова Т.Б. Литературно-философские реминисценции в цикле «Стихотворения в прозе» И.С.Тургенева (К проблеме поэтики): автор дис..канд.фил.наук.Санкт-Петербург -2004
3. Гребенникова Н.С. Зарубежная литература. ХХ век: Учебное пособие по курсу «История зарубежной литературы ХХ века» / Н.С. Гребенникова. – М., 1999. – С. 68
4. Голдинг У. Повелитель мух: Уильям Голдинг; [перевод с англ. Е.Суриц] (Эксклюзивная классика). –Москва: Издательство АСТ, 2016. – С. 317
5. Мекк Е.В. «Библизмы в произведениях У. Голдинга: функциональный аспект (на материале романа «Повелитель мух»)» -2016
6. Голдинг У. Повелитель мух. Пирамида.Чревычайный посол. – Сборник. Сост. М.М.Зинде. – На англ.яз. – М.: Прогресс, 1982. – С. 496

7. May Karen, Upton David "Ser Piggy": Identifying an Intertextual Relationship between William Golding's Lord of the Flies and George R. R. Martin's A Game of Thrones // Extrapolation. – Liverpool: Liverpool University Press, 2017
8. George R.R. Martin A game of thrones: Book One of A Song of Ice and Fire – Bantam, 2011. - 864 p.
9. Стивен Кинг Сердце в Атлантиде. - М.: Харвест, 2008. - С. 480

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ
LINGUA-CULTURAL LINGUISTICS

МРНТИ: 14.35.09

Сахитжанова З¹. Атаметова Д²

¹ф.ғ.к., Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

²Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР

Андатпа

Бұл мақалада антикалық және қазақ фольклорындағы мифтік образдарға қатысты ғалымдардың зерттеулері сараланып, олардың мифтік образдарға және ортақ сарындарға қатысты пікірлері назарға алынды.

Екі елдің фольклорындағы көне сарындар мен образдардың ортақ сипаттары тарихи-типологиялық және генетикалық зерттеу тәсілдері аясында қарастырылды.

Мақалада антикалық және қазақ фольклорында кездесетін түрлі көркемдік құбылыстардың атқаратын қызметіне де көңіл бөлінді. Осыған байланысты екі ел фольклорында кездесетін ортақ образдар мен сарындар сараланып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

Кілт сөздер: мифтік образ, ортақ сарын, көне сарын, көркемдік құбылыс, фольклор

Сахитжанова З¹ Атаметова Д². –

¹к.ф.н. МКТУ им.Ясауи

² магистрант МКТУ им.Ясауи

ОБЩИЕ МОТИВЫ АНТИЧНОГО И КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА

Аннотация

В данной статье анализируются исследования ученых, который относятся древних и мифических фигур в казахском фольклоре, их взгляды на мифические образы и общие мотивы.

Общие черты древних мотивов и изображений в фольклоре двух стран рассматривались в контексте историко-типологических и генетических исследований.

В статье также рассматривается роль различных художественных явлений, обнаруженных в древнем и казахском фольклоре. В связи с этим были проанализированы общие образы и мотивы, найденные в фольклоре двух стран, и были выявлены их сходства и особенности.

Ключевые слова: мифический образ, общий мотив, древний мотив, художественный феномен, фольклор

Sakhitzhanova Z¹ Atametova D²
¹candidate of Philology sciences MKTU them.Yassawi
²master-student MKTU them.Yassawi

COMMON MOTIVES OF ANTIQUITY AND KAZAKH FOLKLORE

Abstract

In this article scientists' research was analyzed. It is connected with ancient and mythical figures in Kazakh folklore, their views take cognizance on mythical images and general motives.

The common features of ancient motives and images in the folklore of the two countries were considered in the context of historical-typological and genetic research.

The article also examines the role of various artistic phenomena found in ancient and Kazakh folklore. In this regard, the general images and motives found in the folklore of the two countries were analyzed, and their similarities and features were revealed.

Key words: mythical image, common motive, ancient motive, artistic phenomenon, folklore

Ғайыптан туу мотиві фольклорлық даңқты қаһарманның ғұмырнамалық баянында тұрақты орын алады. Көне миф пен ертегілер қаһарманы жайындағы әңгімелерде аталмыш мотивтің матриархат дәуірі мен тотемизм түсінігіне негізделген көріністері тұрақты орын алса, батырлық жырлар мен аңыздарда ол түсініктің қоғам мен жаңа сұраныстың талабына сай өзгерген, түрленген түрі де кездеседі. Тұрақты мотивтердің қазақ фольклорындағы көрінісі туралы арнайы ғылыми еңбек жазған ғалым С. Қасқабасов ғайыптан туу мотивінің өзгеру эволюциясын (ерекше жағдайда туу, аталар аруағы арқылы туу, төтенше жағдайда туу) қазақ қоғамында орын алған патриархалды-феодалдық қоғамның ерекшеліктері тұрғысынан талдап көрсетеді [1, 235- б.].

Эпикалық жыр кейіпкерлерінің дүниеге келуі жөніндегі сюжет, ғажайып туу мотивтерінің түрлі эпизодтарымен толықтырыла түседі. Батырлық эпостардағы кейіпкерлердің ерекше жағдайларда дүниеге келуі жөніндегі мотив осы шығармалардың мазмұнын көркейте түсетін композициялық элемент ретінде даму процесін бастан өткізген.

Қазақ эпостарында болашақ батыр міндетті түрде ғажайып туу сарыны бойынша дүниеге келуі керек. Бұл орайда тек «Қамбар батыр» жыры ғана бұдан бөлек тұр. Дегенмен өзге эпостардың бәрінде бұл сарын әбден орнықты түрде қолданылған. Алпамыс та, Қобыланды да, т.б. кейіпкерлер перзентсіз қарттардың зарығып күткен, Құдайға, әулие, пірлерге жалбарынып, алыс жолдың азабын бастан өткізгеннен кейін ғана тілектері қабыл болатынын біледі. Алыс жолға жүрердің алдына кемтар мен қаріп – қасірдің бәрінің көңілін тауып, үлкен тойдың ретін жасауы – Құдайдың ризашылығын алуға бағышталған қарекет. Өйткені, ежелгі дәуірдің өзіндік айғағы бар.

Жоғарғы күштер араласқаннан кейін пайда болған бала бір ғана адамның баласы емес, бала батырлардың қысылғанында Құдайға, әулие, пірлерге жалбарынудың синкреттілігі олардың міндетті түрде жебеушілік қызметінің қатар көрінуімен де байқалады. Яғни тілеп алған бала батыр – кейіпкер образына қосылғанында оның қамқоршысы алдын ала белгілі болып отырады.

«В древнем эпосе этот мотив выступает, как правило, в виде утверждения божетсвенного происхождения героя», - дей отырып, Одессей Лаэрттың баласы деп

аталғанымен, «Илиаданың» бірнеше жолында «Зевстың ұлы» ал, осы шығарманың оныншы жырындағы 144- жолында «рожденным от зевса сыном Лаэрта» делінсе, Гектор Приамның баласы бола тұра, он үшінші жырдың елу төртінші жолында «гордится , что сын могучего Зевса», оның өзінің Зевстың ұлы екендігіне мақтанатыны туралы айтылғанына көңіл аудартады. Сөйтіп, бұл кейіпкерлердің туымын «двойная героическая гене - алогия» [2; 158] деп бағалайды. П. А. Гринцердің бұл пікірін, шындығында, түрік фольклорындағы кейіпкерлерге де қолдануға болады.

П.А. Гринцер айтқандай, қос шежірелікті мойындауға негіз болады. Өйткені, Алпамыс та, Құдайдан тілеп алған бала.

Сондықтан Алпамыстың отқа салса, жанбайтын, суға салса, батпайтын қасиеті бар екендіні дәне алтын заттардың тұрақты қолданылуы, Аналықтың түсіне аян берілгені, мұның бәрі бұл образдың алғашқы нұсқада эпикалық кейіпкердің мифпен байланысты мәңгі өлмес кейіпкер күйінде жасалғанын дәлелдейді. Яғни ол тек қалмаққа қарсы күрескен эпикалық мәндегі батыр – кейіпкер емес, мифтік түсініктердің ықпалды болған кездерінен бастап тұлғаланған образ деп тану қажет.

Егер Алпамысқа қатысты алтын заттар сарыны тек қазақ нұсқаларына ғана тән болса, жыршылардың кейіпкерді идеализациялау мақсатымен субъективті сананың жемісі ретінде бағалауға болар еді.

Түрік фольклорындағы бір батырдың мыңды жайрататын гротеск Гомердің «Илиада» шығармасында да орын алған. Мәселен, сегізінші жырда Теламонид Теврк троялықтарды шетінен жер жастандырғаны туралы баяндалған [2; 109]. – Одессейдің жалғыз қалған кезін пайдаланған троялықтар қоршап алғанына қарамастан ол қорқуды білмегені туралы айтылған (Ил. XI,174). Мұндай гротеск Агамемнонға (XI), т.б. батырларға да тұрақты түрде қолданылған.

Батырдың құлауын суреттегенде де осындай әсер байқалады. Мәселен, төртінші жырдың 461 – 463 жолдарында эпостық қаһарманның алып денесін көзге елестететіндей етіп суреттеген. Дегенмен Гомер шығармасының стадиялық ерекшелігін көрсететін көрініс Гекторға байланысты танылады. Түрік фольклорында ғажайып туу сарынымен дүниеге келген баланың кемшін тұсы бар деп айтылмайтыны белгілі, ал, Гекторға ақсақалдар кеңесі басу айтатын тұсы осы ретте көрінеді. Мәселен, олар Гектордың әскери өнерін мойындай отырып, оның өзін көпшіліктен ақылды санайтынын сынап, Зевс бір адамның бойына бар жақсылықты бермейтінін айтады (XII, 725 – 735). Мұндай таным архаикалық эпосқа тән емес.

Күн сәулесінен жүкті болу – күн культінен бе, әлде Құдайдың жерге түсуі ме деген сауалды қойған Г.Н.Потанин ойын түбегейлі ашып айтпаса да, күн сәулесінен пайда болған Шыңғыс ханның архаикалық толық есімі Чингис – Хаджир – бо тэнгриин- кубун, яғни Шыңғыс Хаджирғ аспан ұлы деп аталғап әпсанада құдайдың жерге түсу сарыны орын алған деп көрсеткен [3; 25]. Ғұндардың патшасы Еділ (Атилла) да шешеснің күн сәулесінен жүкті болу салдарынан туған. Ежелгі гректерде осыған ұқсас жағдай бар. Нақтырақ айтқанда, Аргос патшасы Арисийдің Даная есімді жалғыз қызы болған. Ол көргісі келген ол әулиеге барады, ал, қыздан туған ер бала оның өзінен өлтіретінін айтады. Патша тағынан айырылып қалу қауіпінен қорққан ол қызын мыстан жасалған үйге қамап ұстайды, ауа мен жарық түсуі үшін ол үйдің төбесінен тесік жасап қойған. Ол үйдің есігі құлптаулы, күзетшілері бар, соның өзінде Зевс ашық жерден алтын жаңбыр күйінде келіп, Даная содан жүкті болады. Сөйтіп, Персей есімді ол өмірге келеді. Шыңғыстың да шешесі қыз күйінде ер адамнан сақтану үшін бөлек жерде сақталған. Бірақ ол үйге түскен күн сәулесінен жүкті болады. Қызының жүкті болуын ел-жұрттың алдында ұят көрген әке жиенін шешесімен қоса сандыққа салып, суға жібереді. Намыстанған әкенің қызын да, жиенін де өлтірмеу себебі шығыс мәтінінде айтылмаған. Бірақ грек мифінде туысқанын қанын төккен, яғни адам өлтіру – қылмыс, ол үшін құдайдың қаһарына ұшырайды деген

сенім болғандықтан, мұндай әрекетке жол берілмей, ұятқа қалдырған қызын да, болашақта тағын тартып алатын жиенді де өлтырмей, сандыққа салынады деп түсіндірілген. Шындығында, бұл мәселенің бір жағы. Әлемдік фольклорда сандыққа сақтау – жазықсыз қуғын көрумен сабақтас кең тараған архаикалық сарын.

«Құдайдың берген баласы» деп айтылатын сөзге «тілеп алған» деген түсінік бар. П. А. Гринцердің «әкесіне көмектесетін ұлдың» өзі жоқта дүниеге келген баланың «Құдайдың көмекші етіп бергені» түрде түрік фольклорына катысты өрбітсек, Тайшық ханды өдтіруге Жәдігердің ат салысып, Алпамысқа көмекші болуы, батырлықтың ұрпақтар арқылы көрінуі ретінде қабылданады [4].

Гомер шығармасының стадиялық ерекшелігін көрсететін стадиялық эпитеттер де бар. Ал, грек мифологиясында Зевстің өз ұлдары мен қыздары бар, бірақ сонымен бірге өзге де құдайлар мен көптеген қаһармандар да Зевстің ұлы ретінде айтылады. Мәселен, Гектор өзінің ақылдылығымен, Приам дана сөздерді айта білуімен, Одиссей парасатты болуымен Зевске тең деп көрсетілген. Бұл, бір жағынан, эпикалық кейіпкердің жағымды образын аша түсу мақсатында қолданылатын эпитет. Зевстің ұлы деу мифтегі генеалогиялық шежіредің тыс кейіпкерге қолданылғанда ең үздік, ең мықты деген ауыспалы мағынаны танытуды да көздейді. «Почти каждый герой у Гомера «равен богу», «подобен богу», «похож на бога». Все эти «равен», «подобен», «похож» указывают только на поэтический перенос. Герой не может быть подлинным божеством или сыном бога. Он лишь подобен ему, похож на него Постепенно весь мир наяинает осмысляться божественным не в прямом смысле, а в переносном»[5; 211], - деген. А, А, Тахогидидің пікірі қазақ фольклорындағы батыр – кейіпкерлердің архаикалық түсінікке сай екенін дәлелдеуге негіз бола алады. Өйткені, қазақ фольклорында батырды Құдайға теңеу жоқ, олар «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» көрінуінде тотемдік танымның халық санасында терең із қалдырғанын және архаикалық эпостардың тамыр тарқан тарихи дәуірлерге сай нанымдары мейлінше тұрақты сақтап, қалғанын көрсетеді. Бұған ҮІІ ғасырдан бастап енген ислам дінінің де өзіндік ықпалы белгілі.

Әдебиеттер:

1. Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972. - 170 с.
2. Типология и взаимосвязи литератур древнего мира. - М.: Наука, 1971.-312 с.
3. Қазақтың мифтік әңгімелері. - Алматы: Ғылым, 2012. -320 б.
4. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы:Арыс, 2008.-320б.
5. Античность и современность. -М.: Наука, 2002. - 504 с.

МРНТИ: 14.35.09

Сахитжанова З. ¹ Исмаилова Н.²

¹ ф.ғ.к., Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

² Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

«КӨРҰҒЛЫ» – ӘЛЕМ ФОЛЬКЛОРЫНА ОРТАҚ ЖЫР

Аңдатпа

Бұл мақалада «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқалары туралы айтылған. Ұқсастықтары мен ерекшеліктері сюжет және мотив деңгейінде көрсетілген. «Көрұғлы» жырының түркі тілдес халықтарға танымал нұсқаларының өзара ұқсастықтарына қарамастан, әр елдің фольклорына тән даралығы да байқалып отырады. Сол себепті оларды әр елдің өзіндік эпикалық мұрасы ретінде қабылдаймыз. Жырдың шығыс және батыс нұсқаларына тән сюжеттік ерекшеліктері қарастырылып, бірінде (шығыстық нұсқалары) бас қаһарманның көрде туылуы, екіншісінде (батыс нұсқалары) Көрұғлы әкесінің көзінің ойылуы негізгі орында тұратыны сараланды.

Жырдың батыстық тобына жататын нұсқаларда кейіпкер әрекетін айқындайтын мақсат - кек қайтару болса, шығыстық топта (қазақ варианттарын қоса) бас кейіпкердің жеңгесін құтқару, Райхан Арабпен шайқасу, Күнхар ханмен соғысу мақсатында әрекет еткені дәлелденді.

Кілт сөздер: сюжет, мотив, фольклор, эпос, батыс және шығыс нұсқалары, типология, мифология

Сахитжанова З.¹ Исмаилова Н.²

¹*к.ф.н. МКТУ им.Ясауи*

²*магистрант МКТУ им.Ясауи*

«КОРУГЛЫ» – ОБЩИЙ ЭПОС ДЛЯ ФОЛЬКЛОРА МИРА

Аннотация

В этой статье речь идет о межнациональных вариантах произведения «Коруглы». Сходства и особенности представлены на уровне сюжета и мотива. Несмотря на взаимное сходство известных вариантов произведения «Коруглы» тюркоязычным народам, наблюдается и индивидуальность фольклора разных стран. Поэтому мы воспринимаем их как самостоятельное эпическое наследие каждой страны. Были рассмотрены сюжетные особенности, характерные для восточных и западных вариантов произведения, в одном (восточные варианты) анализировалось, что главным образом является рождение главного героя, во втором (западные варианты) - прорыв видного отца.

В образцах поэзия, относящихся к западной группе, определяющая цель в действиях персонажа – это месть, в восточной группе (включая казахские варианты) - спасение жены брата персонажа, сражение Райхан араб, с ханом Кунхар доказано, что он действовал с этой целью.

Ключевые слова: сюжет, мотив, фольклор, эпос, западные и восточные варианты, типология, мифология

Sakhitzhanova Z.¹ Ismailova N²

¹ *candidate of Philology sciences MKTU them.Yassawi*

² *master-student MKTU them.Yassawi*

«KORUGLY» – TOTAL POEM FOR WORLD FOLKLORE

Abstract

In this article has been talked about cross-national variants of «Korogly». Similarities and peculiarities are presented at the level of plot and motive. Despite the mutual similarity of the known versions of the work «Korogly» to the Turkic-speaking people, there is also an

individuality of the folklore of different countries. Therefore, we perceive them as an independent epic legacy of each country. The plot features typical for the Eastern and Western versions of the work were considered, in one (Eastern versions), it was analyzed that the main thing is the birth of the main character, in the second (Western versions) - cutting the eye of Korogly's father.

In versions belonging to the Western group of poems characteristic of the action of the hero is to take a revenge, in the Eastern group (depending on the Kazakh variations) saving the main character's brother's wife, the battle of Raihan Arab, Kunhar it is proved that he acted for the purpose of fighting the Khan;

Keywords: plot, motive, folklore, epic, Western and Eastern variants, typology, mythology

«Көрұғлы» эпосы - түркі тілдес халықтар арасына ең көп тараған фольклорлық туындылардың бірі. Оны қазақ, түрікмен, тәжік, әзірбайжан, қырым, сібір татарлары, өзбек, құмық, қарақалпақ және анадолы түріктерінің фольклорынан кездестіруге болады. Сол сияқты жыр араб елдері, армян, грузин, дағыстан және күрділер арасына да кеңінен тараған.

«Көрұғлы» жырының еларалық нұсқалары әр елдің ғалымдары тарапынан көптен зерттеліп келеді. Қазақ фольклортану ғылымында жырға қатысты ой-пікірлер қалдырған зерттеушілер санатында М.Ғұмарова, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Б.Әзібаева есімдерін атауға болады.

Көрұғлытанушылардың басым бөлігі эпостың ұлттық нұсқаларын типологиялық тұрғыда «батыс» және «шығыс» тобы деп екіге бөлген. Олар батыс тобына әзірбайжан, түрік, армян, күрді, грузин, дағыстан, қырым-татар нұсқаларын жатқызады.

Олардың көпшілігі әзірбайжан нұсқасынан бастау алады, соған көп жақын. Бұл нұсқалар оқиғаларды барынша өмір шындығына жақын бейнелеп, өзіне негіз болған тарихи оқиғалардың көптеген нышандарын танытады, өздерінің тарихи шындықтан бастау алғанын аңғартады. Жалалилер көтерілісіне қатысты кейбір оқиғалардың көрінісі осы батыс тобындағы нұсқаларда жақсы байқалады.

Эпостың шығыстық нұсқаларында батыстық топқа тән осы белгілер барынша көмескілене түскен. Оның көмескіленуіне парсы-тәжік мифологиясына тән элементтер мен исламға дейінгі архаикалық сарындар, ертегілік поэтикалық құралдардың көптеп енуі себеп болған. Әсіресе, қаһарманның туылуы ертегілік және мифологиялық ерекшеліктерге сай: бас қаһарман анасы қайтыс болып, жерленгеннен кейін, көрде туылады. Сондықтан, ол «көрде туылған бала», «көр баласы» мағынасындағы Көрұғлы деген атқа ие болады. Ұлттық нұсқаларда ол Героглы, Гургули, Гуругли, Гороглы, Гуроглы, Куроғлы деп дыбыстық тұрғыда вариацияланып кете берген. Эпостың батыстық тобында бұл ат бас қаһарманның әкесінің көзін шахтың (патшаның) ойдырып тастауына байланысты, «соқырдың баласы» деген мағынада жұмсалатыны белгілі.

Бұдан басқа да кейіпкер аттарының түрікмендік негіздері қазақ нұсқаларында жақсы сақталған. Бұл үрдіс тек атаудың дыбыстық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да көрінеді.

Сондай есімнің бірі - Безерген. «Безерген» деген сөз османлылар тілінде «саудагер» дегенді білдіреді [1, 92-6.]. «Көрұғлының» бастапқы нұсқаларында осман тілінің үстем болатын жөні бар, өйткені эпос қалыптаса бастаған XVI-XVII ғасырлардағы Оңтүстік Әзірбайжан Осман империясының қол астында болатын.

Оның үстіне, эпос пайда болған дәуірде өмір сүрген Көрұғлы жайындағы өлең-жырларды жинаған Әлияс Мушегян тарихи Көрұғлының ұлтын «түрік-осман» деп көрсеткен [2, 28-6.]. Эпостың батыстық тобына жататын туындыларда «Безерген» кісі аты емес, оның кәсібі ретінде көрсетіледі. Эпос нұсқаларында Безерген Көрұғлының жауы

ретінде көрсетіледі.

XIX ғасырдың бірінші жартысында поляк шығыстанушысы Александр Ходзько тарапынан жазылып алынған жыр нұсқасы ағылшын тілінде 1842- жылы жарияланған [3].

Эпикалық шындықтың тарихи негізіне барынша жақын деп есептелетін поляк ақыны, шығыстанушы А.Ходзько жариялаған Оңтүстік Әзірбайжанда жазылып алынған жыр нұсқасының жетінші бөлімі Көрұғлы мен Безергеннің күресіне арналған. Ол күресте Көрұғлы саудагерден жеңіліп, ұзақ уақыт бойы азап шегіп жүреді. Онымен келесі бір кездескенде, ескертусіз оның басын кесіп алады. Бірақ оны аңдаусызда өлтіргеніне өкініп жүреді [4,107-112-б.]. Б.А.Каррыев бұл эпизодты тарихи Көрұғлы жағында болған көтерілісшілердің жеңіліске ұшыраған сәттерінің көрінісі болу керек деп есептейді [5,34-б.].

«Безергеннің» қазақ нұсқасының түрікмен версиясынан стадиялық жағынан көнелеу екені байқалады. Қазақ нұсқасындағы кейінгі қоспа -Безергеннің Көрұғлы елін шабуға келуі, Көбіктінің аталуы болса, бұл қаһармандық эпоста жиі кездесетін сарын. Ал түрікмен версиясындағы Ағажүніс эпостың батыстық тобында жоқ. Оның үстіне, Безергеннің Ағажүніске ғашық болуы бергі дәуірдегі қоспа екені анық.

«Көрұғлы» сөзінің екінші буынына қатысты пікірін алғаш «Қазақтың лиро-эпосы» (1946) атты кандидаттық диссертациясында сабақтаған ғалым «Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарда бұрын «ұғлан» батыр деген сөзді білдірген. «Көрұғлы» - ұлы батыр, «Гөрұғлан» дегеннен шыққан» [6, 22-б.], - деп жазған.

Алайда, жырдың эпикалық айналымға түсіп, ежелгі Алтай аймағынан Орталық Азия, Кавказ жерлеріне тарауы, тарихи, шежірелік, ғұмырнамалық, сюжеттік тұтастануға түсуін кейінгі эпикалық дәстүр еншісіне жатқызуға болар еді.

Түрік және әзірбайжан тілдерінен аударғанда «гүр» сөзі «ұлы» деген мағынаны білдіреді [7, 106-б.]. Әзірбайжан және түрік версиялары «Kogoglu» деп аталады. Мұндағы «ког» сөзі қазақ тіліне «соқыр» деп аударылады [8, 144-б.].

Демек, көне түркі дәуірінде «ұлы» деген мағынаны білдіріп, бергін келе «көр» мағынасына ауысуы мүмкін. Бір атау түрлі ғасырда бірнеше стадиялық кезеңдерден өткен және ол әр заманда әр түрлі семантикалық мағынаға ие болған. Көне дәуірде «гүр» «ұлы» деген ұғым бері келе «соқыр» деген мағынаға, қазақ версияларында «көр» деген мағынаға ие болған. Бұл - еларалық нұсқалардағы ерекшеліктер.

XIII ғасырда көптеген түрік эмираттары Қараандар, Ментеше-огуллары және Гермийаногоуллары Анадолының оңтүстігіне және оңтүстік-батысына қоныстанды. Османдарға византиялықтармен үзбей соғысуға тура келді. Осман әскерлері шығыстан келіп жатқан түрікмендермен толығып отырды. Түріктерге «Көрұғлы» жыры осылай келуі де мүмкін. Осман шапқыншылығы кезінде қарамандар Анадолыдағы ең күшті және ұзақ өмір сүрген түрік династиясы деп саналды. Қарамандар патшалығының соңында 879-888/1474-1483 Қасым атауы бар [9,183-б.]. Жырдағы Қасым антропонимі осы Қасым атауымен байланысты болуы ықтимал.

К.Э.Босворттың «Мусульманские династии» деген еңбегінде: «Османы примыкали к сельджукиским султанам Коньи, однако приход монголов и упадок сельджукидов в XIII в заставили их переместиться на северо-запад Анатолии - в древнюю провинцию Бисинию [9,186-б.]» - делінген.

Бұл жердегі Бисін топонимі «Түрікмен Қасымхан» (Қалижан Өтешов) нұсқасында антропоним ретінде қолданылады:

Сейілханның баласы,

Түрікменнің жағасы

Асылда туған хан Бисін,

Ырғала басқан паң Бисін

Соғысқан жері қан Бисін [10,352-б.].

«Түрікмен Қасымхан» нұсқасында оларды мына үлгіде берген: Сейілхан-Батырхан - Бисінхан - Қабылхан - Хасанхан - Қасымхан. Осы үлгіге сүйенсек, Анадолының солтүстік батысындағы ескі провинцияның Бисін ханның атымен аталуы да ғажап емес.

«Көрұғлы» жырының түркі тектес және тілі, діні бөлек түрлі халықтар арасында кең тарауы, ең алдымен, тарихи-мәдени байланыс аясында дамыған эпикалық дәстүрдің қуаттылығымен түсіндірілмек.

«Көрұғлы» қандай жыр? деген сауал төңірегінде айтылған пікірлер жоқ емес. Бірақ түркі тайпаларына кең тараған жырда әр түрлі сюжеттік желілер қатар өмір сүріп келеді

Қазақ нұсқасында Шағдат ханның «Наубайдан туғанымды қайдан білдің?» - деген сұрағына Раушанбек төмендегіше жауап береді:

Қу басты, - Раушан айтты, - бердім сынап,

Басыңды «нан бер» дедің шайқаңқырап.

Тақ мініп, халық билеген патша болсаң,

Емес пе нан бер деуің ұятырақ?

Түйенің жампозын да сынап бердім,

Оны да қате болмай көзбен көрдің.

Онда бір шапан кигіз дей алмадың,

Дұрыс па нан бер деуі сіздей ердің? [10, 50-6.].

Мұны естіп ашуланған Шағдат хан Раушанбектің екі көзін ойғызады.

«Көрұғлы» жырындағы бұл сарын ағылшын басылымында да жақсы сақталған. Мұнда Раушан - Алидің әкесі. Болу бек Раушанды теңдесі жоқ ат әкелуге жібереді. Раушанның әкелген аттарына көңілі толмай, «мені мазақ еттің» - деп, Раушанның көзін ояды. Уақыт өте келе халық Алиді «Көрұғлы», яғни соқырдың баласы деп атап кетеді [3, 7-6.].

Он алты мәжілістен тұратын жырдың әзірбайжан нұсқасының бірінші бөлімі «Али Киш» деп аталады. Али Киш - Көрұғлының әкесі, Стамбул патшасының жылқышысы. Стамбул патшасы Али Киштің көзін ояды. Сол себепті он екі жасар Раушан көр соқырдың баласы - Көрұғлы атанады.

Әзірбайжан және түрік нұсқаларында сюжеттік ұқсастық басымдау. Олар этноним және топоним (Стамбул, Эрзурум, Токат, Сұлтан Паша) деңгейінде де кездеседі.

«Көрұғлы» жырының шығыс версиясында Райхан - араб жерінің қожасы, Көрұғлының жеңгесін алып қашатын адам, ал батыстық нұсқада - түрік пашасының әскербасы. Ол түрік пашасының қызын алып қашуға келген Көрұғлыны қоршап алуға бұйрық береді. Жырдың қазақ нұсқасында Көрұғлы Райхан арабпен соғысып, оны жеңіп барып татуласады.

Ағылшын басылымында бұл бөлім «Демирчиоглы және араб Райхан» деп аталады. Демирчиоглы - Эрзурумдағы атақты, ержүрек сарбаз, Көрұғлының досы. Ол араб Райханды айлалы әрекеттермен ұстап, Көрұғлыға әкеледі. Райхан араб Көрұғлымен өле-өлгенше дос болуға ант береді.

Батырлардың достасуы мотиві - қаһармандық жырларда жиі қолданылатын сарын. «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқаларында батырлар өзара ғана емес, жау батырымен де достасады. Бұған дәлел ретінде қазақ нұсқасында Көрұғлының Қызылбаймен, ағылшын басылымында Демирчиоглымен достасуын айтуға болады. Көрұғлының басты қарсыластарының бірі - араб Райхан жырдың еларалық нұсқаларында Көрұғлыдан жеңілген соң, кешірім сұрап, жанын аман алып қалады, содан кейін бас қаһарманның сенімді одақтасына айналады. Қазақ нұсқасында Көрұғлының кегін алу үшін Шағдат ханға қарсы аттанған төрт жүз мың қолға Райхан араб пен оның қолбасшысы - Қызылбай көп әскерімен қосылады.

Райхан арабпен достасу мотиві жырдың батыстық және шығыстық нұсқаларының барлығына тән.

«Көрұғлы» жырындағы мотивтер жүйесі жырдың еларалық нұсқаларының барлығынан бірдей көрініс таппағаны, жырдың батыстық (әзірбайжан, түрік) және шығыстық (қазақ, түрікмен, тәжік, өзбек, қарақалпақ) нұсқаларындағы мотивтердің айырмашылықтары елеулі.

Сонымен, «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқаларының өте көп екендігі анықталды. Олар бірқатар түркі тектес халықтарға ортақ болса да, ұқсастықтарымен қоса айырмашылықтары да аса елеулі. Жырдан көрініс тапқан көптеген ортақ сарындар жыр сюжетінің о баста бір түбірден тарап, ортақ фольклорлық дәстүр шеңберінде болғанын байқатады. Ал өзіндік ерекшеліктері әр жырдың кейінгі халықтық, ұлттық сипаттарын айқындауға қызмет істейді.

Әдебиеттер:

1. Devellioglu F Osmanlica-Turkce ansiklopedic Lugat. – Aydin kitabevi yayinlari. - Апкага, 1999.-1195s.
2. Кер-оглы. Народный эпос - Ереван:Арм ФАНД941.
3. Chodzko A. Popular poetry of Persia as Found in the Adventures and Improvizations of Kurroglou, the bandit – Minstrel of Northern Persia and in the songs of the people inhabiting the stories of the Caspian sea. – London, 1842.-345p.
4. Каррыев Б.А. Эпическое сказание о Кероглы у тюркоязычных народов.- М.: Наука, 1968.- С.260.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақтың лиро-эпосы// Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор.1-т-Алматы: ҚазақССРҒА, 1948.-228б.
6. Рыбальченко Т.Е. Турецко-русский и русско-турецкий словарь.-М.: Русский язык-Медиа, 2003.- 695с.
7. Азербайджанско-русский современный словарь.-М.: Лингвист, 2002.-214с.
8. Босфорт К.Э. Мусульманские династии.- М.: Наука, 1971.-324с.
9. «Көрұғлы» // Батырлар жыры. 4-т. Құраст. М. Ғұмарова, Ж. Әбішев. - Алматы: Жазушы, 1989. - 400 б.
10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 48-том. Көрұғлы. Томды құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазғандар: Әзібаева Б., Ақан А. Алғы сөзін жазған Әзібаева Б. - Астана: Фолиант, 2006. - 536 б.

МРНТИ: 14.35.09

Г.С. Махарова¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

оқытушы, педагогика ғылымдарының докторанты

Алматы қ., Қазақстан

**ЛИНГВОДИДАКТИКА ТІЛ ОҚЫТУ МЕН ҮЙРЕНУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ
РЕТІНДЕ**

Аңдатпа

Мақала лингводидактика пәніне арналады. Лингводидактика тілді үйретудегі теориялық заңдылықтарды қамтитын ғылым ретінде сипатталады. Қазіргі таңда ағылшын тілін оқыту мен үйренудегі лингводидактиканың негізгі бағыт-бағдары, қызметі, мақсат, міндеттері қарастырылады. Лингводидактиканың тіл оқытудағы негізгі қағидалары баяндалады. Жоғары оқу орындарындағы «көптілді білім беру» саласындағы мамандықтарға негізделген. Әдістердің ағылшын тілінде оқытылатын сабақтарда қолдану қажеттілігі теориялық тұрғыда берілген.

Кілт сөздер: лингводидактика, тілді оқыту, әдіснама, ағылшын тілі, білім беру үрдісі, лингводидактикалық қағида.

Махарова Г.С.¹

¹КазНУ им. аль-Фараби

преподаватель, докторант педагогических наук

Алматы, Казахстан

e-mail: gauhar727@mail.ru

ЛИНГВОДИДАКТИКА КАК МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПРЕПОДАВАНИЯ И ИЗУЧЕНИЯ ЯЗЫКА

Аннотация

Статья посвящена теме лингводидактики. Лингводидактика описывается как наука, охватывающая теоретические закономерности в преподавании языка. Рассматриваются основные функции направления, цели и задачи лингводидактики в преподавании и изучении английского языка в настоящее время. В нем изложены основные принципы лингводидактики в преподавании языка. Основано на специальностях в области "полиязычного образования" в высших учебных заведениях. Необходимость использования методов изучаемых предметов на английском языке даны теоретической форме.

Ключевые слова: лингводидактика, преподавание языка, методология, английский язык, учебный процесс, лингводидактические принципы.

Makharova G.S.¹

¹KazNU named after al-Farabi

teacher, doctoral student of pedagogical Sciences

Almaty, Kazakhstan

LINGUODIDACTICS AS A METHODOLOGICAL FOUNDATION OF TEACHING AND LEARNING LANGUAGE

Abstract

The article is devoted to the topic of linguodidactics. Linguodidactics is described as a science, covered theoretical patterns in teaching language. The basic functions of the orientation, aims and objectives of linguodidactics in teaching and learning English language are considered. The basic principles of linguodidactics in teaching language outlined. Based on specialties of the field of "multilingual education" in higher educational institutions. The need to use the methods of the subjects studied in English given in a theoretical form.

Keywords: linguodidactics, teaching language, methodology, educational process, linguodidactic principles.

Introduction. The current stage of development of higher pedagogical education features are connected with the practical implementation of the new educational paradigm aimed at creation of continuous education system, formation of scientific thinking style, enrichment of future specialists with information-educational base. Realization of the trilingual education development roadmap for 2015-2020 years in our republic will provide updating of educational programs content at all levels of education, in particular primary education. Currently, the problem of teaching future primary school teachers in foreign languages is becoming increasingly relevant. This is due to the rapid development of foreign relations, the determination of the position of our state in the world and the ongoing process of international integration. The English language has become the global language of contemporary times because of its wide use in several countries. Increasingly, people use the English language in technology, tourism, science, sports, aviation, and business, among others. Those who learn English, therefore, can increase their access to knowledge through information obtained from other countries. According to Paiva, studying English has become a worldwide phenomenon, teaching and learning English as a foreign language has social and political implications. Currently, students have contact with the English language through various means of communication, such as radio, the internet, television, international news agencies, communication systems, games and computers. The English language status sighted in the great number of publications, business names and magazines, which are full of English expressions, published even those countries official language is not English. Learning the English language today is as important as learning any profession. [3.70]

According to the teachers of public schools, who believe that the main reasons for the need to learn English are to make students citizens of the world, to equip students with this language widely used in the labor market and to qualify students in accordance with the demand of contemporary society. Considering the questions about education quality, we should evaluate both economic and social conditions of forming educational space and conditions of the person's life. Only those conditions, which are to a certain extent favorable for the individual, can positively influence educational space. However, forming educational space is also impossible only from subject-related position as it does not allow providing proper socio-economic conditions as well as solving the problems of state and society as a whole. Education is as a social process that arose with the advent of society and improves in accordance with its development. This process is considered as a transferring experience, primarily knowledge about the surrounding reality, which reflected in the language. The students not only acquire the relevant knowledge using language in the learning process, but also created the person. In modern pedagogical science, current foreign language teaching methodology consists of teaching language methods and pedagogical technology. In the language teaching methodology the stages of scientific development of language teaching methods are defined in three levels methodology, linguodidactics and technology. "Linguodidactics is language teaching theory, the integration of linguistics and didactics." Linguodidactics provides the interaction of several independent and at the same time interrelated scientific disciplines: methodology, linguistics, pedagogy, psychology and psycholinguistics; is a linguistic base for teaching foreign languages. For the first time the word appeared in the works of a German teacher Wolfgang Ratke (Ratichia) (1571–1635) to denote the art of learning. The same way, Y.A Komensky interpreted didactics as a "universal art of learning all to everything." At the beginning of the XIX century, German teacher I.F. Herbart gave the status to didactics "holistic and consistent theory of upbringing education." The main task of didactics remains unchanged in Ratikhia - deal with the problems: what to teach and how to teach; modern science intensively explores also problems: when, where, whom and why to teach [4.22]. According to K.D. Ushinsky "We don't tell educators - act one way or another, but we say - study the laws of the processes you are dealing with and act in accordance with these

laws.” [4.25]. Approach learning for foreign language, as acquisition of new grammatical systems, even belonged to linguodidactics in the 70's of the last century. Nevertheless, if we look through the history of linguodidactics, you can discover that the self-sufficiency of grammar questioned by Y.A Komensky, who believed that learning languages (like native and foreign) should be carried out simultaneously with the development of the world of things. Thus the didactic principle of visualization appeared. According to Y.A Komensky” mastery of the language without appealing to non-linguistic reality leads to the fact that the student uses the words without investing in them an adequate meaning to that which the native speaker puts into them. This phenomenon is known as verbalism.” The subject of linguodidactics is the description of the linguistic systems for its further application in order to teach both the native language and any foreign language [4.26]. The development of two interconnected processes as man's knowledge of the world and transferring of accumulated knowledge to a new generation is prerequisite for the progress of any society. Linguodidactics is a theoretical part of the language teaching methodology that arose because of the linguistics and methodology integration. M.N. Shansky introduced the term in 1969 and in 1975 recognized as international term. The object of linguodidactics is the theoretical justification of the process of teaching languages and its research: concepts, principles, content of language education, organizational forms of learning, research mechanisms and designing of the learning process [1.29].

According to A.N. Schukin: “considered description of linguodidactics includes the study of the similarities and differences of languages, analysis of the language content and structure of being studied, drawing up linguistic minimums for educational purposes and a number of other problems, emerging at the intersection of linguistics and pedagogy. Over the past quarter century, empirical and theoretical baggage has been significantly accumulated in the framework of linguodidactic research, which opens up the possibility of expanding areas or branches of linguodidactics. The subject of linguodidactics is a theoretical justification and understanding of the laws governing the interaction of language teaching (teacher's activity), teaching (student's activity), principles of selecting the content of educational material and technology for mastering personalized knowledge. Linguodidactics explores the laws of mastering any language, regardless of whether it acts as the first, the second or the third. G.I. Bogin was one of the first in the early 80s of the last century who built the linguodidactic model of a linguistic personality noted that, the central figure of linguodidactics as a science is the linguodidactic model of a linguistic personality. [2,29]

Doctor of Pedagogical Sciences A.S. Markosyan] understands linguodidactics as the principles of describing a language for teaching purposes. The basics of professional linguodidactics were developed by prominent scientists (Akhmanova O.V., Verbitsky A.A., Galskova N.D., Girina A.Ch., Druzhinina M.V., Yerchak N.T., Zimnyaya A.A., Krupchenko A.K., Kuznetsov A.N., Leontev A.A., Minyar-Beloruchev R.K., Ter-Minasova S.G., Sysoev P.V., Khaleeva I.L., Tsaturova I.A., Yakovleva E.B.). The ratio of linguodidactics and professional linguodidactics is the ratio of the whole and its part. If linguodidactics considered as a general theory of language teaching, then professional linguodidactics is designed to formulate the basic principles and laws of foreign professional education, using empirical data initially and then scientifically based. All of the above allows us to state the fact that professional linguodidactics is developing as a branch of linguodidactics with its goals and content [2.18].

Methods. Linguodidactics aims to create an objective scientific base for the formation of suitable methods of teaching foreign languages, description of the mechanisms of language acquisition, management of learning processes.

In the textbook "Theory of teaching foreign languages" N.D. Galskova and N.I. Gez noted that the peculiarity of linguodidactics is that, it must be based on the "philosophy of language, linguistics, psychology, the theory of intercultural communication, the theory of mastering a second language, psycholinguistics, etc [6,7].

Linguodidactics aims at the linguistic personality formation, taking into account personal individual qualities such as the level of proficiency in the native language and based on this the second language, the ability of speaking the native language, the acquisition of intercultural education and skills of mastering. The linguodidactic approach determined by the following learning objectives: the formation of communicative competence, the development of intercultural knowledge and the interaction ability in conditions of intercultural communication. One of the linguodidactic aspects of the foreign languages learning approach is the formation of communicative competence, which includes linguistic competency, in which the language learner is able to use lexical-terminological units, implement grammatical and syntactic constructions in speech. Communicative competence also includes social cultural knowledge, the geographical, historical and cultural characteristics of the country, which reflected in the construction of speech behavior in the communication process. The communicative competence also includes strategic, which means the ability to compensate for the lack of knowledge in the process of speech by replacing word forms and building a speech situation on semantic synonyms, simplifying the grammatical construction of sentences. In this regard, communicative competence is achieved through staged and progressive learning. At the initial stage, the teacher gives a language minimum: a description of the initial lexical units, the initial grammatical constructions; the formation of an active and passive dictionary, an initial comparison of all forms of the native language and a foreign language. Later, there is a deepening of teaching the foreign language in all aspects: semantic, syntactic, grammatical and phonetic. In other words, teaching should adhere to the principle of the language material gradation. In the process of learning, it is necessary to form a linguistic personality with the ability to analyze the received material.

When we teach or learn any foreign language, we rely on its similarities and differences with the native language, the language should be perceived in a holistic structure, including features, means, particular phenomena, linguistic construction of the language [6.8].

Teachers and students are two of the main agents involved in the complex language teaching processes and learning, and it can be argued that they are both responsible in coping with the deep changes that the English language is going through [7.2]

Linguodidactics as a science is intended to comprehend and describe the linguocognitive structure of a linguistic personality, justify the conditions and patterns of its development as a desired result in the process of teaching and learning of any necessary language.

Basic linguodidactic principles: the visibility principle, the verbal-shaped principle, the principle of accessibility, the principle of consciousness and activity, the principle of strength in mastering knowledge and skills, the principle of the connection of theory with practice

The visibility principle. It is known that in the process of learning a language all human senses are involved, therefore the principle of visualization is implemented because of all sensory perceptions of objects and phenomena. However, the throughput of the senses and communication channels of a person with the outside world is different. Thus, the principle of visibility should be in the first place, because it provides support not only for vision, but also for all other senses. K.D. Ushinsky noted that the more involved the sensory organs are in the perception of any impression, the stronger it is in our memory. The use of visual aids not only contributes to effective assimilation of relevant information, but also activates students cognitive activity, develops their ability to connect theory with practice, builds skills, educates attention, and increases interest in general learning [4.78].

Verbal-shaped visualization is a specific type of visualization. It includes verbal descriptions of various kinds of sound means (for example, tape recordings). All these basic types of visibility often fulfilled by another kind - internal visibility, when the students rely on the previous experiences in the learning process, especially when they are proposed to imagine any situation or phenomenon.

The principle of accessibility is that, the accessibility should not be replaced by effortless training should not be done without the strain of students' mental powers. A number of factors determines accessibility: observing the principles of didactics, selecting the content of the material, using a more effective studying system and more rational working methods, and the teacher' skills. The training assignments accessibility should not be equated with its complexity. It can be difficult for one student and quite easy for another. Therefore, the availability of material depends on the student's intellectual ability level and his native language similarity [4.80].

The principle of consciousness and activity

One of the most important learning objectives is to form the students' right attitude to the real surrounding in the process of mastering foreign language, in the new language condition, spatial, and natural environment. Consciousness in understanding assignments by the students in many ways depends on the activities of the teacher, who must monitor their attention, stimulate the learning process by stating particular problems. V.V. Davydov in his work "Types of communication in training." emphasizes that it is necessary to form not only knowledge about the external attributes of objects or phenomena in the learning process, but also an attitude of studying the internal properties of the object or phenomenon based on. In order to implement the principle of consciousness and activity, it is necessary to generate interest not only in the content of the studying material, but also in the learning process itself. The observance of this didactic principle is of great importance, "convictions cannot be bought in a shop," as wrote D.I. Pisarev, the didactic principles are formed in the cognitive activity process [4.82].

The principle of strength in mastering knowledge and skills

The principle of strength related to the student's ability to reproduce the learned assignments and taking advantage relevant knowledge in practice, i.e. strength is not only deep consciousness, but also the ability to use what memory has (the main feature of this principle). The strength of memorizing information is greatly enhanced through the systematic repetition. In addition, to mechanical memory, extra mental operation is also included, which allows to understand and comprehend studied information, and therefore is better to remember it. However, that is not a mechanical repetition of the covered material, to repeat means to reproduce the learned with the new information, to link the studied assignments with new facts, with personal experience and personal observations. Generally, such repetition skill will create an interest in learning language.

The principle of the of theory integration with practice. The main feature of this principle is that students' understanding the importance of theory in practice, to be able to apply the acquired knowledge, to solve practical problems. Learning in and from practice is accomplished not only by placing student teachers in classrooms. It can also happen through "strategic documents of practice" using classroom plans, videotapes, and work samples that can be systematically studied by groups of teachers who focus their analysis on particular ideas or practices. Such skills are the most important criteria for the quality students' knowledge. The principle of the connection between theory and practice closely related to the process of education through the language, with the help of the language in the studying process, which includes the communicative, cumulative and discursive functions of the language. Thus, linguodidactic principles proper together with philosophical principles form the theoretical basis of linguodidactics as a scientific discipline[4.85].

The fundamental regularity of the teaching methods of any subject, including the language, depend on the content selection, tools, methods of teaching objectives, solving problems, students' level of preparation, the level of complexity and the absorbed material. As regard the teaching method, teachers must decide their teaching methods and approach in the pedagogic process of ESL teaching. A method can be described in three different levels—approach, design and procedure (Richards & Rodgers). An approach refers to theories about the nature of

language and language learning that serves as the source of practices and principles in language teaching. Theories also inform this level: for instance a structural view — the view that language is a system of structurally related elements for the coding of meaning; the functional view — language as a function of meaning in communication and the view that language is for interaction (interactionist). These provide a particular framework that may motivate a particular teaching method. The design is the level of method analysis, which considers:

a) what the objectives of the method are; b) how language content is selected and organised within the method, that is, the syllabus model the method incorporates; c) the types of learning tasks and teaching activities the method advocates; d) the roles of the learners; e) the roles of teachers and f) the role of instructional materials. In this direction, the aim of any kind of research – to investigate whether different didactic strategies based on the four skills (listening, speaking, reading and writing) can contribute to improve the process of teaching and learning English. **79**

Results. Teachers' knowledge of about the subject and how to make it accessible to others relies on understanding of both the content and of the learning process. Teachers need to possess a rich, coherent conceptual map of the discipline; an understanding of how knowledge is developed and validated within different social contexts; an understanding of why the subject is important; and an understanding of how to communicate knowledge of that subject to others. This, in turn, requires an understanding of learners and their development [8, 121] Effective teachers engage students in active learning—debating, discussing, researching, writing, evaluating, experimenting, and constructing models, papers, and products in addition to listening to and reading information, watching demonstrations, and practicing skills. They make their expectations for high-quality work very clear, and they provide models of student work that meets those standards. They also provide constant feedback that helps students improve as they continuously revise their work toward these standards. They design a well-functioning, respectful classroom that allows students to work productively [8.112]. Preparing teachers to learn from teaching throughout their careers requires a set of tools that develop the skills and practices of systematic, purposeful inquiry, and critical reflection. Many teacher educators develop these abilities by engaging student teachers in systematic research in their classrooms and schools. Such experiences not only can help teachers deal with the complexity of practice but also help overcome some of the limitations of their preconceived notions about teaching [8,129].

Discussion Today it is important to improve the quality of future primary school teachers.

The relevance of the professional linguodidactics development in modern conditions determined by creating the professional competitive specialists in teaching process - a key requirement of higher education standards.

Conclusion. With the opening up of political, economic and cultural contacts with the rest of the world during the current decade, the need for communication in English has also developed. Multilingual education is the key to create a multicultural personality. Multilingualism is the demand of contemporary life and all human qualities as the spiritual well-being, upbringing, and education attained through language. In this regard, the training of future primary school teachers as a multilingual person is also a requirement of modern. In the future, the aforementioned issues will provide the need for the purpose of training multilingual specialists in higher education institutions.

Список литературы

1.Ворожцова И.Б. Основы лингводидактики. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальностям «Филология», «Теория и методика

преподавания иностранных языков и литератур» - Ижевск: Удмуртский государственный университет, 2007-113 стр.

2. А.К.Крупченко А.Н. Кузнецов ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ Монография ЛИНГВОДИДАКТИКИ 31.05.2015. Издательство Академии 232 стр. повышения квалификации и профессиональной переподготовки работников образования, -Москва, Головинское шоссе, д. 8, корп. 2а.

3. Didactic strategies for teaching English in elementary education, page70

Meirilene Alves Fernandes, Vera Lucia Felicetti, Antonio Filipe Maciel Szezecinski Received: 03/04/2019 Approved: 04/03/2019

4 Шаклеин В.М. .Русская лингводидактика: история и современность: Учебное пособие. – Москва, 2М.: РУДН, 2008. – 209 с. Инновационная образовательная программа Российского университета дружбы народов.

5. Ф.М.Литвинко. УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ Лингводидактика как учебный предмет в профессиональной подготовке учителей-словесников,1-21 81 05 Инновации в обучении языкам как иностранным
[psihdocs.ru > lingvodidaktika-kak-uchebnij-predmet-v-professionalen](http://psihdocs.ru/lingvodidaktika-kak-uchebnij-predmet-v-professionalen)

6 Вербицкая В.Д. Психолого-педагогические и лингводидактические аспекты обучения иностранным языкам в неязыковых вузах. *Гуманитарный вестник*, 2015, вып. 8. URL: <http://hmbul.bmstu.ru/catalog/edu/pedagog/294.html>
Статья поступила в редакцию 19.06.2015

7. Lady Stephenson Library, Newcastle upon Tyne, NE6 2PA, UK New Frontiers in Teaching and Learning English Edited by Paola Vettorel. This book first published 2015. Cambridge Scholars Publishing 978-1-4438-7458-8-sample

8. A Good Teacher in Every Classroom: Preparing the Highly Qualified Teachers/ page 121 Preparing the Highly Qualified Teachers Our Children Deserve. Published by Jossey-Bass. Copyright © 2005 by John Wiley & Sons, Inc. Reprinted with permission of John Wiley & Sons, Inc. The National Academy of Education Committee on Teacher Education edited by Linda Darling-Hammond and Joan Baratz-Snowden <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ750647.pdf> electronic source. 1.Vorozhtsova I.B. Fundamentals of linguodidactics. Textbook for students of higher educational institutions studying in the field of “Philology”, “Theory and Methods of Teaching Foreign Languages and Literatures” - Izhevsk: Udmurt State University, 2007-113 pp.

References

1. I.B. Vorozhtsova Fundamentals of linguodidactics. Textbook for students of higher educational institutions studying in the field of “Philology”, “Theory and Methods of Teaching Foreign Languages and Literatures” - Izhevsk: Udmurt State University, 2007-113 pp.

2. А.К.Крупченко А.Н. Кузнецов BASES OF PROFESSIONAL Monograph LINGUODIDACTICS 05/31/2015. Academy Publishing House 232 pages of advanced training and professional retraining of education workers, Moscow, Golovinskoye Shosse, 8, bldg. 2a.

3. Didactic strategies for teaching English in elementary education, page70

Meirilene Alves Fernandes, Vera Lucia Felicetti, Antonio Filipe Maciel Szezecinski Received: 04/03/2019 Approved: 04/03/2019

4. Shaklein V.M. .Russian linguodidactics: history and modernity: Textbook. –Moscow, 2M .: RUDN, 2008. - 209 p. Innovative educational program of the Peoples' Friendship University of Russia.

5. F.M. Litvinko. EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL MATERIALS Linguodidactics as a subject in the training of vocational teachers, 1-21 81 05 Innovations in teaching languages as foreign
psihdocs.ru ›lingvodidaktika-kak-uchebnij-predmet-v-professionalen

6. Verbitskaya V.D. Psychological, pedagogical and linguodidactic aspects teaching foreign languages in non-linguistic universities. Humanitarian Bulletin, 2015, no. 8. URL: <http://hmbul.bmstu.ru/catalog/edu/pedagog/294.html>
The article was received on June 19, 2015.

7. Lady Stephenson Library, Newcastle upon Tyne, NE6 2PA, UK New Frontiers in Teaching and Learning English Edited by Paola Vettorel. This book first published 2015. Cambridge Scholars Publishing 978-1-4438-7458-8-sample

8. A Good Teacher in Every Classroom: Preparing the Highly Qualified Teachers / page 121 Preparing the Highly Qualified Teachers Our Children Deserve. Published by Jossey-Bass. Copyright © 2005 by John Wiley & Sons, Inc. Reprinted with permission of John Wiley & Sons, Inc. The National Academy of Education Committee on Teacher Education edited by Linda Darling-Hammond and Joan Baratz-Snowden <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ750647.pdf> electronic source .

МРНТИ: 14.35.09

Құрмаш С.С.¹

¹Әл Фараби атындағы Қазақ ҰУ, шығыстану факультетінің 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан, syrymqurmash@mail.ru

СОЛТҮСТІК АФРИКА АРАБ ЕЛДЕРІНДЕГІ “АРАБ КӨКТЕМІНЕН” КЕЙІНГІ МОДЕРНИЗАЦИЯ

Аңдатпа

2010 жылдың соңынан бастап, Тунис тұрғындарының арасында, үкіметтің билігіне қарсылық пен наразылық дауылы елді шарпыған болатын. Кеңінен тараған көтеріліс ақырында Тунис билігінің отставкаға кетуімен аяқталды. Танымал бұқаралық ақпарат көздерінде наразылықтар көптеп қозғалып, “Араб көктемі” деген атпен белгілі болды. Бұл атау Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка араб елдерінде өткен көтерілістерге қатысты қолданылады. Мақалада Тунис жастары мен әлеуметтік желінің “Араб көктеміндегі” рөлі талқыланады. Тунистегі көтерілістің нәтижелерін анықтай отырып, аймақтағы жағдайдың одан әрі дамуына баға беріледі. Жастардың Тунис революциясына белсене қатысуының бір себебі, Әл-Буазизидің 27 жасында Тунис үкіметінің әділетсіздігіне қарсы өзін-өзі өртеуі себепші болды. Бір-екі сағаттан кейін Әл-Буазизидің пікірлестері наразылықтарын білдіру үшін орталықта жас адамдардың тобыры жинала бастады. Назылық толқыны

Кассерин, Гафса, Сфакс сияқты басқа қалаларға тарап және полиция тарапынан қарулы қарсылық көрді. Нәтижесінде 18 жасар екі адам өлтірілді. Осы оқиғаға дейін бір апта бұрын Әл-Буазизидің өзін-өзі өртеуі, Тунис билігінің зорлық-зомбылығы мен әділетсіздігін тоқтату мақсатында Тунис жастарының бірігуіне айтарлықтай ықпал етті.

Кілт сөздер: араб көктемі, Тунис жастары, әлеуметтік желі, авторитарлы режим, ереуілдер мен толқулар

С.С. Курмаш¹

¹*Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, магистрант 2 курса, востоковедение, Алматы, Казахстан syrymqurmash@mail.ru*

МОДЕРНИЗАЦИЯ АРАБСКИХ СТРАН В СЕВЕРНОЙ АФРИКЕ ПОСЛЕ "АРАБСКОЙ ВЕСНЫ"

Аннотация

С конца 2010 года в тунисском городе разразилась буря, протестов против правительственных властей. Широкое восстание в конечном итоге привело к отставке тунисских властей. Протесты широко распространились в популярных средствах массовой информации и стали называться «арабская весна». Название используется в связи с восстаниями в арабских странах Ближнего Востока и Северной Африки. В статье рассматривается роль тунисской молодежи и социальной сети в «Арабской весне». Итоги восстания в Тунисе будут оцениваться для дальнейшего развития ситуации в регионе. Одной из причин, по которой молодые люди активно участвуют в тунисской революции, является самовозгорание Аль-Буазизи против несправедливости тунисского правительства в возрасте 27 лет. Час или два спустя толпа молодых людей собралась в центре, чтобы выразить протест против комментариев аль-Буазизи. Волна протеста привела к другим городам, таким как Кассерин, Гафса и Сфакс, и была вооружена полицией. В результате двое 18-летних были убиты. За неделю до инцидента самовозгорание Аль-Буазизи оказало значительное влияние на воссоединение тунисской молодежи, чтобы положить конец насилию и несправедливости в Тунисе.

Ключевые слова: арабская весна, тунисская молодежь, социальные сети, авторитарный режим, забастовки и волнения

Kurmash S.S¹

¹*Kazakh National University Al-Farabi, 2-year graduate student, Oriental studies, Almaty, Kazakhstan syrymqurmash@mail.ru*

MODERNIZATION OF ARAB COUNTRIES IN NORTH AFRICA AFTER THE "ARAB SPRING"

Abstract

Since the end of 2010, a storm has erupted in the Tunisian city, protests against government authorities. The widespread uprising eventually led to the resignation of the Tunisian authorities. Protests spread widely in popular media and became known as the "Arab Spring." The name is used in connection with the uprisings in the Arab countries of the Middle East and North Africa. The article examines the role of Tunisian youth and the social network in

the Arab Spring. The results of the uprising in Tunisia will be evaluated for the further development of the situation in the region. One of the reasons young people are actively participating in the Tunisian revolution is the spontaneous combustion of Al-Boisizi against the injustice of the Tunisian government at the age of 27. An hour or two later a crowd of young people gathered in the center to protest al-Boisizi's comments. A wave of protest led to other cities, such as Kasserin, Gafsa and Sfax, and was armed with police. As a result, two 18-year-olds were killed. The week before the incident, Al-Boisizi's spontaneous combustion had a significant impact on the reunion of Tunisian youth in order to put an end to violence and injustice in Tunisia.

Keywords: Arab spring, Tunisian youth, social networks, authoritarian regime, strikes and unrest

Қазіргі таңда Тунис революциясының себептері сыни тұрғыда қарастырылуда. Өйткені Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағындағы ереуілдер мен толқулардың себептері Тунистен бастау алған еді. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка араб елдеріндегі қақтығыстар Тунистегідей бейбіт түрде болмады. Марк Сильвербергтің пікірі бойынша:

«Тунистегі революцияға идеология да, дін де, демократия үшін күрес те түрткі болмады. Оның нағыз катализаторы миллиондаған Тунистіктердің әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі еді».

Тунис революциясының нәтижесі әлемдегі ең репрессивті автократиялық режимдердің бірін құлатуға әкелді [4, 35 бет]. Тек Тунис тұрғындары ғана емес, Араб әлемінің көпшілігі қысым мен зорлық-зомбылықтан, қанаудан құралған авторитарлы режимге қарсы толқуға үн қосты. Сондықтан Тунис революциясы Араб әлеміндегі әділеттіліктің орнауы мен теңдік үшін күрес кезеңінің бастауы болды.

1987 жылы министрлер кабинеттің кезекті қайта құрылуы кезінде Бургиба Бен Алиді ішкі істер министрі дәрежесіне дейін көтерді. Сол жылдың 2-ші қазанында Тунис Республикасының премьер-министрі етіп тағайындалды. Бен Алиді ресми саяси-мұрагері ретінде танып, социалистік партиясының бас хатшысы етіп тағайындады. Премьер-министр болып тағайындалған күні Бен Али саяси бағдарламасының мақсаты - Тунисте әділеттілік пен толеранттылыққа негізделген гүлденген, ашық, бейбітшіл қоғам құру екендігін мәлімдеді.

1989 жылы президент үкіметке бірнеше проблеманы шешуді ұсынған экономикалық бағдарлама жасауға бұйырды. Олар :

- өндірісті ұлғайту үшін инвестиция көлемін ұлғайту;
- ұлттық өнімдер экспортын арттыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу;

Тунис президенті Бен Али Тунисті 24 жылдан астам уақыт бойы, 1987 жылдан 2011 жылға дейін басқарған. Саяси прогрестің құлдырауына, сондай-ақ әлеуметтік әл-ауқаттылық пен дамудың құлдырауына дәл осы басқарудағы кеткен қателіктер себеп болуы мүмкін. Бен Әли режимі сыбайлас жемқорлыққа батқан, адам құқықтарының толықтай аяққа тапталуымен сипатталады.

2002 жылы халықтық референдум арқылы Конституцияға өзгерістер енгізіп, президент кандидатурасының жасын 75 жасқа көтерді. 2009 жылғы 25 қазанда өткен президенттік сайлауда Бен Али 90% дауыс алып, бесінші рет мемлекет басшысы болып қайта сайланды.

БҰҰ-ның мәліметтері бойынша Бен Алидің соңғы жиырма бес жылында халықтың жан басына шаққандағы табысы он есе өсті. Егер 1984 жылы халықтың 14% кедейлік шегінен төмен болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 3,8% -ға дейін төмендеді. Өмір сүрудің

орташа ұзақтығы айтарлықтай өсті, ол қазір 75 жасқа жетеді. 2004-2009 жылдар кезеңінде. жан басына шаққандағы табыс 3,5 мың Тунис динарынан (2,7 мың доллар) 5 мың Тунис динарына (3,9 мың доллар) дейін өсті. ХВҚ деректері бойынша, 2010 жылы Тунис ЖІӨ 39,6 млрд еуроны құрады.

2010 жылдың статистикалық зерттеу бойынша, төңкеріске дейін Тунис халқының шамамен 19%-ын 15 жастан 24 жасқа дейінгі жастар құрайды. Тунис революциясына тән ерекшелігі- Тунис жастарының белсенді түрде қатысуы және армандаған нәтижеге қол жеткізуі еді.

Хонван деректері бойынша «Тунистік революцияда Тунис жастары Бен Әли режиміне қарсы саяси күштердің бастамашысы болды». Тунис жастары “Жасмин революциясында” жетекші рөлге ие еді. Тунис жастары “Жасмин революциясында” сандық тұрғыдан да, өзгерістерге деген талпыныс жағынан да Тунис халқының лидеріне айналды.

Жастардың Тунис революциясына белсене қатысуының бір себебі, Әл-Буазизидің 27 жасында Тунис үкіметінің әділетсіздігіне қарсы өзін-өзі өртеуі себепші болды. Бір-екі сағаттан кейін Әл-Буазизидің пікірлестері наразылықтарын білдіру үшін орталықта жас адамдардың тобыры жинала бастады. Наразылық толқыны Кассерин, Гафса, Сфакс сияқты басқа қалаларға тарап және полиция тарапынан қарулы қарсылық көрді. Нәтижесінде 18 жасар екі адам өлтірілді. Осы оқиғаға дейін бір апта бұрын Әл-Буазизидің өзін-өзі өртеуі, Тунис билігінің зорлық-зомбылығы мен әділетсіздігін тоқтату мақсатында Тунис жастарының бірігуіне айтарлықтай ықпал етті.

Эрик Хадак Тунис революциясындағы жастардың ерекше рөлі туралы идеяны қолдап, : «Жастар Тунис революциясының жетістікке жетуінде маңызды рөл атқарды» деп мәлімдеді. [6 , 12 бет] Аль Фреда университетінде француз тілінің доценті Закин Робаны : facebook, twitter, wiki leaks сияқты әлеуметтік желілерді пайдалану үшін, белсенді әрі сауатты жастар керек екендігін атап өтті. Міне, осы жастар басқа араб елдерін шабыттандырған төңкерістің негізгі тірегі еді.

Сондай-ақ жастардың көтеріліске белседі қатысуына тағы бір себеп, үкіметтің жас революционерлерге қарсы бағытталған іс-шаралары түрткі болды. Айталық Амаму, Азиз Амами, Суфье бен Хадж және басқа да кибер белсенділер мен Тунис хип-хоп орындаушысы белгілі Хамада бен Амур тұтқындалу болды.

2010 жылдың үшінші тоқсанында Тунисте жұмыссыздық деңгейі 15,5% жетті. Ұлттық статистика институтының деректері бойынша, жұмысқа қабылдау кезінде әйелдерге жиі бас тартылады. Университеттің түлектерінде жұмысқа тұру проблемасы бар. Бұл тенденциялар мемлекеттегі наразылық тудырып, жаппай наразылықтарға жол ашты.

Тунисте болған экономикалық дағдарыс ұзаққа созылып, жұмыссыздық деңгейі одан әрі арта түсті. Экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай осы мемлекеттің біртіндеп Солтүстік Африкада жаңа ыстық нүкте болуына себепші болды.

Соңында Тунис үкіметінің жастар үшін жұмыс орындарын ашуға және университет түлектерін жұмысқа орналастыру үшін қаржы бөлуге берген бос уәделері, Тунистің жас тұрғындары арасында наразылықты күшейтуде өз әсерін тигізді. Нәтижесінде Бен Әли режимін құлатуға әкеліп соққан ұйымдасқан және технологияларды пайдалану жағынан ілгері төңкеріс болды.

Әлеуметтік желілердің рөлін және олардың 2010-2011 жылдардағы Тунис революциясының қорытындысына ықпалын асыра айтуға болмайды. «Әл Жазира» тілшісі Ясмин Райанның айтуынша, ел ішінде орнатылған онлайн БАҚ қатаң цензураға ұшырағандығын айтты [7 , 70 бет] Бұл цензура бәлкім Халықаралық БАҚ-ның Тунис

төңкерісі бойынша ақпараттандыруға кедергі келтіруі мүмкін. Әл-Буазидің туысы Хоршанидің пікірінше, егер наразылық білдірушілер Тунисте болған оқиғаларды бейне және фотомен түсіруді қамтамасыз етпесе, ешқақан Тунистегі оқиғалар бойынша толыққанды анық-қанығына жете алмаймыз.

Майк Джильо Тунистегі “Әли” журналына берген сұхбатында цензураға қарамастан жастардың интернет қызметін пайдаланудағы икемділігін атап өтті. Белсенді наразылық білдірушінің ең қызықты оқиғаларының бірі: Тунис төңкерісі барысында үйден шықпай Facebook бетін қолдану және жаңарту үшін күніне 18 сағаттан астам уақытын ақпарат тарату мақсатында жұмсайтындығын атап өткен. Сондай-ақ, автор Facebook парақшасында SBZ NEWS ретінде белгілі кибер жақтаушылар командасының мүшесі болып, Тунис интернетіне қойылған шектеуді айналып өтпек болып алты мәрте талпыныс жасағандығын атап өтті. [8 ,40 бет] Осы топтың бұрынғы бес жақтастарын Тунис үкіметі тұтқындаған болатын.

Тунис үкіметі революцияны трансляциялағаны үшін, әлеуметтік желілерді пайдалана отырып төңкеріс бойынша жазба қалдырғаны үшін жастардың соңынан кудалауды басталды.

Әл-Сақаф бұл революцияны “Жасмин революциясы» деген танымал лақап атымен қатар, Тунисте «Фейсбук революциясы» деген атқа ие болды деп көрсетті. Тунисттердің көпшілігі үкіметтік санкциялардан, сондай-ақ ашық төңкеріске қосылуға қорықты. Алайда, ғаламтор революцияның мән-жайын, идеялар мен іс-шараларды ілгерілету үшін өте қуатты құрал болды. [8, 16 бет]

Тунис - ғаламторда ең көп пайдаланушылары бар Солтүстік Африка елі болып саналады (3,6 миллион). Сондықтан, Игнасио Марин Фейсбук, твиттер, және «әл джазираны» Тунис революциясының символдары мен құралдары деп атады. Мариннің пікірінше: «Ғаламтор революцияларға ақпаратқа қол жеткізуге және ұйымның мүмкіндіктерін демократияландыруға көмектесе алады». [9, 18 бет] Бұл сондай-ақ тунистіктер түрлі ғаламтор құралдарымен жақсы таныс екенін және сондықтан оларды өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалануға дайын екенін көрсетеді. Бұл жас блогерлердің, журналисттер мен белсенділердің қолдауының арқасында Тунисте болды. Жас еріктілер бүкіл елді аралап, Тунис- наразылық оқиғаларын, зорлық-зомбылықты фото және бейне түсіріліммен қамтамасыз етті.

«Әл Жазира» сияқты халықаралық БАҚ құралдары фейсбукке тіркеліп сол жерден көтеріліс бойынша фото, видеолар жүктеп отырды. Сол жерден Тунистің басқа тұрғындары мен басқа мемлекеттердің тұрғындарына спутниктік арналар арқылы қайта таратылды. Осылайша Тунистегі нақты оқиғаларды бүкіләлемге толық масштабта жария ету мүмкін болды; «Әл Жазира» 14 желтоқсанда муниципалитет ғимаратының жанында Әл Буазизи анасының бейбіт наразылығын көрсеткен алғашқы арна болды, Nessma TV ұлттық Тунис арнасы 2015 жылдың 29 желтоқсанында ғана революция туралы жаңалықтардың алғашқы шығарылымын көрсетті.

Бен Әли режимінің құлауы Тунис экономикасына үлкен қиындықтар туғызды. Жаңадан сайланған үкіметтің алдында экономиканы тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін міндеттер туындады. Жаңа үкімет бизнес пен инвесторларды тыныштандырып, мемлекеттің қаржы жүйесін нығайту, жұмыссыздықтың жоғары деңгейін төмендету және неғұрлым дамыған жағалау аймағы мен кедей ішкі аудандар арасындағы экономикалық теңсіздікті қысқарту міндеттері туындады.

Тунис революциясындағы Тунис іскерлік қоғамдастығы қандай рөл атқарғаны түсініксіз болуда. Революциялық қызметке бірнеше бизнесмендер немесе іскерлік байланыстары бар деп мәлімдеген адамдар ғана қатысты. Тунисте бизнес революция кезінде тоқтап қалды. Кейбір бизнес иелері мен бизнесмендер наразылық білдірушілерге

қосылу үшін өз жұмыс орындарынан тастап кетті. Бұл құбылыс, бәлкім, наразылық білдірушілердің амбициясына ықпал етіп режимді ауыстыру процесін тездетті.

Тунисте билік өзгерді. Тунисте жеті жылда тоғыз үкіметтің саны өзгерді. Алайда, олардың бірде-біреуі елдің проблемаларын шеше алмады.

Тунисте болған революциядан кейінгі жұмыссыздық мәселесі жойылған жоқ. Елдің ЖІӨ құлдыраған. Белгілі себептермен туристердің саны тез төмендеген. Ал туризм - мемлекеттік экономиканың негізгі салаларының бірі. 2015 жылы жағдайды террористік актілер сериясы күшейді.«Галоп» баяндамасында: «Тунис халқының жергілікті кәсіпкерлікке деген сенімі, активтер қауіпсіздігі мен үкіметтің кәсіпорындарға ақша беруге деген әзірлігі 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылға дейін 14, 10% - ға төмендеді. Сонымен қатар, өмір сүру деңгейінің және коммуналды қызметтің нашарлауы байқалды» [11, 60 бет]

Болашақта Тунис революциясы ғаламтор мен әлеуметтік желілерде және әлемдік қауымдастықтың қолдауымен белсенді түрде жария ету аясында әділеттілікті талап ете алатын бірегей және әсерлі үлгі болып табылатынын атап өту қажет. Революцияны жастар басқарғаны, әлеуметтік желілердегі техникалық жабдықтандыру мен белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Джилио атап өткендей, қазіргі революция 2009 жылғы ирандық жасыл революциямен үндеседі.Бұл міндет орындалғаннан кейін, халықаралық және ұлттық қауымдастық Тунисте болған оқиғалар туралы ақпаратқа толық және уақытылы қол жеткізді, олар Бен Әли режимінің құлатып, Тунисте жаңа плюралистік билік орнатты. Сол арқылы демократиялық дәуірге қадам басты.

	Революцияға дейінгі мәселе	Революция кезіндегі рөлі
Бен Әли режимі	Авторитарлық, репрессия, сыбайлас жемқорлық.	Билікте қалғысы келді, бірақ қала алмады зорлық- зомбылық
Жастар	Жұмыссыз&сайлау құқығынан айырылған	Әлеуметтік желіні дұрыс пайдаланды
Экономика, бизнес	Мемлекет бақылайды, төмен экономикалық мүмкіндіктер	ереуілдер, режимді жедел ауыстыру процесі

Революция Тунис халқы үшін өзін-өзі көрсету, білім беру, жұмыспен қамтылу және экономикалық даму үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Ол сондай ақ анағұрлым өкілді үкіметті қалыптастыру және топтық бірлікке және саяси тұрғыдан өзін өзі көрсетуге ұмтылатын Тунис елінің көптеген саяси, әлеуметтік және діни топтарының пікірлерін еркін білдіру үшін мүмкіндіктер ашты. Тунис төңкерісі негізінен жастар және саяси белсенділер сияқты халықтың негізгі топтарының белсенді қолдауының арқасында сәтті аяқталды.

Қазіргі уақытта Тунистің болшағына қатысты бір нәрсе айту ертерек. Жағдай бейбіт және тұрақты, десекте ең алдымен мемлекеттің дамуының жаңа бағытына, басқарушы үкіметтің құрамына және басқа да тиісті саяси проблемаларға қатысты сұрақтар өте көп.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1) Mark. Tunisian Revolution: Gate son Institute: International Politics Council. <http://www.gatestoneinstitute.org/1816/revolution-in-tunisia>.
- 2) Al-Thaqaf, Walid. Internet censorship in the Arab world. Diamond, Larry and Mattner, Fr.
- 3) Mark Release technology: social media and struggle for democracy. Baltimore: John Hopkins
- 4) Diamond, Larry. The fourth wave or false start?
- 5) Farzaneh Rudi, "Youth and Employment in the Middle East and North Africa: Opportunities
- 6) Honwana, Alcinda. Youth and the Tunisian Revolution. Conflict Prevention and Peace Forum. (September 15, 2012).
- 7) Honnanie, "Youth and Tunisian Revolution", 2
- 8) Huckd, Eric. Connected to the Tunisian Revolution
- 9) Honnanie, "Youth and Tunisian Revolution", 3
- 10) Ryan, Yasmine. How the Tunisian Revolution began. Aljazeera (January 26).
- 11) Giglio, Mike. 2011 year. Cyber activists who helped dictate the dictator. Daily Beast: World News (January 15).
- 12) Marin, Ignacio. Political Participation, Democracy, and the Internet: The Tunisian Revolution: What We Learn
- 13) Achy, Lachkens. 2011. Tunisian economic problems
- 14) Kolobov A.O. Obshee i ossobennoe v processe blizhnevostochnogo uregulirovaniya na sovremennom etape razvitiya mezhdunarodnyx otnoshenii //Vestnik Nizhegorodskogo Gosudarstvennogo universiteta 2010.
- 15) Ramadan, Tariq (2012): Islam and the Arab Awakening. New York: Oxford University Press.
- 16) Inbar, Efraim (Ed.) (2013): The Arab Spring, Democracy and Security: Domestic and International Ramifications.(BESA Studies in International Security). Oxon: Routledge.
- 17) Panara, Carlo; Wilson, Gary (Eds.) (2013): The Arab Spring: New Patterns for Democracy and International Law.(Nijhoff Law Specials, Vol. 82). Leiden: Martinus Nijhoff Publishers.
- 18) Amghar, Samir (2012): Les islamistes au dfi du pouvoir: volutions d'une idologie. Paris: Michalon.
- 19) Bradley, John R. (2012): After the Arab Spring: How Islamists Hijacked the Middle East Revolts. New York:Palgrave Macmillan.
- 20) Freedman Robert O. Putin Dneminde Rusya'nin Ortadofu Politikasi // Irak Savai Sonrasi Ortadofu. Istanbul: TASAM Yayinlan, 2004; Idem. Russian Foreign Policy in the Middle East: The Primakov Era // MER1A. T. 2.

МРНТИ: 14.35.09

Сахитжанова З.¹ Сұлтанбаева Ж.²

¹ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

**«КӨРҰҒЛЫ» ЖЫРЫНЫҢ ЕЛАРАЛЫҚ НҰСҚАЛАРЫ МЕН АҒЫЛШЫН
БАСЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Андатпа

Мақалада «Көрұғлы» эпосының түркі тілдес халықтар арасына ең көп тараған фольклорлық туындылардың бірі екендігі айтылған. Оны қазақ, түрікмен, тәжік, әзірбайжан, қырым, сібір татарлары, өзбек, құмық, қарақалпақ және анадолы түріктерінің фольклорынан кездестіруге болады.

Көрұғлытанушылардың басым бөлігі эпостың ұлттық нұсқаларын типологиялық тұрғыда «батыс» және «шығыс» тобы деп екіге бөлген. Олар батыс тобына әзірбайжан, түрік, армян, күрді, грузин, дағыстан, қырым-татар версияларын және ағылшын басылымын жатқызады.

Эпостың шығыстық нұсқаларында қаһарманның туылуы ертегілік және мифологиялық ерекшеліктерге сай: бас қаһарман анасы қайтыс болып, жерленгеннен кейін, көрде туылады. Сондықтан, ол «көрде туылған бала», «көр баласы» мағынасындағы Көрұғлы деген атқа ие болады. Эпостың батыстық тобында бұл ат бас қаһарманның әкесінің көзін шахтың (патшаның) ойдырып тастауына байланысты, «соқырдың баласы» деген мағынада жұмсалатыны белгілі.

Кілт сөздер: эпос, батыстық нұсқа, шығыстық нұсқа, фольклор

Сахитжанова З.¹ Султанбаева Ж.²

¹к.ф.н. МКТУ им. Ясауи

²магистрант МКТУ им. Ясауи

МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫЕ ВЕРСИИ И ОСОБЕННОСТИ АНГЛИЙСКОГО ИЗДАНИЯ «КОРОГЛУ»

Аннотация

В статье говорится, что эпос «Короглу» является одним из самых распространенных фольклорных произведений среди тюркоязычных народов. Его можно встретить в фольклоре казахских, туркменских, таджикских, азербайджанских, крымских, сибирских татар, узбекских, кумыкских, каракалпакских и анадоловых тюрков.

Многие исследователи разделили национальные варианты эпоса в типологическом плане как «запад» и «восток». В западную группу входят азербайджанские, турецкие, армянские, курдские, грузинские, дагестанские, крымско-татарские версии и английские издания.

В восточных вариантах эпоса рождение героя совпадает со сказочными и мифологическими особенностями: после смерти и похорон матери, главный герой рождается в могиле. Поэтому его называли Короглу, то есть «сын, рожденный из могилы». В Западной группе эпоса известно, что это имя используется в значении «сын слепого» из-за того, что шах (царь) ослепил отца главного героя.

Ключевые слова: эпос, западный вариант, восточный вариант, фольклор

Sakhitjanova Z¹ Sultanbayeva Zh²

¹candidate of Philology sciences of Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

²master-student of Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

you have deprived me off two eyes
How can I understand this
I brought two foals for the Beg of Bolu
Oh, God you have deprived me off two eyes
Oh, God you have deprived me off two eyes
[3].

Бірақ мені ешкім қолдамады.
Мұны қалай түсінуге болады, Болу бекке
екі арғымақ әкепем, Мені мазақ қылдың
деп, Екі көзімнен айырды

Он алты мәжілістен тұратын жырдың эзирбайжан нұсқасының бірінші бөлімі «Али Киш» деп аталады. Али Киш - Көрұғлының әкесі, Стамбул патшасының жылқышысы. Стамбул патшасы Али Киштің көзін ояды. Сол себепті он екі жасар Раушан көр соқырдың баласы - Көрұғлы атанады [5].

Түрік нұсқасындағы бұл сюжеттік желі эзирбайжан нұсқасы және ағылшын басылымымен сарындас.

Сонымен «Көрұғлы» жырында екі түрлі сюжеттік желі байқалады. Оның бірі - баланың көрде туылуы болса, екіншісі - соқырдан таралуы. «Көрұғлы» жырының өзбек нұсқасы қырықтан астам дастаннан тұрады. Жырдағы бас қаһарман - Көрұғлы, сенімді аты - Ғыркөк мекендеген жері -Шәмбіл атауы, жырдың өзбек дастандарының барлығына тән. Барлық дастандардағы сюжеттік оқиғалар осы үш атау төңірегінде өрбиді. Негізгі эпикалық қаһармандар, олардың мекен еткен жер атаулары барлық дастандарда кездеседі. Дастандар белгілі хронологиялық жүйеге кү-рылған, эр дастан бір-бірінің жалғасы іспетті, яғни бұл нұсқада ғұмырнамалық және шежірелік тұтастану орын алған.

Өзбек нұсқасындағы негізгі кейіпкерлер - Көрұғлы, Ғыркөк, Хызыр, Ағажүніс, Мысқалпері, Авазхан, Асанхан, Сақибұлбул, Ахмед Сардар, Асан Чапсан, Асан Яқдаста, Халдархан, Асан және Шадман мерген. Дастандағы үш дәу - Асан Көлбар, Асан Чапсан, Асан Яқдаста образдары Көрұғлының Ағажүніс періні Шәмбілге әкелуімен байланыстырылады.

Үш дәу Ағажүніс перімен бірге Көһи Қаптан Шәмбілге келіп, Көрұғлыға қызмет етеді. Асандар Ағажүніс періні қарындасым деп оның әрбір тапсырмасын бұлжытпай орындайды. Дастанда олар Ағажүніс перінің ағасы Көрұғлының қайынағасы, Авазханның нағашысы болып берілген.

Асандардың Авазхан тарапынан айтылған өткір әзілдерді көтерулері олардың нағашылы-жиенді қатынастарын бейнелесе керек. Дәулердің алыптығы барлық дастандарда айтылады. Мысалы, Шәмбілде Асан Чапсанға арнап тігілген тонға үш жүз кез мата кетеді. Дастанның көпшілігінде Асандарды адам жегіш дәу деп бейнелеген «Халдархан» дастанында Асан Көлбардан қашқан Қырым патшаның қарауылдары өз патшаларына Асан Көлбарды былай суреттеген: «Бірден мың адамды астына басып қалды, өзіне ұнамаған адамды ұстап алып, сойып жейді екен. Біз қорыққанымыздан қаштық, артымыздан «Ешкімге бермеймін, өзім жеймін» - деген дауыс келеді». Осы сюжеттік желі қазақтың «Қаңбақ шал» ертегісін еске түсіреді.

Дастандарда Асандардың екеуі - Асан Чапсан мен Асан Көлбар оқиға желісіне белсенді қатысады да, Асан Яқдаста көбінше жолдастарының көлеңкесінде қалып қояды. Асан Чапсан жүйріктігімен Ғыркөктен де озып кетеді делінген. Қазақ нұсқасында Көрұғлының Ағажүніс періні Жәмбілбелге әкелуі сөз болса да, үш дәу және олардың іс-әрекеттері айтылмайды.

Қазақ нұсқасына жақын нұсқалардың бірі - түрікмен нұсқасы. Жырдың түрікмен нұсқасы «Көрұғлы» деп аталады. «Көрұғлының тууы» саласында оның дүниеге келуі, жас кезіндегі батырлық іс-әрекеттері сөз болады. Жырдың бұл бөліміндегі сюжеттер қазақ нұсқасындағы «Көрұғлының көрде тууы» саласымен ұқсас. Оқиға

- Көрұғлының көрде туылуы;
- Түрікмен нұсқасында Күнхар ханның, қазақ нұсқасында Шағдат ханның Көрұғлының әкесінің көзін ойып алуы;
 - Ғиратты баптауы;
 - Жаудан құтылу үшін Көрұғлының әкесінің айтуымен Ғиратты біресе күнге, біресе айға салуы ізінде дамиды.

Түрікмен нұсқасындағы «Көрұғлының үйленуі» - деп аталатын бөлімде Көрұғлы түсінде

Ағажүніс атты пері қызын көріп ғашық болады. Пері қызын іздеу сапарында Ғират ат үш айшылық жолды үш күнде алады. Көрұғлы пері қызының қымбат тастан соғылған зәулім сарайына келеді. Бұл бөлім олардың үйленіп, Чандыбилге келуімен аяқталады.

Өзбек нұсқасында да Көрұғлының пері қыздарынан басқа Нигар есімді әйелі болады. Әзірбайжан нұсқасында Стамбул патшасы Хоткар ханның қызы Нигар хатунға үйленеді. Хасан есімді баласы болады [6,189-6].

Тәжік нұсқасында Көрұғлының Ағажүніс, Ширмой есімді әйелдері болады. Кәрім ханның баласы Әуезханды асырап алады

Әзірбайжан және түрік нұсқаларында сюжеттік ұқсастық басымдау. Олар этноним және топоним (Стамбул, Эрзурум, Токат, Сұлтан Паша) деңгейінде де кездеседі.

«Көрұғлы» жырының түрікмен нұсқасының «Арабтан кек алу» бөлімінде Көрұғлы Райхан арабқа Гюль-Эндам үшін кек алуға жалғыз аттанады. Райхан арабтың еліне келіп, Гюль-Эндамның көмегімен Райхан арабтың қызы Бибіжанды алып қашады. Қазақ нұсқасында - Құрбанкүл, тәжік нұсқасында - Зулейха. Райхан араб оны қуады, бірақ жете алмай, кейін қайтады.

Бұл сюжеттік желі қазақ нұсқасындағы «Көрұғлының Райхан арабпен соғысы» бөлімімен ұқсас. Бұл айтылған пайымдауымызға қазақ нұсқасындағы:

Баршайымды кетті алып қалаға,
Көрұғлының іші толды налаға.
Бұл ісінен келе жатыр ұялып,
«Не бетімді айтамын», - деп тағама.
«Досқа күлкі, дұшпандарға сөз болдым,
Алтын басым ақымақтан жез болдым.
Атқа бола жеңешемнен айрылып,
Мойны үзілгір қайдан ғана кез болдым?» -

деген жыр жолдары мен түрікмен нұсқасындағы Көрұғлының жеңгесі Гюль-Эндамды Райхан араб алып қашқандағы төмендегі сюжет мазмұны айқын дәлел бола алады:

Мен атадан еке олдум,
Ғайып, хесрет билен олдум
Дигларды мұналып калдым,
Атым ек, елум даш олды,
Ревшенем, гордум өзумден,
Хезер етмеди сөжимден,
Иығлайып калдым ызымдан.
Гүленнам менден даш олды [7,142-6].

«Көрұғлы» жырының шығыс версиясында Райхан - араб жерінің қожасы, Көрұғлының жеңгесін алып қашатын адам, ал батыстық нұсқада - түрік пашасының әскербасы. Ол түрік пашасының қызын алып қашуға келген Көрұғлыны қоршап алуға бұйрық береді. Жырдың қазақ нұсқасында Көрұғлы Райхан арабпен соғысып, оны жеңіп барып татуласады:

Қырық жігіт аяқ-қолын алды байлап,
Ұрандап бүкіл түрікмен: «Я,Құдайлап»,
Райхан бағындым деп аттан түсті
-Қатемді кешіңіз деп ғапу айлап.

Райхан қатты ұялып үні өшті,
Қозыбай «бағындым» деп ант-су ішті.
Таратып екі жақ та әскерлерін –
Достасып өткен істің бәрін кешті.

Ағылшын басылымында бұл бөлім «Демирчиоглы және араб Райхан» деп аталады. Демирчиоглы - Эрзурумдағы атақты, ержүрек сарбаз, Көрұғлының досы. Ол араб Райханды айлалы әрекеттермен ұстап, Көрұғлыға әкеледі. Райхан араб Көрұғлымен өле-өлгенше дос болуға ант береді. Түрікмен нұсқасының «Әуезді әкелу» бөлімінде Әуез Бұлдыр қасаптың баласы Веенгам еліндегі Юсуп шахтың нөкері.

Әуезді әкелу сапарында Көрұғлы көп қиыншылықтарға кездеседі. Ленг уәзір және Мұстафа бек бастаған Юсуп шахтың әскерімен жалғыз шайқасады. Әуезді әкелу кезінде Көрұғлыға батырлығымен қоса, қулық, тапқырлық қасиеттері де көмектеседі.

Жырдың түрікмен нұсқасындағы «Әуезді әкелу» бөлімінде берілген сюжеттер «Хикаят Көрұғлы» нұсқасынан көбірек байқалады. Олар:

- Көрұғлының киімін ауыстырып, шопан кейпіне енуі;
- қой сататын саудагер болуы;
- Ғауазды алып қашуы;
- Ғауазды алып қашқан кезде өзін қуған патша әскерімен жалғыз шайқасуы.

«Әуезді құтқару» бөлімінде берілген сюжет мазмұны қазақ нұсқасындағы «Хикаят Көрұғлы» бөлімінің «Көрұғлының қызылбас Күнхар ханмен екінші рет соғысып жеңгені, Ғауазды зынданнан босатқаны» саласымен ұқсас.

Ғиратты сол шаһарда тұратын Шахмаман - Зұлман есімді кемпір айламен Балыбек ханға әкеліп береді. Көрұғлы Нишапур шаһарына нөкер кейпінде жаяу келеді, Зұлманды өлтіреді. Атбегі ретінде Ғиратты баптайды. Бөлім соңында Көрұғлы Ғиратты алып еліне қайтады. Тәжік нұсқасының «Мыстан туралы немесе Туробшахтың Чамбулға шабуылы» бөліміндегі мыстан бейнесі, іс-әрекеті жоғарыда көрсетілген сюжеттік желілермен сарындас. Айырмашылығы - мыстан тек атты ғана емес, Аваздың әйелі Ширмоны да ұрлап кетеді.

Қазақ нұсқасындағы «Көрұғлы мен Безерген» және түрікмен нұсқасындағы «Безерген» бөлімінің елеулі сюжеттік айырмашылықтары бар. Түрікмен нұсқасында Көрұғлының әйелі Ағажүніс дүниедегі ең ер жүрек, нағыз жігіт Акбектің ұлы Безерген 18 жылдан бері ешқандай зекет төлеместен сенің иелегіңдегі жерден керуенімен әрі-бері өтіп жүр. Егер нағыз еркек болсаң, неге ақысын сұрамайсың? - дейді. Көрұғлы Безергенді түйенің үстінде кетіп бара жатқанда, садақпен атып өлтіреді. Безергеннің қанын нақақтан төккенін кеш білген Көрұғлы оны арулап көмеді де, Безергеннің керуеніндегі бар байлығын оның Күржістанда тұратын қарындасы Айсолтанға жібереді. Ағасының кегін алуға Айсолтан Чандыбилге келеді. Бұнда ол күмбезделген ағасының зиратын көріп, Көрұғлының шын мәнінде істеген ісіне өкінгенін байқап, оған кешірім береді. Көрұғлыны өзіне аға етіп, Қарахан дәуден құтқаруын сұрайды. Көрұғлы Қараханды өлтіріп, Айсолтанды өзінің ер жүрек нөкері Таймасбекке қосады.

Қазақ нұсқасында бұрын Көрұғлымен талай соғысып, жеңе алмай жүрген қызылбас Қалдарханның баласы Безергеннің жүз жиырма жасқа келген Көрұғлымен соғыспақ болып, түрікмен еліне он екі мың әскерімен келіп, соғысқаны туралы айтылады.

«Көрұғлы» жыры - өзінің таралу аймағы мен жырланған этникалық ортасының ауқымдылығымен ерекшеленетін, көркемділігімен, тарихи шындық белгілерін және әр түрлі эпикалық жанрларға тән поэтикалық құралдарды мол жинақтаумен дараланатын, әлем халықтары фольклорының алтын қорынан орын алатын эпос.

Әдебиеттер:

1. «Көрұғлы» эпосы. Құрастырып, алғы сөзін жазған М.Ғұмарова.- Алматы: Жазушы, 2013.-256 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология.- Алматы: Ғылым, 1987.- 258 б.
3. Chodzko A. Popular poetry of Persia as Found in the Adventures and Improvisations of Koroglu, the bandit- Minstrel of Northern Persia, and in the Songs of the People Inhabiting the Stories of the Caspian Sea.- London, 1842.-345р.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 48-том. Көрұғлы. Томды құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазғандар: Әзібаева Б., Ақан А. Алғы сөзін жазған Әзібаева Б. - Астана: Фолиант, 2006. - 536 б.
5. Кёр-Оғлы. Азербайджанский народный эпос. / Составил Г. Ализаде. Pertev Naili. Koroglu destan// Stanbul, 1931. – с.240
6. Климович Л. К истории изучения эпоса «Кёр - оғлы» // Из истории литературы Советского Востока.- М., 2009. –с.199.
7. Каррыев Б.А. Эпическое сказание о Кероглы у тюркоязычных народов.- М.: Наука, 2008.- с.260

МРНТИ: 14.35.09

Сахитжанова З.¹ Хасанова Д.²

¹ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АЛЫП ОБРАЗЫ

Андатпа

Бұл мақалада ағылшын және қазақ фольклорындағы алыптар образының ұқсастықтары мен ерекшеліктері айтылған. Әр түрлі тілдерде, алып сөзі заманауи ертегілер кейіпкерлері ретінде қарастырылады. Нақтырақ айтатын болсақ, каннибал-алыптар: ересек адамжегіштер және сәбижегіштер.

Шетелдіктер, әсіресе ағылшын тілдес халықтар, бұл сөздерді тура мағынасында аударып, әр түрлі түсініспеушіліктер орын алуда. Кез келген фольклорлық, мифологиялық кейіпкер сияқты оғрлар мен оғристер - тек өзіне тән ерекшеліктер мен жағымды немесе жағымсыз қасиеттердің иесі. Олардың алатын ерекше орны, атқаратын қызметі әлем мифологиясында өз орнын алған.

Кілт сөздер: ағылшын мифологиясы, оғр, фольклор, батырлар.

Сахитжанова З. ¹Хасанова Д.²

¹к.ф.н. МКТУ им.Ясауи

²магистрант МКТУ им.Ясауи

ОБРАЗА ГИГАНТОВ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация

В данной статье описаны сходства и особенности образа гигантов в английском и казахском фольклоре. На разных языках гигантское слово трактуется как персонажи современных сказок. Точнее, гиганты-каннибалы: взрослая добыча и няня.

Иностранцы, особенно англоговорящие народы, имеют различные толкования и толкования в буквальном смысле. Как и любой фольклор, мифологический персонаж, огристы являются отличительными чертами чего-то уникального, позитивного или негативного. Они играют важную роль в мифологии.

Ключевые слова: английская мифология, огр, фольклор, герои.

Sakhitzhanova Z¹ Khassanova D²
¹ candidate of Philology sciences MKTU them. Yassawi
² master-student MKTU them. Yassawi

GIANTS' IMAGE IN ENGLISH AND KAZAKH FOLKLORE

Abstract

This article describes the similarities and features of the giants' image in English and Kazakh folklore. In different languages, the giant word is treated as the characters of modern fairy tales. More specifically, cannibal giants: adult prey and babysitter.

Foreigners, especially the English-speaking peoples, have various interpretations and interpretations in the literal sense. Like any folklore, mythological character, ogres and ogres are the hallmarks of something unique and positive or negative. Their special place in the mythology of the world.

Key words: english mythology, ogre, folklore, heroes.

Әлемдік мифологияда алыптардың табиғатпен, Жер-Анамен генетикалық байланысы ортақ сарын. Ағылшын мифологиясында алыптардың, великандардың, дәулердің алатын орны үлкен. Кез келген басқа халықтардың фольклорындағыдай олар белгілі бір ұқсастықтары мен өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Ағылшын мифтарындағы басты кейіпкер осы алыптардың бірі – огр (адамжегіш). Огр - алыптар тобының көрнекті түрі. Басқа алыптармен, дәулермен ұқсастығы – денелері үлкен, қолдары қайықтың ескегіндей, иықтары бес қарыс, аламан күштің иесі; басты айырмашылығы – олар шығыс фольклорындағы алыптардай халықтың көмекшісі емес, керісінше, адамдарды ас ретінде қарастырады.

Огр, әдетте, үлкен, жиіркенішті, адамдармен тамақтанатын құбыжық ретінде бейнеленеді. Огрлар әлем мифологиясында, фольклорында және көркем шығармаларда жиі кездеседі.

Огр көптеген көне дәуір классикалық шығармаларында, әсіресе, ертегілерінде сәбилермен қоретенетін құбыжық бейнесінде көрінеді. Бейнелеу өнерінде огрлар, көбінесе, ерекше биік, денесіне сәйкес келмейтін үлкен басты, қалың шашты, терісі ерекше түсті, тойымсыз тәбетті және күшті дене иесі ретінде суреттеледі.

Огрлар мифологияда гиганттармен және каннибалдармен қатар бейнеленеді. Фольклор мен көркем шығармалардың екеуінде де гиганттарға огрлық қасиеттерді береді (мысалы, «Джек және бұршақ талшығы», «Өлім әкелетін гигант Джек», «Пилигримнің саяхатындағы» Шарасыздық гиганты және скандинавиялық мифологиядағы Джотнар). Ал огрларға болса, керісінше, гиганттық қасиеттер беріледі [1; 10].

Фольклордағы атақты огрлар: «Етік киген Мысықтағы» адамжегіш, «Бармақтай баладағы» адамжегіш, көркем әдебиеттегі «Шректегі» Фиона мен Шрек. Кейбір жағдайларда огрлар басты кейіпкер болады (мысалы, «Көк сақалдағы» алып, «Сұлу мен Құбыжықтағы» аң, «Беовульфтың» Грендель, Гомердің «Одиссейасындағы» Полифема есімді циклоп, «Теңізші-Синдбадтағы» циклоптар және жапон фольклорындағы Зеони).

Бұл жерде огрлардың мекені – Логрес, ол кез келген тірі жан үшін өте қауіпті мекен; огрлар Логрестен тек адамдарды жеу үшін шығады деп жазылған. Бұл жолдарда суреттелетін огрлар Британияның халық мекен етпейтін жерлері жайлы жазылған Геоффри Монмутскийдің «Британия патшаларының тарихы» еңбегіндегі огрлар негізінде құрылған аңыз бойынша жазылған.

Тағы бір зерттеулер бойынша, «огр» сөзі інжілдік Ога есімді гигантқа байланысты деген болжам бар.

Кейбір деректерге сүйенетін болсақ, «огр» сөзінің тамыры гректердің өзен-көл құдайы Оягрос, Орфейдің әкесіне барып тірелетін көрінеді.

«Огр» термині атақты француз жазушылары Шарль Перро (1628-1703) және д'Алной графинясы Мари-Катрин Жумель де Берневиль (1650-1705) еңбектерінің арқасында кең қолданысқа ие болды.

Шарль Перроның еңбегінде «огр» сөзі алғаш рет оның «Пассенің уақытша хатшысы Контес Дюдің тарихы» (1696) еңбегінде қолданылды. Кейіннен Базилленің неополитанттық көзқарастағы ертегілеріне негізделген бірнеше қиял-ғажайып ертегілерде тұрақты кейіпкер ретінде пайда болды.

Әйел жынысты адамжегіштің ең алғаш рет пайда болған кезі - Шарль Перроның «Ұйқыдағы сұлу» ертегісінің нұсқасы. Сюжеттік желі бойынша басты кейіпкер сұлу патшайым емес, огрис болады.

Д'Аулой графинясының шығармасында адамжегіш бірінші рет «L'Orange» және «L'Abeile» еңбектерінде жарық көреді. Мари-Катрин Жумель де Берневиль «огр» сөзін бастапқы этимологиясына сәйкес қолданған ең алғашқы адам болып есептеледі.

Әр түрлі тілдерде, атап айтқанда, неміс және орыс тілінде бұл француз сөзі заманауи ертегілер кейіпкерлері ретінде қарастырылады. Нақтырақ айтатын болсақ, каннибал-алыптар: ересек адамжегіштер және сәбижегіштер.

Шетелдіктер, әсіресе ағылшын тілдес халықтар, бұл сөздерді тура мағынасында аударып, әр түрлі түсінішпеушіліктер орын алуда.

Огрис (людоедка) сөзі көбінесе еуропалық емес мифологияда аса қатігез мінезді әйел кейіпкерлерге байланысты қолданылады. Олар: Кришнаны өлтірген үнді огрисі Матрика Путаана; Будда мен Харитаға оздерінің көкіректерін ұсынған жапон огристері Киджо мен Санда Муки, «Гуаньинь» деген қытай-жапон мифінің кейіпкерлері; Тай тарихының фольклорындағы Пхра Апхай Мани және т.б. көптеген огристер.

Толағай батырдың дүниеге келуінің өзінде мән бар. Мәселен, шұрайлы жерден қоныс алған, малға да, жанға да берекелі мекенге ие болып отырған халықтың: «Бізде барлығы бар. Бірақ сол мал-жанды қорғайтын батырымыз болса екен», - деген бір ғана арманы болған екен деп баяндалады [2; 102]. Халықтың тілегіне сай дүниеге бір нәрестенің жыл санап емес, күн санап ержеткені айтылады. Сол бала қуаңшылыққа ұшырап, күйзелген ел-жұрттың жағдайын ойлап, ақсақалдың кеңесімен Алатауға келіп, бала тауды арқалап кетеді. Әуелі ширақ қимылдаған ол бірте-бірте шаршап, елінің шетіне келгенде тізесі бүгіліп, ұйықтап кетеді. Толағай туралы бұл мәтінде көңіл бөлетін бірнеше фольклорлық сарын бар. Ол –Толағайдың ел қорғар адам ретінде қажет болуы, өз жұртының қамын ойлап, тау алып келуі және шаршап, ұйықтап кеткенінде сол таудың астында қалып, оның географиялық нысанының Толағай аталып кетуі. Енді антикалық алыптарды түсініп алған жөн. «Великаны в мифологии группа антропоморфных существ гигантского размера, относящихся к мифическому времени творения (в эпических

традициях – к героическому времени)» [3; 228], - делінген. Мифологиялық түсінікті қатаң ұстанғанда «Одиссиядағы» киклоптар, осетиндер мен нарттардағы уагилер, грузиндердегі дәулер (дэв) бұл алыптардың қатарына жатпайды. Мифтік тұрғыдағы алыптар (великан) алғашқы жасампаздықпен пайда болған нәрселерді «құртушы» болып табылады. Бірақ ежелгі грек мифтерінде антропоморфты тағы бір топ құрайтын алыптар бар, олардың бірі –Посейдон мен Геядан туған Антей. Ол жатжерліктерді шайқасқа шақырып, жеңген. Бұл олардың қорғаушы қызметін көрсетеді. Өзге алыптардан, жалпы, бұл типтегі образдардан өзгешелеу көрінетін тұсы – оның аяғы Жер-Анадан ажырағанда әлсіз болып қалуында, мұның мәнісі оның алғашқы мифтік образдардан (анасы Гея – Жер-Ана) түбегейлі ажырамауында болса керек. Мәселен, Геракл Гесперид бағына барар жолында Антеймен күрес кезінде күш-қайраты жағынан екеуі тең болады. Бірақ аяғы жерден ажыраған кезде Антей жеңіліп қалған.

Ежелгі гректердегі Атлант аспанды иығымен тіреп тұрған, демек, ол да – алып. Оның мұндай ауыр іске баруы өз еркімен болмаған, бұл Батыс пен Шығыс әдебиетінің, соның ішінде мифтік түсініктердің ұқсастығын арнайы зерттеген ғалымдар Атлант образының да мәнін анықтаған. Гомер оны: «один подпирает громаду длинноогромных столбов, раздвигающих небо и землю», - деп, оның теңіз түбіндегі болып жатқанның бәрінен хабардар екенін де жазған [4].

Ал, түрік фольклорында Алаңғасар мен Толағай алыптар, моңғол дегенмен түбі бір алтайлықтарға ортақ Сартақпай образдары еске түседі. Алтайлық Сартақпай дене бітімінің ерекшелігі және қара күштің иесі болумен ғана ерекшеленбейді. Ол – тоқылдақты жұмсап, оған жерден құрт іздеуден гөрі ағаштан жем табудың оңтайлы жолын үйретуші. Ол, сондай-ақ, найзағайды қолымен ұстап, ағаш арасына қойып, оны жарық ретінде пайдалануы Сартақпайдың мәдени қаһарман типінде де танылғанын көрсетеді. Ол өзінің ерен күшін халық игілігі үшін жұмсайды. Бір саусағы тигеннен-ақ өзендердің арнасы ашылады, одан соң бір қолымен өзендердің арнасын бұрады. Өзеннен ету халыққа оңай болуы үшін көпір салады [5; 109 – 113].

Алыптардың ерекше дене бітімі мен айырықша күш-қуатты болуының мәні олардың жаратылысындағы жоғарғы күштермен байланысты болуында деген А.Н.Афанасьев: «Богатырь (от слова бог) есть существо божественное и потому наделенное необычайными силами и веливанскими размерами, приличными грозным стихиям природы» [6; 594], - деп, үлкен өзендердің богатырлар түрінде көрінгенін жазған. Бұл алтайлық, жалпы, түрік фольклорындағы алыптардың таумен, яғни табиғат денелерімен байланысты көрінетін ерекшелігін айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың мифтік әңгімелері. - Алматы: Ғылым, 2002. -320 б.
2. Мифы народов мира. Энциклопедия. В 2 т. /Под ред. С.А.Токарева. - М.: Большая Российская энциклопедия. 2003. -Т.2: К-Я.-719с.
3. Стеблин-Каменский М.И. Миф. - Л.: Наука, 1976. - 104 с.
4. Гомер. Илиада. Пер. с древнегреч. Н.Гнедича. - М.: Худ. лит- Фольклор и этнография. -Л., Ленингр. отд. издательства «Наука», 1984.-256 с.
5. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы:Арыс, 2008.-320б.
6. Мифы народов мира. Энциклопедия. В 2 т. /Под ред. С.А.Токарева. - М.: Большая Российская энциклопедия, 2003. -Т.1: А-К.-671 с.

МРНТИ: 14.35.09

Лекерова Илигай Молдамырзаевна .¹ Сейдалиева Г О.²

¹²Абай атындағы ҚазҰПУ,

¹6M011900- Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты

² PhD

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Берілген мақалада шетел тілін оқытуда студенттердің бойында мәдениетаралық қарымқатынасты қалыптастырудағы түпнұсқалы маңыздылығына арналған. Шеттілдік білім беруде студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын шетел мәдениеті, тілі туралы білімісіз дамыту мүмкін емес. Мақалада мәдениетаралық қатынас, мәтін, мәдениет, тіл, қарым-қатынас ұғымдары сипатталған.

Кілт сөздер:мәдениетаралық қатынас,құзыреттілік, тіл, мәдениет.

Лекерова Илигай Молдамырзаевна .¹ Сейдалиева Г О.²

¹²Абай атындағы ҚазҰПУ,

¹6M011900- Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты

² PhD

ВЗАИМОСВЯЗЬ КУЛЬТУРЫ И ЯЗЫКА В ПЕПОДОВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Данная статья посвящена ключевой роли межкультурного общения студентов в преподавании иностранных языков. В обучение иностранному языку невозможно развить у студентов навыки межкультурного общения без знания иностранных языков и культур. В статье описаны понятие межкультурного общения, текста, культуры и языка и общения.

Ключевые слова: межкультурное общение, компетентность, язык, культура.

Lekerova Iligai Moldamyrzaevna .¹, Seidalieva G.O

¹²Abay KazNPU,

¹Master Degree 2 course of speciality 6M011900- Foreign language : two foreign languages

² PhD

THE RELATIONSHIP OF CULTURE AND LANGUAGE IN TEACHING ENGLISH

Abstract

This article focuses on the key role of students' intercultural communication in reaching foreign languages. In teaching foreign languages, it is impossible to develop students' intercultural communication skills without knowledge of foreign languages and culture. The article describes the concept of intercultural communication, text, culture and language communication.

Key words: intercultural communication, competence, language, culture.

Адамдар бір тілде сөйлесе де, әрқашан бір-бірін дурыс түсіне бермейді. Оның себебі - мәдениеттер ерекшелігінде. Сонымен, сөз адамдарды қарым-қатынас арқылы байланыстырып, біріктіреді. Қарым-қатынассыз қоғам, қоғамсыз әлеуметтенген, мәдениетті, ақыл-парасатты, homo sapiens адам жоқ. Сөз бен тіл бір-бірімен қабыса отырып, адамды жануарлар әлемінен ажыратады. Оны қалай жақсы көрмессің?! Қалай оны ыждағатпен, зер сала, әр қырынан, жан-жақты зерттемессің? Бірде-бір ғылым, бірде-бір мамандық сөзсіз әрекет ете алмайды. Ол жоқ дегенде, білім мен тәжірибені түжырымдап, сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу үшін қажет. Тіпті ұлы дәрігер де басқа дәрігерлермен, науқастармен, жалпы адамзат қауымының барлық мүшесімен сөз арқылы қарым-қатынасқа түседі. Аса мәртебелі Қарым-қатынас (немесе аса мәртебелі Коммуникация) адамзатқа билік жүргізіп, оның өмірін, дамуын, іс-әрекетін, жалпы танымы мен жаратылыстың бір бөлшегі ретінде өзін-өзі тануын басқарып отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерделеуге және оған нетосқауыл болатынын немесе керісінше не ықпал ететінін түсінуге деген кез келген талпыныс маңызды әрі орынды, себебі қарым-қатынас әрқашан адамзаттың тіршілік етуінің тірегі, негізі. Бұл кітаптың мақсаты - адамзат қарым-қатынасында тілге басты құрал ретінде қарау, алайда жалғыз құрал емес екенін ұмыттырмау! Әсіресе халықтар, тілдер, мәдениеттер араласы айырықша күшейген бүгінгі таңда, өзге мәдениет өкіліне түсіністікпен қарап, оған қызығушылық танытып, құрмет көрсетуге тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып отырған уақытта бұл талпынысымыз аса маңызды. Көпшілік назарының мәдениетаралық, халықаралық коммуникация мәселелеріне ауып отырғанының да бірден-бір себебі - осы. Коммуникацияға қандай факторлар ықпал етеді, керісінше не кедергі келтіреді, әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасын қиындататын не нәрсе? Тіл мен мәдениеттің арақатынасы қалай белгіленеді? Сана арқылы сүзілген тіл жаратылысты қалай бейнелейді? Жеке тұлғаның қалыптасуына тіл қалай ықпал етеді? Жеке адамның, ұжымның ділі, идеологиясы, мәдениеті қалай қалыптасады және олар тілде қалай бейнеленеді? Ұлттық мінез дегеніміз не және оның қалыптасуында тілдің рөлі қандай? Шет тілдерін меңгеруде әлеуметтік-мәдени фактордың рөлі қандай? Тіл мен мәдениет арқылы, әуелі ана тілі арқылы, кейінірек өзге тілдерді меңгеруі арқылы дүниенің көрінісі қалай жасалады? Не себепті Ресейдің Білім министрлігі «Шет тілі» мамандығын «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» деп өзгертті? Не себепті бүкіл әлемді мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениетаралық қақтығыс мәселелері аландатып отыр? Белгілі америкалық саясаттанушы Сэмюэль Хантингтонның үшінші дүниежүзілік соғыс саяси-экономикалық жүйенің емес, мәдениет пен өркениет соғысы болады деп болжам жасауына эсер еткен не? «Форд» компаниясының бұрынғы басшысы Ли Йакоки: «Бүкіл қызмет істеген жылдарымда уақытымның тек 20%-ын қарым-қатынаспен байланысты нәрселерге, қалған 80%-ын басқа жұмыстарға арнаппын. Бәрін қайта бастар болсам, керісінше істер ме едім?» - дегені нені меңзеп тұр? Ұсынылып отырған еңбекте осы сауалдардың барлығына жауап беруге тырысамын.

«Мәдениет» ұғымына анықтама беру әлдеқайда күрделі. Өкінішке қарай, мәдениет сөзі еуропалық тілдердің бәрінде көп мағыналы. «Өкінішке қарай» деп сөздің

терминологиялық қолданылуына қатысты айтып отырмыз (терминдер бірмағыналы болуы тиіс, әйтпесе ғылыми ақпаратты беру қиындайды), негізінде сөздің көпмағыналығы - кемшілік емес, ол тілдің байлығы. Көпмағыналықтың арқасында сөздерді стильдік тұрғыдан ойнатуға, тілдік полифонияға, яғни сөзбен бейнелеу аясын кеңейтуге болады. Сонымен мәдениет сөзінің анықтамасына тоқталайық. Орыс тілінің академиялық сөздігінде бұл сөздің жеті мағынасы берілген, біз үшін солардың алғашқы төртеуі маңызды (соңғы үшеуі - арнаулы ауылшаруашылығы, бактериологиялық және т.б. терминдер) Шеттілдерін оқыту мен мәдениетаралық коммуникация мәселесі өзара бір-бірімен тығыз байланысының айқындығы сондай - бұл мәселені кеңінен талқылаудың қажеті жоқтай сезіледі. Шет тілін оқытуға арналған әрбір сабақ - мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық коммуникация тәжірибесі. Өйткені шет тіліндегі әрбір лексема шетел әлемін бейнелейді және шетел мәдениетін танытады: әрбір сөздің лексикалық мағынасы ұлттық санада қалыптасқан (егерде шетелдік сөзі қолданылған болса) ұғым-түсінікті бейнелейді. Қазіргі кезде Ресейде шет тілдерін оқыту жүйесінде әлеуметтік өмірдің өзге де салалары секілді, ұлттық құндылықтарды қайта бағалауда, материалдарды өңдеуде, мақсат пен міндеттерді шешуде, оқыту әдіс-тәсілдерінде күрделі бетбұрыс (революция деуден аулақпыз) кезеңінен өтіп жатыр. Шет тілдерін оқытудағы ауқымды өзгерістер, шет тілін оқыпүйренуге деген ықыластың артуы - осы пәнге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруіне алып келді. Мұның негізі әлеуметтік-тарихи себептермен байланысты екені айтпаса да түсінікті. Жаңа заман, жаңа талап шет тілдерін оқытудың методологиялық базасына, сондай-ақ нақты оқыту әдіс-тәсілдеріне жедел әрі түбегейлі өзгерістер енгізуді қажет етті. Ресейдің әлемдік қауымдастыққа енуі - саясаттағы өзгерістер, экономиканың дамуы, мәдениет, идеологиядағы күрделі мәселелер, әлем халықтарының бір-бірімен араласуы, олардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшуі, орыс халқы мен шетел халықтарының арасындағы саяси-мәдени қарым-қатынастардың өзгерісі, тілдік коммуникациядағы мүлде жаңа мақсат-міндеттердің, шеттілін оқыту теориясы мен практикасында жаңа проблемалардың, жаңа көзқарастардың туындауына алып келді. Бұрын-соңды болмаған сураныстар бұрын-соңды болмаған ұсыныстарды талап етті. Аяқ астынан шет тілінен сабақ беретін оқытушылар қоғамның назарына бірден ілікті, өйткені ғылым, білім, бизнес, техника және тағы басқа адамның іс-әрекетіне қатысты өзге де салаларда өндірістің негізгі құралы ретінде шет тілдері танылып, оны жеделдетілген түрде үйрену басталды. Өндіріс адамдарын не тіл теориясы, не тіл тарихының мәселелері қызықтырмады, бірінші кезекте ағылшын тілі функционалды тұрғыдан, яғни өзге елдердің адамдарымен сөйлесу үшін қажет болды. Осындай әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру үшін 1988 жылы М.В. Ломоносов атындағы университетте «Шет тілдері факультет!» атты жаңа факультет құрылып, неофилология сынды жаңа мамандық ашылған болатын. Неофилология мамандығының жаңа бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады: 1) тілдерді функционалды аспект тұрғысынан оқыту, яғни ғылым, техника, экономика, мәдениет сынды қоғам өмірінің түрлі салаларында тілдік қатынас құралы ретінде оқыту; 2) кәсіби мамандардың шет тілдерін оқыту бойынша теориялық, және практикалық тәжірибелерін жинақтау, қорытынды жасау; 3) шет тілін қолдануды қажет ететін қоғамның барлық салаларында, атап айтқанда, қолданбалы математика, экономика, құқық, мәдениет пен тілді байланыстырып, кәсіби мамандар арасында тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытудың әдістемесін жасау және оны ғылыми тұрғыдан негіздеу; 4) тілді сол кезеңдегі халықтың әлеуметтік, мәдени, саяси өмірімен, сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымымен байланыстыра қарастыру; 5) шет тілдерін оқыту пәні бойынша оқытушыларды, халықаралық және мәдениетаралық қатынас мамандарын, қоғаммен байланыс, менеджмент мамандарын дайындаудың жаңа модельдерін қалыптастыру. Осылайша тілді оқыту уәждерінің өзгеруіне байланысты шет тілін оқытуды түбірінен

қайта құрып, шетел тілін оқыту процесіне «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» мамандығын енгізіп, жаңа мамандыққа сәйкес жаңа типтегі педагог мамандарды даярлау қажеттігі туындады. Қазіргі уақытта Ресейде шет тілдерін оқытудың негізгі міндеттеріне шет тілін шынайы және толыққанды түрде тілдік қатынас құралы ретінде қолдана білу талабы қойылуда, көрсетілген қажеттілікке сәйкес тіл үйренушінің шет тілін үйренудегі қолданбалы, практикалық міндеттерін іргелі теориялық база негізінде ғана шешуге болады. Мұндай теориялық базаны қалыптастыру үшін, біріншіден, шет тілдерін оқыту тәжірибесінде филология бойынша жазылған ғылыми еңбектердің нәтижелерін басшылыққа алу, екіншіден, шет тілі пәні бойынша сабақ беретін оқытушылардың практикалық тәжірибелерін жинақтау және оны теориялық тұрғыдан түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Елімізде шеттілдерін үйрету дәстүрлі түрде мәтіндерді оқыту арқылы жүргізіліп келді. Жоғары оқу орындарында филологтерге шеттілдерін жоғары деңгейде үйрету көркем әдебиетті оқыту арқылы жүзеге асса, филологтерден өзге мамандықтар бойынша білім алушылар болашақ мамандығымен байланысты арнайы мәтіндерді (мыңдаған сөздері бар) оқыту арқылы үйретілді. Күнделікті тілдік қарым-қатынас ретінде оқыту ісі оқытушы мен білім алушының уақыты мен күш-жігері жеткен жағдайда ғана сөйлесуге арналатын.

Тілді түсіністік құралына, мәдениетті үндестік ұйтқысына айналдыратын оқулық

Мәдениетаралық коммуникация – әр түрлі ұлт өкілдерінің әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі тілдік және мәдени айырмашылықтарының толық және жан-жақты көрінетін тұсы. Мұндай әр түрлі ұлт өкілдері қатысқан мәдениеттер тоғысында әр адам жеке тұлға, сол қоғамның белді мүшесі немесе белгілі бір ұлттық мәдениет өкілі әрі осы әрекеттің бір субъектісі ретінде сахнаға шығады.

Жеке тұлғаның бойында осы аталған аспектілердің барлығының жинақталатынына қарамастан мәдениетаралық коммуникация деңгейіндегі әрекеттің де өз ерекшеліктері болады. Ол мәдениетаралық деңгейдегі сұхбаттасушыдан тек қана сол сәттегі қатысым құралына айналып отырған тілді білуді ғана емес, сонымен бірге сол елдің мәдени деректерінен де хабардар болуды талап етеді. Ондай деректер сол халықтың адамгершілік туралы, дін туралы көзқарастары мен ділінен, мәдени құндылықтарынан мәлімет береді. Екі жақты немесе көп жақты мәдениеттер сұхбаттастығын үйлестіру – тек қана бір-бірінің мәдениетіне түсіністікпен және құрметпен қарағанда ғана мүмкін болатыны дәлелденген құбылыс.

Міне, біздің талдау нысанына айналдырып отырған оқулығымыз осындай мәселелерді, атап айтқанда, әр түрлі ұлт пен мәдениет өкілдерінің өзара ымыраластық пен ынтымақтастық жағдайындағы түсінісуіне не керек, осы орайда не маңызды деген мәселелерді терең талдап көрсетіп береді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н А Стратегия трансформации общество и трансформация эвразийский цивилизации – М., 2000, с-20,21
 2. Кусайнов Г.Т Полиязычные образование учащихся как фактор эффективности межкультурного общения, 2006 №6 с.-191-193
 3. Кагуй Н В . Поликультурное воспитание детей школьного возраста в процессе билингвального образования дис.кан.пед наук – Елабуга , 2004, С-215с.
 4. Тіл және мәдениет журналы - 24 бет - Желтоқсан, 2015 ж
-

**ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ
РОЛЬ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
THE ROLE OF COMPETENCY IN LEARNING LANGUAGES**

МРНТИ: 14.35.09

Мергенбай А.М.¹ Сейдалиева Г.О.²

¹²КазНПУ им.Абая,

¹Магистрант 1 курса специальности 7М01703 - Иностранный язык:

два иностранных языка

² к.ф.н., старший преподаватель

**ФОРМИРОВАНИЕ ИНОЯЗЫЧНОЙ АУДИТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ С
ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ**

Аннотация

В данной научной статье рассмотрены основные цели и задачи развития аудитивной компетенции с использованием ИКТ, технологии, применяемые при интегрированном обучении языка и дисциплины, а также использование аудитов. Конкретная тема обсуждения-использование ИКТ в формировании аудитивной компетенции. В этой статье мы рассматриваем теоретические основы его преподавания на иностранном языке.

Ключевые слова: аудитивная компетенция, образование, содержание обучения, аудирование, ИКТ.

Мергенбай А.М.¹ Сейдалиева Г.О.²

¹²Абай атындағы ҚазҰПУ,

7М01703- Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 1 курс магистранты

² к.ғ.д., аға оқытушы

**АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА
ОТЫРЫП ШЕТЕЛДІК АУДИТИВТІ ҚҰЗРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Берілген ғылыми мақалада АҚТ пайдалана отырып аудитивті құзреттілікті қалыптастырудың негізгі мақсаты мен міндеті, тіл мен пәнді кіріктіріп оқытуда қолданылатын технологиялар және тыңдалымды қолдану қарастырылған. Талқылаудың нақты тақырыбы - аудитивті құзреттілікті қалыптастыруда АҚТ қолданысы. Осы мақалада біз оның шет тілінде оқудың теориялық негіздерін қарастырамыз.

Тірек сөздер: аудитив, аудитивтік құзреттілік, білім беру, оқытудың мазмұны, тыңдалым, АҚТ.

Mergenbay A.M.¹ Seydaliyeva G.O.²

¹²*Abay KazNPU,*

¹*Master Degree 1 course of speciality 7M01703- Foreign language: two foreign languages*

²*Candidate of Philology, Senior Lecturer*

FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE AUDITIVE COMPETENCE WITH THE USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

Abstract

This scientific article discusses the main goals and objectives of developing auditive competence using ICT, technologies used in integrated language and discipline training, and the use of listening. A specific topic of discussion is the use of ICT in the development of auditive competence. In this article, we consider the theoretical basis of its teaching in a foreign language.

Keywords: auditive competence, education, training content, listening, ICT.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану уақытында қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі қоғам, социум, өркениет бетпе-бет келетін жаһандық проблемалармен сипатталады, бұл бүгінгі күні тек әлеуметтік-мәдени нормалардың берілуімен ғана шектелмей, білім беру саласының жағдайында сөзсіз көрсетіледі, жеке тұлғаның дамуы әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-статустық және әлеуметтік-психологиялық жағынан да қалыптастыруды көздейді және өмір сүру формалары мен тәсілдерін икемді қолдануға қабілетті болу. Соған байланысты бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда.

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде оқушылардың ағылшын тілінде бір-бірімен қарым-қатынас жасай алуын қалыптастыру. Тарихқа үңілсек ең алғаш ағылшын тілін оқыту 1947 жылдан басталған. Содан бері көптеген өзгерістер енгізілді. Қазіргі ХХІ ғасыр білім мен ғылым, инновация және ақпараттық коммуникациялық технологиялар дәуірі. Жаңаша көзқарастар шетел тілін оқыту мен дамытуға орасан зор үлесін тигізуде. Білім алушылардың жан-жақты болуына, сапалы білім алуына, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуіне ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен.

Күн сайын білім берудің барлық саласына ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану тереңдеп отыр. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтанда әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамытуда озық іс-тәжірибелерді пайдалуда. Сонымен, еліміздің мектептерінің

оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда. Бұған күнделікті ақпараттық қоғаммен және сәйкесінше мамандарды дайындаудың қажеттілігімен байланысты сыртқы факторлар, сонымен қатар оқу мекемелерінде қазіргі компьютерлік техника мен программалық қамтамасыз етудің кең таралуымен, мемлекеттік және мемлекетаралық білім беруді ақпараттандыру бағдарламаларының қабылдануымен, ақпараттандыру тәжірибесін қажет ететін педагогтар санының артуымен байланысты ішкі факторлар әсер етуде. Ақпараттық коммуникациялық құралдар және технологиялар көп. Әрбір жыл сайын білім беруді ақпараттандыру тұрғысынан маңызды жаңа құралдар мен технологиялар пайда болуда.

Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі.

Білім беру баланың өзінің оқу қызметін ұйымдастыру технологияларын, ақпаратпен жұмыс істеу технологияларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс, бұл ретте осы технологияларды таңдау және пайдалану саналы сипатта болуы тиіс. Шет тілі, оқу пәні ретінде, оқыту нәтижесіне де, оқу үдерісін ұйымдастыруға да негізделген өзіндік ерекшелігі бар. Мектептерде шет тілін оқытудың негізгі нәтижесі " шет тілде коммуникативті, аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру және жетілдіру, жалпы тыңдау, сөйлеу мәдениетін меңгерту»

Оқытудың барлық процесі дәстүрлі түрде қазіргі уақытқа дейін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдылар мен тыңдалым, сөйлеу, оқу және жазу іскерліктерден құрылады. Алайда, шетел тілінде ауызша қарым-қатынаста жиі анықтаушы фактор болып табылады. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі көптеген отандық әдіскерлер: Н. В. Елухина, Л. Ю. Кулиш, Н. Ю. Абрамовская, В. В. Сафонова, Л. И. Максимова, Н. Ф. Мещанова және т. б. аудитивті құзыреттілікті меңгеру деңгейі әрқашанда сөйлеу қызметінің басқа түрлерінде біліктіліктің қалыптасу дәрежесінен айтарлықтай кем болмағанын атап өтті.[1;2;3;4;5;]

Шет тілді аудитивті құзыреттілік әртүрлі салаларда және рөлдік функцияларда қарым-қатынас жасауға дайындық міндеттерін тиімді шешетін оқытудың осындай технологияларын қолдану кезінде қалыптасады. Өйткені дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдармен салыстырғанда оқытудың компьютерлік құралдары шет тілін оқытуда жаңа мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, ал көптеген қазіргі функциялар жоғары сапамен іске асырылады [6]. Аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша белгілі бір құралдар мен әдістерді ұсынбас бұрын, қазіргі уақытта "аудиттеу" термині деп түсінілетіндігін қарастырайық. Тыңдалым ауызекі сөйлеуді қабылдау мен ұғынудың жүйелі-параллель өтетін процестерімен ұсынылған, оның өнімі міндетті түрде түсіну болып табылатын белсенді сөйлеу қызметі ретінде түсіндіріледі, ал нәтижесі – оның негізінде жауапты сөйлеу немесе сөйлеу емес әрекеттің ойының қалыптасуы [7].

Батыс және отандық әдістемелік әдебиетте жоғарыда аталған терминдермен қатар "interactional listening" немесе "conversational listening" – ауызша-сөйлеу қарым-қатынасының құрамдас бөлігі ретінде тыңдалым түрі бөлек көрсетіледі. Тыңдаудың бұл түрі екі немесе одан да көп әңгімелесуші тікелей немесе жанама қарым-қатынас жасау кезінде пайдаланылады, олардың әрқайсысы міндетті түрде сөйлейтін немесе тыңдаушы рөлінде болады. "Тыңдалымның осы түрі үшін ерекше іскерліктер түсінікке белсенді қол жеткізе білуді қамтиды: тыңдау процесінде туындайтын кедергілерге ауызша жауап беру, қайта сұрау, нақтылайтын сұрақтар қою, қайталауды, түсіндіруді, басқаша ой білдіруді, яғни айтылғанды қайта баяндауды сұрайды" [8, 104 б.].

Жоғарыда келтірілген анықтама "аудитивті құзыреттілік" ұғымына жақын, бірінші кезекте білімді, аудиттеу дағдылары мен іскерліктерін қолдану қабілетін, аудиттеу процесін тиімді жүзеге асыру қабілетін түсінеді. Сөйлеу қызметінің бұл түрі басқалардан немен ерекшеленеді? Құзыреттілік көзқарас тұрғысынан кез келген дағдылар мен біліктер тілдік қарым-қатынастың тиісті жағдайларында іске асыруды талап етеді және тыңдалым ерекше болып табылмайды. Аудиттеу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастырудың психофизиологиялық негіздері тапсырмалар кешенін жүйелі ұйымдастыруды көздейді, бұл ретте басты ерекшелігі-материалды аз көлемде немесе басқаша айтқанда дыбысталу көлемін тыңдауды үйрету өте қиын болып табылады. Бұл мәселені шешуге не көмектесе алады? Бірінші кезекте, мотивациялық бағыт пен дербестік принципіне сүйене отырып,

жүйелі ұйымдастырылған дербес жұмыс негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға білім алушыларды тарту сияқты құралдар [8].

Осы екі қағидатты жетекші ретінде таңдау келесі факторларға негізделген. Біріншіден, аудиториялық қызмет әдетте уақытша шектермен шектеледі және әрдайым оқытушы аудиторияға уақыт бөле алмайды, оның қалыптасу тиімділігі материалдың көлеміне тікелей байланысты болады. Екіншіден, оқытушы аудиториялық қызмет ретінде дербес жұмысты мұқият бақылай алмайды, сондықтан аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру процесінің тиімділігіне әсер ете алады. Оқытушы оны күшейту үшін қандай құралдарды қолдана алатынын қарастырайық.

Бұл BBC World of Science, BBC2, ABC, CNN9 Cable News Network, Youtube сияқты сайттардың талаптарына жауап беретін сапалы материалды дайындау және аз көлемді құралдар: блогтар, виги, подкаст. Тек дыбыстың үлкен көлемі ішінде дәлме-дәл құралдарды пайдалана отырып, аудиттеу құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға, аудиттеуге үйретуге болады. Бұл процесс білім алушылардың дыбысталудың әртүрлі параметрлеріне: дыбыстарға, екпіндерге, интонацияға, сөйлеу қарқынына бейімделу үдерісі болып табылады. "Жаттығу нәтижесінде пайда болатын бейімделу сыртқы факторлардың ағзаға әсер ету қарқындылығын субъективті әлсіретуді қамтамасыз етеді. Ауыр болып табылған жүктемелер бейімделуден кейін субъективті түрде болмашы ретінде қабылданады. Осылайша бейімдеу көрінеді көзбен қабылдау кезінде есту арқылы шынайы сөйлеу алдымен, жеделдетілген режимде, содан кейін нормалар режимінде " [9]. Аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша қолданылатын құралдарға қатысты қолданылуы мүмкін қарапайым типология Windows, IOS және Android базасындағы түрлі құрылғыларда ойнайтын, яғни ең қолжетімді ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануды болжайтын шынайы бөтен тілді сөйлеуді және сөйлеуді қамтиды.

Open университетінде құрылған FutureLearn жобасы 10 млн адамға арналған тегін білім беру платформасын ұсынады. Балаларға арналған "English in early Childhood: Language Learning and Development", "Understanding IELTS; Listening", "Teaching English: How to plan a Great", "Language assessment in the Classroom", "Understanding Language and Teaching", "An Introduction to Teaching Vocabulary" және т.б. курстар ұсынады [10].

Және де Technology Entertainment Design (TED) жеке коммерциялық емес қоры интернетте еркін қолжетімділікпен әртүрлі тақырыптар бойынша (ғылым, өнер, дизайн, саясат, мәдениет) ағылшын тілінде таңдалған дәрістердің бейнежазбаларын (TED Talks) тарата отырып, 1984 жылдан бастап Зияткерлік конференциялар миссиясын өткізеді [11]. Білім алушылардың аудитивті құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер жиынтығы бар мәселелерді шешуге көмектесе алады. Сонымен, тәжірибе көрсеткендей, әдіскерлер, зерттеушілер, оқытушылар мен білім алушылар құзыреттіліктің бұл түрін қалыптастыру өте қиын деп санайды және мұны былай түсіндіреді:

1) аудитивтік біліктер біліктердің басқа түрлерімен салыстырғанда өте "нәзік" болып табылады және өте тез "

3) сұраққа жауап беру үшін тұтас сөйлем, фрагмент немесе абзац емес, тек бір, екі сөзді "жіберіп алмау" қажет;

4) мәтінді бір рет тыңдау жеткіліксіз;

5) оқушылар мәтінді тыңдаудың алдында жиі қорқыныш сезеді, бұл тапсырманы орындауға шоғырлануға кедергі келтіреді.;

6) мәтіндер әрдайым дәлме-дәл емес болып табылмайды және мұндай мәтіндер аз дәрежеде аудиттік іскерлікті қалыптастыруға ықпал етеді;

7) студенттер оқытушының көмегінсіз өз бетінше тапсырмалар тобын құра алмайды және тыңдалым кезінде оны орындай алмайды;

Құралдар ретінде біз қазіргі уақытта танымал шынайы сайттар, блогтар, бағдарламалар мен төрт деңгейлі жаттығулар жүйесін ұсынамыз. Жаттығулардың **бірінші** тобына біз ағылшын тіліндегі түпнұсқалық шет тіліндегі мәтіндерді жоспарлы тыңдауға тұрақты уәждемені қалыптастыруға ықпал ететін мотивациялық-аффекттік сипаттағы жаттығуларды қосамыз. Жаттығулардың **екінші** тобы тең түп нұсқалы мәтіндердің үлкен көлемін енжар тыңдауға бағытталған (пассивизация). Пассивті тыңдау деп мәтінді толық түсінбей және егжей-тегжейлі ақпаратты ажыратпай күрделілігі әр түрлі деңгейдегі теңтүпнұсқалы мәтіндерді тыңдау түсініледі. Іс жүзінде студенттер мәтін мазмұнын тыңдамай, негізгі шарт, бұл мәтінді студенттің қатысуымен дыбыстауы мүмкін. Мұндай пассивті тыңдау автономды құзыреттілікті іске асыру ретінде ғана орындалуы мүмкін. Бұл жаттығулар, жеңілдікке қарамастан, жоғары тиімді және жылдам нәтижеге әкеледі. **Үшінші топ**-депассивизацияға арналған жаттығулар, оның міндетті шарты мәтіндерді тыңдау кезінде нақты тапсырмаларды дұрыс орындау болып табылады. **Төртінші топ**-дыбысты мәтіннің үлкен көлемінен мағыналық блокты бөлуге арналған жаттығулар. **Бесінші топ**-әртүрлі логикалық бірізділікті салыстыруға арналған жаттығулар. Аудитивті құзыреттілікті дамытудың маңызды шарты әр түрлі күрделілік деңгейіндегі мәтіндерді пайдалану болып табылады. Ағылшын тілін үйреніп жатқан балаларға күрделі дәрежесі ең жоғары мәтіндерден бастауды ұсынамыз, Мысалы, BBC бағдарламасының ауа райы болжамын тыңдау. Бұл дикторлар айтатын нақты мәтінді өте үлкен жылдамдықпен айтуы назарлары аударту. Дегенмен, студенттер хабарламалардың жалпы мағынасын және жиі нақты ақпаратты ұстанады [12].

Қорыта айтқанда, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру де аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру үшін ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді қолданып және ағылшын тіліндегі мәтіндерді аудиттеудің қиындықтарының типологиясы және ұсынылған аудитивті құзыреттілікті дамыту әдістемесі, құрылған жаттығулар жүйесі, ақпараттық-коммуникациялық құралдар қолдану, тиімді болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елухина Н. В. шет тілді сөйлеуді тыңдауға үйрету // Мектептегі шет тілдер. – 1996. – № 5. – С. 20-23. 3. Л. Ю.
2. Кулиш Түрлері аудирование // Жалпы шетел тілдерін оқыту әдістемесі: хрестоматия. – М.: Орыс тілі, 1991. – С. 224-226.
3. Абрамовская Н. Ю. дыбысталған мәтіндердің стильдік тиістілігіне негізделген аудиттеу кезіндегі қиындықтарды анықтау: автореф. дис.канд. пед. ғылымдар. – М., 2000.
4. Сафонова В. В., Максимова Л. И., Мещанова Н.Ф. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі. Схемалар мен кестелердегі тілдік педагогика. Тақырыбы: негізгі әдістемелік санаттар мен ұғымдар. Тіл педагогикасындағы зерттеу әдістері // әдістемелік дәптерлер. – М. Еврошкола, 2008.
5. Мещанова Н. Ф. гимназияның жоғары сынып оқушыларының түпнұсқалық телемәтін қабылдау мәдениетін дамытудың әдістемелік аспектілері: автореф. дис. ғыл.канд. пед. ғылымдар. – М. 2004.
6. Мильруд Р. П. ағылшын тілін оқыту әдістемесі. Ағылшын Teaching Methodology. – М.: Дрофа, 2005.

7. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі: дәстүрлер мен қазіргі заман-Обнинск: Титул, 2010.
8. Колесникова И. Л., Долгина О. А., шет тілдерін оқыту әдістемесі бойынша ағылшын-орыс терминологиялық анықтамалығы. – СПб. Алматы, 2001.
9. Сысоев П. В. оқушылардың сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау біліктілігінің коммуникативтік бақылауының даулы мәселелері // мектептегі Шетел тілдері. – 2008. – № 1. – С. 8-15.
10. Futurelearn білім беру платформасы [Электронды ресурс]. - URL: <https://ru.futurelearn.com>.
11. TED жеке коммерциялық емес қоры [Электронды ресурс]. - URL: <https://www.ted.com>
12. Халықаралық жаңалықтар тәулік бойғы арна [Электронды ресурс]. - URL: <http://www.bbc.com/news/world>.

МРНТИ: 14.35.09

*Сейдалиева Г.О.¹ Молдахметова Г.Е.²
¹старший преподаватель, доктор PhD, кафедры методики преподавания иностранных языков, КазНацЖенпу, guldanaseida@mail.ru;
²магистрантка 1 курса по специальности 7М01705 -
иностраный язык: Два иностранных языка*

«ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ»

Аннотация

Социокультурная компетентность рассматривается как одна из основных практических целей обучения иностранному языку, предполагающая овладение иноязычным общением в единстве языковой, речевой, учебно-познавательной компетенций. Поднимается вопрос подготовки специалистов, обладающих социокультурной иноязычной компетенцией для осуществления профессиональной деятельности. Акцент делается на социокультурном аспекте как на необходимой составляющей при ее формировании. Определяются главные проблемы, возникающие в процессе формирования социокультурной компетенции в условиях обучения иностранным языкам в языковом вузе.

Ключевые слова: социокультурная компетентность, глобальное представление, социолингвистическая компетенция, межкультурное общение, информационные технологии, контекстуальный подход

*Сейдалиева Г.О.¹, Молдахметова Г.Е.²
¹Шет тілдерін оқыту әдістемесі кафедраның аға оқытушы, PhD докторы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет
²7М01705 – Шет тілі : екі шет тілі мамандығының 1 курс магистранты*

«СТУДЕНТТЕРДІН ӘЛЕУМЕТТІК- МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ»

Аңдатпа

Әлеуметтік – мәдени құзыреттілік тілдік, сөйлеу, білім беру және танымдық құзыреттіліктердің бірлігінде шет тілдік қарым-қатынас шеберлігін тарта отырып, шет тілін оқытудың негізгі практикалық мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады. Кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін шет тілін әлеуметтік-мәдени бәлетін мамандарды даярлау мәселесі көтеріледі. Оның қалыптасуындағы қажетті компонент ретінде әлеуметтік-мәдени аспектке баса назар аударылады. Тілдік университетте шет тілдерін оқыту жағдайында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесінде туындайтын негізгі мәселелер анықталды.

Кілт сөздер: әлеуметтік-мәдени құзыреттілік, жаһандық өкілдік, социолінгвистикалық құзыреттілік, мәдениетаралық коммуникация, ақпараттық технологиялар, контекстік тәсіл

Seidalieva G.O¹, Moldakhmetova G.E²

¹Senior Lecturer, Doctor PhD, Department of Methods of Teaching Foreign Languages. Almaty, Kazakhstan

²1 year graduate student in the specialty 7M01705- foreign language: Two foreign languages

“THE FORMATION OF SOCIOCULTURAL COMPETENCE OF STUDENTS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE”

Abstract

Sociocultural competence is one of the main practical goals of teaching a foreign language, which assumes mastery of linguistic, speech, educational and cognitive competence. The question is raised of training specialists with sociocultural and foreign language competencies to ensure professional activities. The emphasis is on the sociocultural aspects. The main problems that arise in the process of formation of sociocultural competence in the conditions of teaching foreign languages in languages are determined.

Key words: sociocultural competence, global representation, sociolinguistic competence, intercultural communication, information technology, contextual approach

Сегодня, говоря о том, что целью обучения является общение на иностранном языке, мы подразумеваем не просто диалог на уровне индивидуумов, но готовность и способность к ведению диалога культур.

В материалах Рекомендаций Комитета министров Совета Европы говорится о том, что богатое наследие разнообразных языков и культур Европы необходимо охранять и развивать, а усилия в области образования направить на то, чтобы предотвратить взаимное непонимание, обусловленное различиями языков, превратив языковой барьер в источник взаимного обогащения культур и широкого диалога сотрудничества.

Диалог культур подразумевает знание собственной культуры и культуры страны или стран изучаемого языка. Под культурой мы понимаем все то, что определяет сложившийся веками стиль жизни и характер мышления, национальный менталитет, а не просто искусство, которое, в свою очередь, тоже является частью культуры, отражает и формирует ее. Понимание того, как географическое положение и климат страны определяет ее быт, экономику и традиционные связи, знание основных вех развития истории, выдающихся событий и людей, религиозных верований и обрядов облегчают

задачу межкультурного общения, умения находить общее и отличное в наших традициях и стилях жизни, вести диалог на равных. Социокультурная компетенция является инструментом воспитания международно-ориентированной личности, осознающей взаимозависимость и целостность мира, необходимость межкультурного сотрудничества в решении глобальных проблем человечества. Недаром в последнее время в учебниках иностранных языков нового поколения все большее внимание отводится проблемам формирования экологического сознания учащихся, где студентам предлагаются различные проектные задания, связанные с проблемами как экологической защиты природы, так и экологии взаимоотношений между людьми. [1, с. 8].

Семиотикалық және түсініктік-терминдік мәдениетке ЖОО - ның ақпараттық-педагогикалық ортасы жағдайында білім беру маманын даярлаудың жаңа сапасын сипаттайтын маңызды компоненттер кіреді:

1. Терминдермен көрініс табатын және тұжырымдалатын ғылыми ұғымдарды білу және игеру;
2. Қандай ғылым өкілі мен қандай ғылыми ақпаратты пайдаланғанына байланысты полисемантизмді және тіпті терминологиялық бірліктердің омонимиясын (бір термин екі және одан да көп ғылыми ұғымдарды айқындайды) ұғыну;
3. Терминологияны ғана емес, сондай - ақ тиісті білім саласының терминожүйесін де меңгеру (терминдерді базалық бөле білу және оларды бөлу принциптерін қалыптастыру; ұғымды бөлудің логикалық ережелерін қолдану кезінде терминология бірліктері арасындағы қарым - қатынас және иерархиялық байланыс орната білу; осы пән саласы үшін барынша өзекті терминологияларды табу және сипаттау дағдысы);
4. Практикалық қызметте терминологияға тұрақты және пәрменді тірек, уақытша енгізілетін терминожүйеде түзетулерді көре, енгізе және белгілей білу;
5. Түсініктерді игерудің әртүрлі әдістерін қолдана білу, себебі атаулардың әртүрлілігі түсініктердің және олардың байланыстарының қасиеттерін дамушы ашық ақпараттық - педагогикалық орта контекстінде толық көрсетуге мүмкіндік береді;
6. Талдау, синтез, бағалау, салыстыру сияқты адамның ойлау қасиеттерінің дамуына ықпал ететін арнайы әдістерді қолдана отырып, жаңа ұғымдарды құрастыра білу;
7. Білім алушыларды ақпараттық жарылыс ахуалына неғұрлым табысты бейімделуге көмектесетін ұғымдармен жұмыс істеуге үйрету;
8. Білім алушының дамушы тұлғасы мен өзін - өзі дамыту үшін ұғымдармен жұмыс істеу біліктілігінің құндылығын түсіну, өйткені бұл біліктер пәнаралық бола отырып, адам танымының кез келген саласы үшін өзекті.

Ақпараттық мәдениет жүйесіне ақпараттық өзара іс - қимыл субъектілері, олардың өзара әрекеттестігі, ақпараттармен жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары, оларда белгілі бір мүдделер мен қажеттіліктердің болуы кіреді. Бұл жерде ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы өзінің ішінде **коммуникациялық мәдениеттің** қалыптасуына алып келетінін түсіну керек. Коммуникациялық мәдениет дегеніміз диалог мәдениетін қалыптастыру: адамның адаммен, адаммен және компьютермен диалогын, ішкі диалогты, ойлы диалогты: оқырманды автормен, актермен және режиссермен — көрушімен, оқытушымен - оқытушымен және т. б. оқу процесінде және т. б. қамтитынын түсіну маңызды.

Сұхбаттасушының жеке басын міндетті түрде құрметтей отырып, оның көзқарасын, жасын, даму деңгейін және мәдениетін ескере отырып, оқуға түсу себептерін түсіне отырып, диалог жүргізе білу, оны бағалау - осының барлығы қазіргі білім беру маманының маңызды қасиеті болып табылады.

Мұғалімнің табысты коммуникативтік мінез-құлқы көбінесе ойын дәл және динамикалық жеткізе білуі; педагогикалық міндеттің негізін ұғынуы; оқушылармен өзара қарым - қатынас сипатын есепке алу қабілеті; мұғалімнің беделі; оқушының сыртқы белгілері бойынша психикалық жағдайын түсіне білуі, мұғалімнің өзін - өзі ұстау және бағалай білуімен байланысты. Адам үнемі коммуникациялық байланыста. Бұған дейін тұлғааралық коммуникация психологиясы бойынша мамандар біздің санамызда коммуникациямен байланысты екенін айтты. Бұл жорамал А. Хормен айтылған: "Адам өзін түсіну үшін, басқалар оны түсіну керек, ал басқалар оны түсіну үшін, ол басқаларды түсінуі керек". Осылайша, коммуникациялық мәдениет оқушы санасының дамуына және

білім беру маманының кәсіби құзыреттілігінің өсуіне ықпал етеді. Жоғарыда қарастырылған ақпараттық мәдениеттің компоненттері **технологиялық мәдениетпен** тығыз байланысты. Технологиялық мәдениеттің ақпараттық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру әлемдегі әлеуметтік және педагогикалық шындықты дамытудың терең талдауының нәтижесі болып табылатын М. В. Клариннің бекітілуіне негізделеді. Оның айтуынша, "...уақытша мәдениет құндылықтарының бірі технологиялық және онымен байланысты өндірілуімен белгіленеді. Тағы бір маңызды құндылық- іздеу және онымен байланысты шығармашылық". Білім беру маманының технологиялық мәдениеті туралы әзірге тікелей талқыланып жатқан жоқ, бірақ білім беру (педагогикалық) технологияларын пайдалану, игеру, анықтау мәселелері ғылыми, әдістемелік және оқу әдебиетінде кеңінен айтылып жатыр. Педагогикалық технологиялар проблемасы көпәспектiлi, ол психологиялық-педагогикалық, дидактикалық, техникалық және ұйымдастырушылық - әрекеттік аспектілердің тығыз өзара байланысында көрініс табады. Жоғары педагогикалық білім беру үшін ол өзекті, өйткені қазіргі педагогикалық жоғары оқу орны білім беру жүйесі мен мекемелерінің әртүрлі типтері үшін мамандар даярлайды. Мұндай дайындық көп деңгейлі және әр түрлі мамандықтар арқылы да, жоғары оқу орындарында білім беру технологияларының әр түрлі түрлерін меңгерумен де қамтамасыз етіледі. Технологиялық тәсіл мәселелерін талқылауға арналған көздердің кең спектрін талдау негізінде Н. В. Бочкина педагогикалық технологиялардың әртүрлі анықтамаларының аспектілерін бөліп көрсетеді: іс-әрекет жүйесі түрінде педагогикалық үдеріс компоненттерін рәсімдік іске асыру; мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің циклдық алгоритмі; педагогикалық тәсілдердің белгілі бір жиынтығы негізінде педагогикалық жүйені құру мүмкіндігі.; жалпы мақсаттарды мінез-құлқына редукциялау, нақты педагогикалық үдерісті бір мағыналы толықтырылатын тізбекті, өзара байланысты рәсімдер мен операциялар тақырыбына бөлу арқылы жүзеге асыру тәсілі және т. б. Әрі қарай ол бұл анықтамаларда сөз "...анықталған жағдайларды есепке алу кезінде білім беру процесінің "бірлігі" шеңберінде көп рет қайталануы мүмкін педагог іс - әрекетінің циклдық алгоритмі туралы" екендігін көрсетеді.

Осылайша, педагогикалық технологиялардың дамуы алгоритмдеу идеяларымен және алгоритмдердің бір қарағанда қарама-қайшы болып көрінетін қасиеттерімен (нақтылық, икемділік, көрнекілік, біртектілік, ықтималдық) тығыз байланысты. Бұл байланыс, атап айтқанда, соңғы басылымдардың педагогикалық сөздіктеріне "алгоритм" ұғымын енгізумен расталады.

Мақсаты, міндеттері, бастапқы жағдайларына, проблеманы шешу жолдарына байланысты алгоритмдер қатты, ықтимал және эвристикалық болып бөлінеді. Қатты алгоритмдер - белгілі бір бірізділікте іс- қимылдарды қояды, сол арқылы бір мәнді талап етілетін немесе іздестірілетін нәтижені қамтамасыз етеді, егер процесс шарттары орындалса, олар үшін алгоритм әзірленеді. Ықтимал алгоритмдер- біз мақсатқа қол жеткізу, алға қойылған міндетті аса немесе аз ықтимал нәтижеге әкеп соқтыратындай жолмен немесе тәсілдермен шешу бағдарламасын береді. Эвристикалық алгоритмдер - бұл іс - қимыл бағдарламасының түпкілікті нәтижесіне алдын ала айқындалмаған, орындаушының іс - әрекетінің барлық ұстанымдары айқындалмаған, барлық іс - әрекеттер орындаушыға берілмеген, алгоритмді орындау барысында алгоритмдік нұсқама нысанында түзетілетін алгоритмдер.

Алгоритмдердің соңғы екі түрі, Е. В. Титова тәрбиелеу әдістемесіне зерттеледі. Оның айтуы бойынша, "...алгоритмдер бұрыннан бері біздің өмірімізде оның барлық салаларында кең тараған. Тек біз оларды осы түсінікпен белгілемедік. Бірақ ерте ме, кеш пе, бәрін өз аттарымен атайтын кез келді. Атау- түсіну деген сөз " . Алгоритм-бұл жай ғана дәл рецепт емес, жалпы мағынада ол конструкциялау мен қызметті ұйымдастырудың

бір түрі болып табылады. Дәл осы мағынада алгоритм түсінігі арқылы Е. В. Титова әдістеменің анықтамасын береді. Сонымен қатар, И. П. Иванов "алгоритмі бірлестігі" ұғымы арқылы ұжымдық шығармашылық қызмет әдістемесінің негізін ашады.

Аудиовизуалды, логикалық, семиотикалық, ұғымдық-терминологиялық, коммуникативтік және технология интеграциясы ретінде білім беру маманының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру талаптары-оның функцияларын есепке ала отырып, мұғалімнің кәсіби компетенттілігінің құрылымына және олардың атқаратын функцияларына жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру маманының кәсіби құзыреттілігінің құрылымында инвариант ретінде ақпараттық құзыреттілік пайда болады, сондай - ақ оның қызметінің бірқатар функцияларының мазмұны өзгереді және артады.

Бірақ педагогтың ақпараттық мәдениеті-бұл қол жеткізу қажет құзыреттіліктің кейбір деңгейіне қол жеткізу емес. Бұл көп компонентті және көп деңгейлі өз кәсіби қызметіне құнды қарым- қатынас талап ететін, білім беру қызметінің субъектілеріне құрмет пен құндылық қарым- қатынас жүйесін білдіретін ақпараттық қоғам жағдайында іске асырылатын феномен.

Ақпараттық мәдениет - бұл тек ақпаратпен жұмыс істей білу ғана емес, оның үнемі кеңейтілетін мүмкіндіктерін ескере отырып, онымен жұмыс жасай білу және ұсыну, қайта құру, жинау, сақтау, тарату құралдарын пайдалануға ұмтылу.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру процесі— тұрақты эволюция, дамып келе жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда өз тәжірибесінің жаңа көрінісін іздеу, өз әлеміндегі стереотиптерден бас тарту.

Ақпараттық мәдениет - бұл педагогтың жеке ақпараттық қажеттілігінің байлығы және осы негізде оның барлық субъектілерінің мүдделеріне бағытталған білім беру процесін ұйымдастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық құралдардың алуан түрлілігін иелену еркіндігі.

Әдебиеттер тізімі

1. Педагогические информационные технологии и картина мира в непрерывном образовании (Информологический аспект): Уч. пособ. / Под ред. В. А. Извозчикова. СПб., 1997.
2. *Голицын Г. А.* Информация и творчество. М., 1997.
3. *Брудный А. А.* Психологическая герменевтика. М., 1998.
4. *Гришина И. В., Чекин И. А.* Развитие информационной культуры руководителей школ в процессе курсового обучения. СПб., 2000.
5. *Русова Н. Ю.* Теоретические основы моделирования дидактического материала (на примере образовательной области «Филология»): Дис. ... д-ра пед. наук. СПб., 2000.
6. *Смирнов В. И.* Общая педагогика в тезисах, дефинициях, иллюстрациях. М., 1999.
7. *Акулова О. В., Писарева С. А.* Как написать квалификационную работу по педагогике: Уч. по- соб. СПб., 1999.
8. *Бордовская Н. В.* Диалектика педагогического исследования: Логико-методологические проблемы. СПб., 2001.
9. Педагогика: Уч. пособ. / Под ред. П. И. Пидкасистого. М., 1998.
10. *Щедровицкий Г., Розин В., Алексеев Н., Непомнящая Н.* Педагогика и логика. М., 1993.

11. Большая Советская Энциклопедия. М., 1970–1977. Т. 23.
12. Вацлавик П., Бивин Дж., Джексон Д. Психология межличностных коммуникаций / Пер. с англ. СПб., 2000.
13. Харкевич А. А. О ценности информации // Проблемы кибернетики. М., 1960. Вып. 4.
14. Русова Н. Ю. Указ. соч.
15. См.: Педагогические информационные технологии... СПб., 1997.
16. См.: Вацлав П., Бивин Дж., Джексон Д. Указ. соч. С. 40.
17. Клари́н М. В. Метафоры и ценностные ориентации педагогического сознания // Педагогика. 1988. No 1. С. 39.
18. Бочкина Н. В. Образовательные технологии: особенности развития и значение в подготовке педагога // Подготовка специалиста в области образования: Технологии образования. Вып. V. СПб., 1997. С. 9.
19. Титова Е. В. Если знать, как действовать: Разговор о методике воспитания: Книга для учителя. М., 1993.

МРНТИ: 14.35.09

Қыдырбаева Г.Б.¹, Стамбекова А.С²

*¹Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы (докторант),
email: kudyrbayevag@mail.ru*

²Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы п.ғ.к

КӨПТІЛДІЛІК – ЗИЯТКЕР ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ.

Аңдатпа

Бұл мақалада көптілділік және көптілді білім беру бүгінгі күннің қажеттілігі, уақыт талабы екендігі және бүгінгі күн талабы – адамдар арасындағы қарым – қатынас, келісімдік, түсіністік, этникалық қиындықты жеңумен қатар сол тілін үйреніп отырған елдің тілін ғана емес, сол елдің мәдениетін, тарихын, әдебиетін, салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын, сенім – нанымдарын, өмір сүру салтын қатар үйрену арқылы, ізгілікті, мәдени қарым – қатынасты дамыту болып табылатындығы жайында айтылған. Көптілділікті әр мемлекетте сақтау және қолдау, қолдану арқылы мемлекет аралық қарым-қатынасты күшейтуге көп ықпал жасайды. Көптілді білім беру ана тілінің мемлекеттік және басқа да тілдердің қалыпқа түскен білім, білік және дағдысы, сонымен қатар бір немесе бірнеше шет тілінің мәдениет аралық деңгейі бүгінгі күнгі тілдік білім жүйесіне сай болуы керек.

Кілт сөздер: көптілділік, келісімдік, этникалық қиындық, мәдениет, ізгілік, қарым-қатынас, білік және дағды, тілдік білім жүйесі.

Қыдырбаева Г.Б.¹, Стамбекова А.С.²

¹КазНУ им. Аль-Фараби, ст. преп.(докторант),

email: kudyrbaevag@mail.ru

²КазНПУ им. Абая, ст.преп. к.п.н

ПОЛИАЗЫЧИЕ - ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ.

Аннотация

В данной статье говорится о том, что полиязычие и полиязычное образование – это необходимость сегодняшнего дня, требование времени и требование сегодняшнего дня – общение между людьми, согласие, взаимопонимание, преодоление этнических затруднений, то есть важно учить не только язык страны, но и очень важно знать культуру, литературу, историю, традиций, развитие добрых и культурных связей, образа жизни страны, той страны чей язык мы изучаем. Поддерживая и используя многоязычие в каждой стране, он вносит большой вклад в укрепление межгосударственных отношений. Полиязычное образование должно соответствовать современной системе языковых знаний, умений и навыков, формирующейся на государственном и других языках, а также межкультурной уровень одного или нескольких иностранных языков.

Ключевые слова: полиязычие, согласованность, этническая трудность, культура, коммуникабельность, умения и навыки, система языкового образования.

Kudyrbayeva. G.B.¹, Stambekova A.S.²

¹KazNU named after Al-Farabi, (doctoral student),

email address: kudyrbaevag@mail.ru

²KazNPU named after Abay, Ph. D.,

MULTILINGUALISM - THE BASIS OF INTELLECTUAL PERSONALITY FORMATION.

Abstract

This article says that that polylingual and polylingual education is a necessity of today, a requirement of time and today's requirement - communication and agreement between people, consent, mutual understanding, overcoming of ethnic difficulties, that is important to learn not only the language of those country, whose language we learn, but also very important to know the culture, literature, history, traditions, development of good and cultural relations, lifestyle of the country, the country whose language we study. By supporting and using multilingualism in each country, it contributes greatly to strengthening inter-state relations. Linguistic education should correspond to the modern system of language knowledge, skills and abilities formed in the state and other languages, as well as the intercultural level of one or more foreign languages.

Key words: polylingual education, multilingualism, consistency, ethnic difficulty, culture, communication skills, skills and abilities, language education system.

Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың

әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумның) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады.[1] Мемлекетіміздің мектеп реформасында қарастырылған үш тілде оқыту - қазіргі заман қажеттілігі, уақыт талабы. Осы мақсатқа сай қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына, мамандығына, жасына, кәсібіне қарамастан тең дәрежеде іске асырылуы қажет. Қазақстан Республикасының жан-жақты, әр салада шетелдермен халық-аралық байланыстары күннен-күнге арта түскен сайын сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандардың қажеттіліктері айқындала түсуде. Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтылатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл-қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі-орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі-ағылшын тілі болуы тиіс» екенін ерекше атап көрсеткен.[2] Көптілділік және көптілді білім беру бүгінгі күннің қажеттілігі, уақыт талабы екендігі және бүгінгі күн талабы – адамдар арасындағы қарым – қатынас, келісімдік, түсіністік, этникалық қиындықты жеңумен қатар сол тілін үйреніп отырған елдің тілін ғана емес, сол елдің мәдениетін, тарихын, әдебиетін, салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын, сенім – нанымдарын, өмір сүру салтын қатар үйрену арқылы, ізгілікті, мәдени қарым –қатынасты дамыту болып табылатындығы жайында айтылған. Көптілділікті әр мемлекетте сақтау және қолдау, қолдану арқылы мемлекет аралық қарым-қатынасты күшейтуге көп ықпал жасайды. Көптілді білім беру ана тілінің мемлекеттік және басқа да тілдердің қалыпқа түскен білім, білік және дағдысы, сонымен қатар бір немесе бірнеше шет тілінің мәдениет аралық деңгейі бүгінгі күнгі тілдік білім жүйесіне сай болуы керек. «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында дайындалған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталын дамыту үшін білім мазмұнын түбегейлі жаңғырта отырып, білім саласында кезек күттірмей тұрған мәселелерді шешуге бағытталған. «Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі- әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс»- деді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев [3]. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты - өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді, көпмәдениетті, бірнеше кәсіптіктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Көп тілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, әртүрлі мәдениетті санасына салып сапырып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері хақ. Көптілділік мәселесі- Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман, тілдерді білуді талап етеді. «Жаһандану дегеніміз, қарапайым сөзбен айтқанда, жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым- қатынасымызды нығайту. Соның бірі — тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен

сайын өткір сезініп келеміз. «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» дейді фил.ғыл. докторы, профессор, академик Т.Т. Аяпова. Иә, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі — қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет.[4] Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі — әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл — ұлт тілі. Ал мемлекеттік тілде сөйлеу — әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу — ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Жалпы атқанда, көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм - нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей әрекетіне еркін түсу. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі- мектепте көптілді білім беру негізгі мақсатқа айналып, тілдердің үштұғырлығы жобасы жүзеге асырыла бастады. Осы жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Бұл жобаның еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына қосылуға үлкен мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік, сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе.[5]. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін орта мектептерінде 1 сыныптан бастап қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін оқыту енгізілуде. Үш тілді оқыту сөйлеу әрекетінің төрт коммуникативтік дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені-оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар студенттердің жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету. Тілдерді дамыту-еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу-ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Бір халықтың мәдениетін, өмір сүру салтын, сенім - нанымдарын басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Көптілді оқыту-жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан

дүниеде дұрыс өмір сүріп, қажырлы, өнімді де пайдалы еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Сонымен қатар, оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі-өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен біліктілігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, шәкіртінің білімді болмағы мұғалімінің біліктілігіне тікелей байланысты.[6]. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді. Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Бүгінде оқушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру-бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс-тәсілдердің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет. Көп мәдениетті тәрбие бірнеше педагогикалық қағидаларда қиылысатындығын атап өткен жөн: адамдық құндылықтарға және жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу; түрлі нәсілдердің, діндердің, этностардың және т.б. әлеуметтік топтардың бар екендігін ұғындырып тәрбиелеу; төзімділікке, өзара ынтымақтастыққа дайын болуға тәрбиелеу. Болашақ ұрпақты көп мәдениетті оқыту мен тәрбиелеу мәселелері ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады, атап айтсақ, А. Н. Джурицкий, Г. Д. Дмитриев, Н. Н. Ушнурцева, С. М. Макашева, Е. А. Абрамова, Л. Л. Супрунова, Л. П. Халяпина, Ю. В. Агранат, Ш. Демисенова. Ал, Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайтын болсақ, З. Қабылбекова «ЖОО студенттердің көп мәдениетті тұлғасын тәрбиелеу» атты ғылыми жұмысында жоғары оқу орны жағдайында көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылады. А. Абсатова өзінің «Теоретико-методологические основы формирования поликультурной компетентности старшеклассников» атты диссертациялық жұмысында мектеп оқушыларының көп мәдениетті құзыреттілігін қалыптастырудың бірнеше жолдарын ұсынады. В. Бурмистрова «Особенности формирования поликультурной личности будущего специалиста в условиях глобальной информатизации» атты диссертациялық жұмысында болашақ маманның көп мәдениетті тұлғасын ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыруға аса көңіл бөлген және М. Юнусованың «Мектеп оқушыларына көп мәдени білім беру теориясы мен практикасы» атты диссертациялық жұмысында көп мәдениетті ғылыми ұғымдар жүйесін қалыптастыру негізінде жетілдіруді ғылыми теориялық тұрғыда негіздеу және оны оқу үдерісіне ендіру жолдары қарастырылған. Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге

тілдерді білгеніміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңістігіне еркін кірігіп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекелестікке қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісіне өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік болуы керек. Әсіресе, мамандар шет тілін оқытатын еліміздегі оқу орындарының білім беру жүйесінде қазақ тіліне ерекше басымдық беруін қадағалауы керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұлттық құндылығымызбен терең сусындайды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін ойлағандар аталған жобаны қолдай отырып, «қазақ тіліндегі ақпараттық кеңістікті кеңейтуге күш салу қажет» жалпы айтқанда, өз тіліміздің қадір-қасиетін түсініп, мәртебесін көтерейік, Қазақстан кеңістігіндегі үштілділік бұл заман талабы болып отыр. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс атқарсын, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілден аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылуы керек. Елбасының елімізде білім беру саласын дамыту туралы көтерген мәселелерді негізінен педагог мамандарға жаңа міндет ретінде жүктейді. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді, сондай-ақ білім негізі мектепте беріледі де, жоғары оқу орнында одан әрі мамандық бағытында қалана түседі. Расында, бұл тек жоғарыда айтқанымыз ағылшын тілі пән мамандарын дайындаудағы жұмыс, әрекет. Таяқтың да екі ұшы бар демекші, қазіргі уақытта қиындық туғызатыны — аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Себебі базаның және тиісті дайындықтың, арнайы әдіснамалардың жоқтығында. Ал, бізде алдымен түбегейлі шешім қабылдап, содан кейін «себеп ұстаздардың кәсіпсіздігі мен дарынсыздығында» деп оларды айыптауға үйреніп кеткен. Жалпы алғанда, білімді үш тілде беруге қарсы емеспін. Бірақ, менің ойымша, оны жаппай барлық мектептерде емес, алғаш лингвистикалық гимназиялар мен лицейлерде енгізу керек, өйткені онда оқушылардың бірнеше тілді меңгеруіне баса назар аударылады. [7] Іс-тәжірибеден өтуші мұғалімдердің көпшілігі негізінен ағылшын тілін білудің қажетті деңгейін өте қысқа мерзімде меңгере алмайды және ағылшын тілінде білікті оқыта алмайды. Бұл процесс ерікті түрде, біртіндеп өтуі тиіс. Әрине, шет тілін жарты жыл ішінде де үйренуге болады немесе оны бірнеше жыл бойы оқып та, тіпті базалық білім ала алмауы да мүмкін. Барлығы адамның қабілетіне және ниетіне, ынталандырулардың бар болуына байланысты. Тіл дегеніміз – тұтастай бір жүйе. Тіл үйренуші оның құрылысын, стилистикасын, дыбысталуын, грамматикасын білулері тиіс. Бірақ, өкінішке орай, көптеген мамандар олай санамайды. Олар тілді үйрену үшін грамматика қажет емес де ойлайтын сияқты. Тілдің грамматикасын, құрылысын білмеген бала емес, тіпті ересек адамның таза сауатты сөйлеуі мүмкін емес. Тіл, ең алдымен, тіл үйренушінің әр уақытта ең сүйікті ісіне өз күшін, ынта - ниетін бере алатын жағдайда ғана кәсіби мамандардың арқасында дамиды. [8] Тілді ғылыми, абстрактілі сипаттағы мәтіндерде емес, нақты классикалық әдебиеттің мысалдарында оқып үйрену өте маңызды әрі тиімді. Тілдік реформа жүйелілікті, нақтылықты, зор күш-жігерді, еңбекті, шыдамдылық пен уақытты және елеулі қаржылық шығындарды да талап ететінін өте жақсы түсінеміз. Әрине, М.Әуезов атамыздың нақты айтқанындай «қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар, ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, содан кейін тәртіп керек». Сондықтан, әуелі ана тілімізде баланың сөйлеу қабілетінен қалыптастырып, ойлау қабілетін жетілдіріп, негіздеп алып, әрі қарай шетел тілін үйретіп, дамытып жатсақ үштілділік мәселесі оңтайлы шешімін табады деп ойлаймын.

Қазіргі заман талабының бірі-жас ұрпақты көп тіл білуге баулу. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын

кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
 2. Н.Ә. Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” Жолдауы -14.12.2012 [1]
 3. ҚР Конституциясы
 4. Екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселері // Вестник КазНПУ им.Абая. – Алматы, 2016.- С. 10 -12
 5. Исабекова Г.Б. Кәсіби білім беру жағдайында көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру : Автореферат, Түркістан 2016 ж.
 6. Туребаева Ш.М. «Көп тілдік көп мәдениеттілік құндылықтарды қалыптастыру шарты ретінде» БҚМУ Хабаршысы №2 (66)- 2017, 137б.
 7. В. Бурмистрова «Особенности формирования поликультурной личности будущего специалиста в условиях глобальной информатизации» Автореферат/ диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук Республика Казахстан. Караганды, 2010
 8. Дереккөз <https://camonitor.kz/32916-mektepterde-sh-tldlk-oytua-kshu-totatylady-ma.html>
 9. Дереккөз: <https://astanatv.kz/kz/news/202/>
-

МАЗМУНЫ \ СОДЕРЖАНИЕ\CONTENTS

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

Сейдалиева Г.О. Бердалы А.А. Шетел тілінде пәндерді оқытудың жаңа бағдары ретінде CLIL әдісінің маңыздылығы	4
Zharymbetova R.N., Lomachenko N.L The importance of testing and evaluating the students' achievements.....	9
Kisikova B.D The use of technology of critical thinking in the development of the students.....	14
А.А.Айдарханова С.Е.Есенаман М.Б. Рахимова Improvement of the educational process on the lessons of foreign language by using modern technologies.....	21
Pirnazarova N.B «Teaching spoken grammar and aspects of spoken grammar»	27
Еркебаева Г.А ,Сейдалиева Г.О Студенттерді ағылшын тілін үйретуде CLIL технологиясының әдістері мен үлгілерін қолдану.....	32
Murtaza A. Sh , Zhanuzakova G. A Intercultural communication in teaching foreign languages in higher education.....	35

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА
МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД
INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION**

Рысбек Айпара Рысбекқызы Смағұлова Әйгерім Советханқызы Жапон тілінің сыпайылық формаларының ағылшын және қазақ тіліне аудару.....	45
---	-----------

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

Зайсанбаев Т.К., Макишева М.К. Карипбаева Г.А., Канленова Б.Н. Жазудағы үнемділік тіл табиғатын бұзбауы керек.....	51
Алиярова Л. М.Махажанова Л.М. Айсултанова К.А. Утегенова К.Ч. Понятие категории о неопределенной множественности в языке.....	57

Оспанғали Ж.Е. Реминисценцияның интертекстуалдылық элемент ретінде
функционалдық ерекшеліктері (У.Голдинг «Шыбындар әміршісі» романы негізінде) **62**

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ
LINGUA-CULTURAL LINGUISTICS**

Сахитжанова З. Атаметова Д. Антикалық және қазақ фольклорындағы ортақ сарындар.....	71
Сахитжанова З. Исмаилова Н. «Көрұғлы» – әлем фольклорына ортақ жыр.....	74
Г.С. Махарова Лингводидактика тіл оқыту мен үйренудің әдіснамалық негізі ретінде.....	79
Құрмаш С.С. Солтүстік Африка араб елдеріндегі “Араб көктемінен” кейінгі модернизация.....	87
Сахитжанова З. Сұлтанбаева Ж. «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқалары мен ағылшын басылымының ерекшеліктері.....	93
Сахитжанова З. Хасанова Д. Ағылшын және қазақ фольклорындағы алып образы.....	100
Лекерова И.М. «Ағылшын тілін үйретуде мәдениет пен тілдің өзара байланысы».....	104

**ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ
РОЛЬ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
THE ROLE OF COMPETENCY IN LEARNING LANGUAGES**

Мергенбай Акерке Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып аудитивті құзырқттілікті дамыту.....	108
Сейдалиева Г.О. Молдахметова Г.Е. «Формирование социокультурной компетенции студентов при обучении иностранному языку».....	113

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
MULTILINGUAL EDUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES**

Тельман Шахбазов Ейваз оглу Оптимизация педагогического воздействия на профессиональную подготовку слушателей.....119

Бекмұса А.М Ақпараттық мәдениет заманауи педагогтың кәсіби дайындығында..125
Қыдырбаева Г.Б. , Стамбекова А.С Көптілділік – зияткер тұлға қалыптастыру негізі133

**«ХАБАРШЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ
«КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФИЛОЛОГИЯСЫ» СЕРИЯСЫНДА
БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ**

ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

I. Қажетгі материалдар

1.1. Парақтардың төменгі орта жағы қарындашпен нөмірленген мақала көшірмесі мен оның электрондық нұсқасы.

1.2. Аңдатпа 200 сөзден және тірек сөздер 10-12 сөзден тұрады және олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс.

1.3. Мақаланың мазмұны: а) кіріспе бөлім; ә) талдау; б) тәжірибе (егер болса); в) қорытынды; г) әдебиеттер тізімі және түйін сөз (екі тілде: егер де мақала қазақ тілінен болса, түйін сөз (15 сөз) - орысша және ағылшынша, ал егер де орыс тілінде болса, түйін сөз (15 сөз) қазақша және ағылшынша болуы тиіс және т.б.) керек.

1.4. Автор (авторлар) жайында берілетін мәліметтер: аты-жөні толық, жұмыс орны (ұжым аты, жоғары оқу орнының толық аты және қысқартылған аты), атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс және үй телефоны, электронды поштасы.

II. Мақаланы безендіру ережесі

2.1. Мақала мәтіні терілуі: Word стандартты формат А4, Times New Roman, кегль №14, бір интервал арқылы, парақтың жоғарғы және төменгі бос өрістері-2,5см; оң жақтағы-1,5 см; сол жақтағы-3 см. болуы керек;

2.2. ӘОК - сол жақ жоғарғы бұрышта бас әріптермен (кегль №13);

2.3. Автордың (авторлардың) аты-жөні - жартылай қарайтылған кіші әріптермен ортада және келесі жолға жұмыс істейтін ұжым мен қала, мемлекет аты (кегль №13);

2.4. Мақала аты - бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен (кегль №13);

2.5. Аңдатпа және тірек сөздер – мақала жазылған тілде (кегль №12);

2.6. Мақала мәтіні - бір бос жолдан кейін (кегль №14);

2.7. Әдебиеттер тізімі (кегль №13);

2.8. Әдебиеттерге сілтемелер квадраттық жақшада беріледі, *мысалы*, [1], [2, 315б.], [4-7].

III. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдері және т.б.

Редакцияға түскен мақалаларға сала бойынша мамандардың пікірлері беріледі. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Әр автор өз мақаласының мазмұнына, грамматикалық, стилистикалық және орфографиялық жіберілген қателеріне жауапты.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 25, Абай атындағы ҚазҰПУ, жұмыс телефоны - 8(727) -2 91-40-87, эл.пошта:saule.vessenaman@mail.ru

Редакция алқасы

ТРЕБОВАНИЯ
К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ В ЖУРНАЛЕ «ХАБАРШЫ/ВЕСТНИК»,
серия: ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

I. Необходимые материалы

- 1.1. Статья в распечатанном и электронном варианте: нумерация страниц внизу по центру.
- 1.2. Аннотация (200 слов) и ключевые слова (10-12 слов) на трех языках (на казахском, русском и английском).
- 1.3. Содержание статьи: а) введение, б) анализ, в) практическая часть (если есть), г) заключение, д) список литературы, е) резюме из 15 слов: если статья на казахском языке – резюме на русском и английском языках, если на русском языке – на казахском и английском.
- 1.4. Сведения об авторе (соавторе): Ф.И.О. полностью, место работы (название организации, вуза полное и сокращенное название), должность, учёная степень, звание, контактный телефон, e-mail.

II. Оформление статьи.

- 2.1. Набор текста статьи: Word стандартного формата А4, Times New Roman, кегль №14, через 1 интервал, поля: верхнее, нижнее – 2,5 см, правое – 1,5см, левое – 3см;
- 2.3. УДК - в левом верхнем углу прописными буквами (кегель №13);
- 2.4. Фамилия, инициалы автора (соавтора) - по центру полужирным строчным шрифтом, (кегель №13), следующая строка - место работы, город, страна;
- 2.5. Название статьи - через интервал полужирным прописным шрифтом (кегель №13);
- 2.6. Аннотация и ключевые слова - на языке оригинала (кегель №12);
- 2.7. Текст статьи - через интервал (кегель №14);
- 2.8.Список литературы (кегель №13);
- 2.9. Ссылки в тексте на литературу даются в квадратных скобках, *например*, [1], [2, с. 315],[4-7].

III. Язык издания статьи – казахский, русский, английский, китайский и др.

Поступившие в редакцию статьи рецензируются ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. Статья, на основании редактирования, может быть возвращена для ее корректирования и доработки. Статьи, не соответствующие требованиям, возвращаются. Каждый автор несет ответственность за содержание, грамматические, стилистические и орфографические ошибки.

Адрес: г. Алматы, ул. Жамбыла, 25, КазНПУ им. Абая контактный телефон- **8(727) -2 91-40-87**,
электронный адрес: saule.yessenaman@mail.ru

Редакционный совет

**REQUIREMENTS
TO THE ARTICLES IN THE JOURNAL "KHABARSHY/VESTNIK"
SERIES: MULTILINGUAL EDUCATION AND FOREIGN LANGUAGES**

I. Required materials.

- 1.1. An article in the printed and electronic version: page numbers at the bottom center.
- 1.2. Abstract (200 words) and key words (10-12 words) in the original language.
- 1.3. Article content: a) introduction b) analysis c) the practical part (if there is one), d) conclusion, e) references, e) summary/resume consists of 15 words (article in the Kazakh language: a summary in Russian and English languages, in Russian: in Kazakh and English).
- 1.4. About the author (co-author): full name, work place (name of organization, full and abbreviated name of the university), position, academic degree and title, telephone number, e-mail.

II. Designing articles.

- 2.1. Typesetting articles: Word standard A4, Times New Roman, type size 14, 1 interval, margins: top, bottom - 2.5 cm, right - 1,5 cm, left - 3 cm;
- 2.2. UDC - at the top left corner in capital letters (type size 13);
- 2.3. Author's name and initials (co-author) - centered in bold lower case letters (type size 13), the following line - work place, city, country;
- 2.4. Title of the article - in the interval in bold uppercase letters (type size 13);
- 2.5. Abstract and keywords – in the original language (type size 12);
- 2.6. Text of the article – a line after, (type size 14);
- 2.7. References (type size 13);
- 2.8. References cited in the text are given in square brackets, for example [1], [2, p .315], [4-7].

III. Publishing language of articles - Kazakh, Russian, English, Chinese, etc.

Submitted articles are reviewed by leading experts and scholars on the definite spheres. The article based on the editing can be returned to its correction and refinement. Articles that do not meet the requirement will be returned. The author of an article is responsible for the content, grammatical, stylistic and orthographic errors.

Address: 25 Jambyl Str. Abai KazNPU, AlmatyTel: **8 (727) -2 91-40-87**, e-mail: [**saule.yessenaman@mail.ru**](mailto:saule.yessenaman@mail.ru)

Editorial Board

**Келесі басылымның негізгі бөлімдері/Рубрики следующего выпуска/
Rubrics of the next issue:**

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА
МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД
INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION**

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ
LINGUA-CULTURAL LINGUISTICS**

**ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ
РОЛЬ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
THE ROLE OF COMPETENCY IN LEARNING LANGUAGES**

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
MULTILINGUAL EDUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES**

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы
Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»
Series «Multilingual Education and Philology of Foreign Languages»

№4(28) 2019

Басуға 14.12.2017. Пішімі 60X84 1/8.
Қаріп түрі «Тип Таймс» Сықтыққа қағазы.
Көлемі 14,25. Таралымы 300 дана. Тапсырыс №84

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды